



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
 ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ  
 ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ  
 ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

2004 жылдан бастап  
 әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор  
**Ерлан ҚАРИН**,  
 ҚР Президенті жанындағы  
 ҚСЗИ директоры

Жауапты редактор  
**Үлес НЫСАНБЕК**

Шығаруға жауапты:  
 А. Арзықұлов  
 Г. Сейтахметова

Редакция мекен-жайы:  
 Қазақстан Республикасы,  
 010000, Астана қаласы,  
 Бейбітшілік көшесі, 4  
 ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20  
 Факс (7172) 75-20-21  
 E-mail: office@kisi.kz  
 www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының  
 Мәдениет, ақпарат және қоғамдық  
 келісім министрлігінде 2003 ж.  
 19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы  
 № 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды  
 көшіріп басқан, микрофильмдеген  
 жағдайда журналға сілтеме жасалынуы  
 міндетті. Жарияланған мақала  
 авторларының пікірі редакция  
 көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

ЖК «Волкова Е.В.» баспаханасында  
 басылып шығарылды.  
 050010, Алматы қ., Райымбек даң., 212/1.

Таралымы 500 дана.

**ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ  
 ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН**

**Алмас Арзықұлов**  
 XXI ғасырдың Қазақстаны ..... 5

**СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ  
 ҚАУІПСІЗДІК**

**Лазат Нұрсұлтанова**  
 Қазақ-британ серіктестігі ..... 9

**ІШКІ САЯСАТ**

**Әсел Төлемісова**  
 Бұқаралық ақпарат құралдарының  
 қоғамдық-саяси орны ..... 20

**Мұхтарбек Шайкемелев,  
 Ермек Тоқтаров**  
 Блоггинг саяси  
 белсенділіктің түрі ретінде ..... 26

**ЭКОНОМИКА**

**Мадина Махмұтова**  
 Маркетинг және агро-өндірістік кешен ..... 38

**Евгений Хон**  
 Қазақстанның көліктік-транзиттік  
 елеуетін дамыту экономикалық  
 қауіпсіздіктің маңызды факторы ..... 45

**ҚОҒАМ, ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ**

**Толқын Әуелғазина**  
 С.Сәдуақасұлының қоғамдық қызметі ..... 53



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ  
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

**Құралай Қожаханова**

Ұлы отан соғысы жылдарындағы ауылдың жағдайы (Экспедиция материалдарынан) ..... 67

**Дария Асымова**

Алматы қаласы тұрғындары: XX ғ. 20-30 ж.ж. елеуметтік-демографиялық сипаты ..... 80

**Халида Нұрсейітова**

Дискурстың институционалды түріндегі гендерлік компетенттілік ..... 101

**Мұғазима Досымова**

Қазақстандағы этнотілдік үрдістердің тарихи зерттелуі..... 108

**Түйіндеме** ..... 116

---

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

- Ерлан Қарин – редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, саяси ғылымдарының кандидаты
- Үлес НЫСАНБЕК – жауапты редактор, ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
- Рахман АЛШАНОВ – «Тұран» білім корпорациясының президенті, ҚР жоғарғы оқу орындары қауымдастығының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор
- Мәулен ӘШІМБАЕВ – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы, саяси ғылымдарының кандидаты
- Камал БҰРХАНОВ – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор
- Санат КӨШКІМБАЕВ – ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары, саяси ғылымдарының докторы
- Бағлан МАЙЛЫБАЕВ – ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, заң ғылымдарының докторы
- Ләйлә МҰЗАПАРОВА – ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
- Марат ШАЙХУТДИНОВ – Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Хатшының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы, профессор
- Зарема ШӘУКЕНОВА – ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті

## РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Ерлан КАРИН – председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, кандидат политических наук
- Улес НЫСАНБЕК – ответственный редактор, заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
- Рахман АЛШАНОВ – президент образовательной корпорации «Туран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор
- Маулен АШИМБАЕВ – депутат Мажилиса Парламента РК, председатель Комитета по международным делам, обороне и безопасности, кандидат политических наук
- Камал БУРХАНОВ – депутат Мажилиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор
- Санат КУШКУМБАЕВ – заместитель директора КИСИ при Президенте РК, доктор политических наук
- Баглан МАЙЛЫБАЕВ – заместитель Руководителя Администрации Президента РК, доктор юридических наук
- Лейла МУЗАПАРОВА – первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
- Марат ШАЙХУТДИНОВ – заместитель Секретаря Совета Безопасности Республики Казахстан, доктор исторических наук, профессор
- Зарема ШАУКЕНОВА – директор Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК

# XXI ғасырдың Қазақстаны

**Алмас АРЗЫҚҰЛОВ,**  
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ-дың  
бөлім меңгерушісі

**К**азақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауы соңғы жылдары еліміздің дамуының стратегиялық бағдарламалық құжаты ретінде, бүкіл ел болып күтетін, тек мемлекеттік органдар ғана емес, сонымен қатар азаматтардың көптеген салалар бойынша өз қызметі мен жұмысын, жалпы алдағы мерзімге өз әрекетін ұйымдастыру мен жоспарлауға қажетті нұсқаулық құжатқа айналды.

Қазақстан Республикасының тұрақты және өркениетті дамуына серпін берген Елбасының 1997 жылы қабылданған «Қазақстан-2030» стратегиялық даму бағдарламасынан кейінгі биылғы 18-ші Жолдауының да маңызы өте ерекше. Жалпы алып қарағанда Елбасы өзінің «алдымен – экономика, сосын – саясат» деген ұстанымына сәйкес әр жылдардағы жолдауларында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуына, оның азаматтарының әл-ауқатына, жалпы еліміздің әлемдік экономикалық қауымдастықтағы орнын тауып, айқындауы мәселесіне ден қойып келеді. Биылғы жылғы Жолдау да осы мәселелерге арналды, тек Елбасы өз сөзін патриоттық мазмұндағы жолдардан бастады: «XXI ғасырдың Қазақстаны – талантты, еңбекқор, толерантты халықтың небәрі екі онжылдықта «нөлден» бастап құрған елі. Бұл – біздің бәріміз мақтан тұтатын ортақ жемісіміз! Бұл – біздің шексіз сүйетін ұлы туындымыз!», деп өткен уақыт аралығындағы жетістіктерге баға берсе, жылсайынғы бағдарламалық құжаттардың қажеттілігіне қатысты былай деп мәлімдеді: «Біз қазақстандықтардың ел болашағының тұтқасын нық ұстауы үшін «Қазақстан-2050» Стратегиясын қабылдадық. Бүгінде көптеген табысты елдер – Қытай, Малайзия, Түркия ұзақмерзімді жоспар бойынша жұмыс істеуде. XXI ғасырда стратегиялық

жоспарлау ең өзекті қағида болып саналады. Егер ел өз бағыты мен баратын айлағын білмесе, ешқандай жел оңынан соқпайды. 2050 Стратегиясы айқын шамшырақ секілді басты мақсатымыздан көз жазбай, азаматтарымыздың күнделікті тіршілігінің мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Бұл біздің 30-50 жылда емес, жыл сайын халық тұрмысын жақсартатынымызды білдіреді».

Елбасы өзінің «Қазақстан–2050» Стратегиясы: қалыптасқан елдің жаңа саяси бағыты атты жолдауында еліміздің жарқын болашағына қатысты ұстанымдарын білдірген еді. Жолдауда 2050-жылға дейінгі стратегиялық бағыттар айқындалса, енді осы стратегияның жүзеге асырылу тетіктері көрсетілді. Мысалы, айтылған мерзімге дейін жеті бесжылдық болса, осы әрбір бесжылдықта жаңа инновациялық идеялар іске асатын болады. Жолдауда Елбасымыз Үкіметке 2014 жылдан бастап еліміздің әлемнің дамыған 30 елі қатарына енуінің негізгі 15 бағыты бойынша нақты тапсырмалар жүктеді.

«Стратегия – күннен күнге, жылдан жылға елімізді, қазақстандықтардың өмірін жарқын ете түсетін нақты практикалық істер бағдарламасы. Бірақ нарықтық жағдайда аспаннан нәпақа күтпей, тиімді еңбектену керектігін әркім-ақ түсінуі тиіс. Мемлекеттің міндеті – осыған барлық жағдайды жасау. Мен әлемнің озық елдері арасындағы Отанымыздың лайықты Болашағы ғана қазақстандықтарды мәңгілікке біріктіретініне сенімдімін.

Бүгін мен дамыған 30 елдің қатарына кіру жоспарымызды ұсынғым келеді. Менің тапсырмам бойынша Үкімет нақты тұжырымдама жобасын жасады. Осы Жолдаудағы менің тапсырмаларым ескеріле отырып жөнделгеннен кейін түпкілікті бекітілетін бұл құжатты жалпы алғанда қолдадым. Көптеген болжамдар бойынша, алдағы 15-17 жыл Қазақстанның ауқымды серпілісі үшін «мүмкіндіктер көзі» болмақ. Бұл кезеңде сыртқы ортаның қолайлылығы, ресурстарға, энергияға және азық-түлікке сұраныстың артуы, Үшінші индустриялық төңкерістің пісіп-жетілуі сақталады. Біз бұл кезеңді пайдалана білуге тиіспіз. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жиырма үш жылдың ішінде экономикасы қарқынды дамыған, рухани дүниесі берік орныққан, саяси бағдары айқындалған, өркениеттік демократиялық жолмен дамып келе жатқан жасампаз мемлекеттің іргесін қалады.

Бүгінгі күні елімізде инновациялық жобаларды дамыту, жүзеге асыру – өзекті мәселеге айналды. Осыған байланысты баламалы энергия көздерін пайдалану, оны өмірге енгізу жұмыстары нақты

қолға алынууда. Жолдауда елімізде мобильді және мультимедиялық, нано және космостық технологиялар, роботтық техника саласын, гендік инженерияны дамыту, болашақтың энергиясын жасау міндеті өмірлік маңызы зор міндет ретінде ерекше атап өтілді.

Мұндай күш-қуатымыздың салмақтылығы бізге бәсекелестік артықшылық мүмкіндігін бере отырып, елімізді жаһандық экономикаға еркін кірігуге жағдай жасайтын болады.

Биылғы Жолдауда белгіленген басым бағыттар мен міндеттерді жүзеге асыру, еліміздің баянды болашағы жолында аянбай бірлесе еңбек ету, еңбектің берекелі зейнетін көру бүгінгі күні әрбір қазақстандық азаматтың қасиетті парызы болып қала бермек.

Елбасымыздың «Қазақстандық жол-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауынан қоғамдық дамудың экономикалық, әлеуметтік, рухани байланысының негізі көрініп тұрғандай. Осыған қатысты жолдаудың басты ерекшелгі ретінде ұлттық идея, ел болашағы туралы сөздің айтылуы болды. Біз кіміз, қайда барамыз? Біз – қазақ еліміз, Қазақстан халқын мәңгі ел идеясына, қазақ тілінің айналасына топтастыруымыз керек.

Болашақтың ертеңі күні қалай болады? Елің аман, жерің бүгін болу үшін не істеу керек? Жұмыр әлемді осындай сауал билеген тұста Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев біздің еліміздің болашағын дәл көрсетіп берді. Оған Жолдаудағы «Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосылудағы ұмтылысымызды екі кезең арқылы жүзеге асыру қажет. I кезең 2030 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Онда XXI ғасыр «мүмкіндіктер көзін» пайдаланып жаңғырту серпілісін жасау керек» деген сөздер дәлел. Өркениет көшіне аршынды қадаммен алға басқан елімізде «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауалға Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің кешегі күнгі халыққа жолдаған Жолдауын жариялаған кезде толымды жауап берді. Ол – Мәңгілік ел идеясы. Болашағымыздың бағдары, мәңгілік мұраттарымыздың, мақсаттарымыздың түйіскен нүктесі. Яғни, ұлтты ұйыстырып, армандарды ақиқатқа айналдыратын тірек. «Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі, оны ұстап тұру әлдеқайда қиын» деп атап көрсетті өз Жолдауында Елбасы. Президент «Мәңгілік ел» идеясын айтып қана қоймай, сонымен бірге «Мәңгілік ел» болудың 7 басымдығын атап көрсетті. Бұл жасампаз идея біздің ортақ тағдырмен, жалпықазақстандық шаңырақтың ұлттық идеясы аясында ел болашағының іргетасы мен барша қазақстандықтарды біріктіретін басты құндылық екендігі ақиқатқа айналған шындық.

Тәуелсіз ел болып, ата-бабалар арманы ақиқатқа айналған тұста бізге алауыздықтың құрбаны болып, жер бетінен жойылып кеткен ұлттардың басынан өткен тағдыры сабақ болуы тиіс. Туған тілімізге қатысты мәселе де жылдар бойы айтылып келеді. Осы жолы Президенттің «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Қазақ тілін даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн» деген сөзі қазақ тілінің мерейін үстем ете түседі деп ойлаймын.

Жолдауда жария етілген идеологиялық ұстанымға қатысты айта келіп, Президент бұл тапсырманы нақты түрде орындалуына қатысты тапсырма да беріп өтті. «Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда жатыр. Президент Әкімшілігіне, Үкіметке, Қазақстан халқы Ассамблеясына «Қазақстан-2050» жалпыұлттық қозғалысымен бірлесіп, «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін әзірлеп, қабылдауды ұйымдастыруды тапсырамын.

Біз өз халқымыздың игілігі жолында ұлы мақсаттарды алға қоямыз, сондықтан мен барлық саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді, барша қазақстандықтарды 2050 Стратегиясының басты мақсатына жету жөніндегі жұмысқа белсене қатысуға шақырамын!

Кешегі Алаш қайраткерлерінің бірі М. Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» деген ұранына сәйкес Елбасы да бұл істелініп жатқан жұмыстардың барлығы жастар үшін екенін және де оны жүзеге асырып, қызығын көретін де келешек ұрпақ екендігін тағы бір атап өтті.

Әсіресе, жастарымызға мынаны айтамын. Бұл Стратегия сіздерге арналған.

Оны жүзеге асыратын да, жемісін көретін де сіздер. Өз жұмыс орындарыңызда отырып, осы жұмысқа әрқайсысыңыз атсалысыңыздар. Немқұрайлылық танытпаңыздар.

Елдің болашағын барша халықпен бірге жасаңыздар!



# Қазақстан-британ серіктестігі

**Лазат НҰРСҰЛТАНОВА,**  
Л.Гумилев атындағы Еуразия улттық  
университетінің профессоры,  
тарих ғылымдарының докторы

**Қ**азақстан – британ дипломатиялық қарым-қатынастары 1992 жылдың 19 қаңтарынан бастау алады. XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында республикадағы саяси және экономикалық жағдайға барлау жасау мақсатында Қазақстанға М. Тэтчер, Д. Бейкер секілді ағылшын саяси қайраткерлері келіп кеткен болатын. Ол кезеңде Батыс елдері Қазақстанға халықаралық қатынастардың жаңа субъектісі және орталықазия аймағы бойынша серіктес болатындай мемлекет ретінде қарастыра бастаған еді.

Ұлыбританияның Елшісі Р.Брейтвейт Қазақстанның өз тәуелсіздігін жариялағанын қолдайтынын, ал 1991 жылдың қыркүйегіндегі Н. Назарбаевтың Англияға жасаған сапарының тарихи маңызы бар екендігін, өйткені осы кезеңнен бастап қазақ-британ байланыстарында үлкен қадам жасалынғадығына тоқталып өткен еді. Ағылшын Елшісінің Қазақстанға қатысты мәселелер арасындағы ең маңыздысы республика территориясында орналасқан ядролық қару-жараққа қатысты ел басшылығының ұстанған көзқарасы болатын.

Қазақстан 1993 – 1995 жж. аралығында Ресей, АҚШ, Ұлыбритания және Қытай тарапынан елімізді ядролық қауіптер мен әскери мазмұндағы қатерлерден қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты кепілдерін алды, осы кезеңнен бастап республикамыз ұжымдық қауіпсіздік принциптеріне негізделген қарым-қатынастың әлемдік жүйесіне қосылды.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында екіжақты қатынастардың құқықтық-нормативтік негізі қалыптаса бастады.

Мысалы, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Біріккен Ұлыбритания Корольдігі мен Солтүстік Ирландия Үкіметтері арасында салықтың екі рет салынуын болдырмау және мүлік құнының өсуі және кіріс салығынан жалтарудың алдын алуға қатысты конвенцияға (1996); Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Біріккен Ұлыбритания Корольдігі мен Солтүстік Ирландия Үкіметтері арасындағы әуе байланысы туралы (1994); Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Біріккен Ұлыбритания Корольдігі мен Солтүстік Ирландия Үкіметтері арасындағы инвестицияны қолдау және қорғау туралы конвенцияға қол қойылды (1995); Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Біріккен Ұлыбритания Корольдігі мен Солтүстік Ирландия Үкіметтері арасында салықтың екі рет салынуын болдырмау және мүлік құнының өсуі және кіріс салығынан жалтарудың алдын алуға қатысты конвенцияға өзгертулер енгізу хаттамасы (1997); Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрілігі мен Біріккен Ұлыбритания Корольдігі мен Солтүстік Ирландияның Қорғаныс Министрліктері арасындағы қорғаныс саласындағы ынтымақтастыққа қатысты өзара түсіністік меморандумы жасалынды (2000).

Сонымен қатар 90-шы жылдарда екі жақты тікелей қарым-қатынас та жиілей бастады: 1994 жыл шілдеде «Қазақстан-Ұлыбритания: ынтымақтастық және дамудың перспективалары» атты конференция өтті; 1995 жылы 6 шілдеде қазақстан-британ сауда-өндірістік кеңесінің екінші отырысы өтті, 1995 жылы қарашада инвестицияларды қолдау және өзара қорғау туралы келісімге қол қойылды; 1996 жылы 6-7 шілдеде Лондон қаласында «Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері» атты халықаралық конференция және көрме өткізілген.

1994 жылдың 20-22 наурызы аралығында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ұлыбританияға іс-сапары болды. Сапар барысында үкіметтік деңгейдегі 7 келісімге қол қойылды, олардың арасында: Экономикалық ынтымақтастық туралы біріккен декларация, Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім, ҚР БҒМ мен Биллербис Колледжі арасындағы ынтымақтастық туралы бас келісім, ол бойынша ағылшын тарапы қазақстандық 20 степендиантты 20 беделді жоғарғы оқу орнына қабылдауды мойнына алды, сонымен бірге көлік, байланыс және металлургия саласын дамыту мәселелері де қарастырылды.

Британ бағыты Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының негізгі бағыттарының бірі саналады. Н. Ә. Назарбаевтың 2000 жылдың қарашасындағы Біріккен корольдікке сапары барысында екі мемлекетке де стратегиялық маңызды саналатын келісімдер нақтыланды. Екі елдің Үкіметтері, министрліктері, департаменттері арасындағы байланыстар қалыптастырылды.

2004 жылдың наурызында ҚР Парламенті делегациясының Ұлыбританияға сапары өтіп, оның барысында мұнай-газ, мәдени-ағартулық және ғылыми-техникалық салалардағы екіжақты байланыстарды тереңдету мүмкіндіктері талқыланды.

Осы жылдың қазан айында біздің елге британ парламентарийлерінің жауапты іс сапары орын алып, кездесу барысында өзара әрекеттестікті бұдан ары жалғастырудың негізгі басым бағыттары қарастырылды. Сонымен қатар басқарма аралық деңгейдегі ынтымақтастық та қарқын ала бастады. Бұған дейін, яғни 2003 жылдың қаңтар айында қорғаныс министрі М. Алтынбаевтың Ұлыбританияға іс-сапары барысында ағылшын қорғаныс министрі Дж. Хун және мемлекеттік сыртқы істер министрі М. О'Брайенмен кездесулер өткен болатын [1].

Біздің елге Ұлыбританияның жоғары лауазымдық шенеуніктері, оның ішінде Эндрю ханзада – Йорк герцогі, сыртқы істер министрі Дж.Стро, лорд У. Эверли бастаған парламент делегациясы және басқа да лауазымды тұлғалар сапармен келген болатын.

Мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастар тарихының маңызды кезеңі ретінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2006 жылғы Ұлыбританияға жасаған ресми сапары болды және осы сапар барысындағы королева Елизавета II және премьер министр Тони Блэрмен кездесті. Ресми Астана бұл жолы Лондонмен өзара ынтымақтастықтың тиімді бағытын қалыптастырып, алдағы уақытта Ұлыбританиямен қалыпты және тұрақты байланыстарды қамтамасыз ететін қатынастар орнатты. Мұндай қарым-қатынастардың қалыптасуының негізгі фактісі ретінде екі елдің саяси, экономикалық және гуманитарлық салалар бойынша ұзақ мерзімдік өзара тиімді мүдделерді айқындауы болатын.

Елбасының сапары барысында сонымен қатар аса қауіпті қылмыстармен күрес жөніндегі мерорандум және автокөлік тасымалы туралы келесімге қол қойылды. Екі елдің антитеррористік және

бітімгершілік операцияларға қатысты өзара тиімді әрекеттестігінің мысалы ретінде елімізде ұдайы түрде өткізіліп тұратын «Дала қыраны» бітімгершілік оқу-жаттығуларын алуға болады. Лондон мен Астана Ауған жеріндегі жағдайдың реттелуіне қатысты қолдау көрсетіп, осыған қатысты халықаралық қауымдастықтың шараларына белсенді қатысып келеді.

Н. Назарбаев Т. Блэрмен кездесу барысында ағылшын премьер министрі екіжақты қарым-қатынастарды бұдан ары дамыту барысында экономикалық ынтымақтастық мәселелеріне баса көңіл бөлу қажеттігіне тоқталды және де бірқатар қазақстандық компаниялардың Лондон биржасына қосылуын қолдады [2, 450].

Тағы бір айта кетерлігі, Елбасы 2006 жылы сонымен қатар Ресей, АҚШ, Қытай, Өзбекстан және басқа да елдерге сапар жасаған болатын. Еуропа мен Азия аймағының жетекші мемлекеттермен ынтымақтастық жаңа мәнге ие болған еді. Қазақстан аталынған мемлекеттерден басқа да елдермен қатынастар орнатқан, әсіресе мұсылман елдерімен байланыс жанданып келеді.

Ұлыбритания 1993-2003 жж. қортындысына сәйкес Қазақстан экономикасына салынған тікелей шетел инвестициясы бойынша екінші орында тұрды (3,65 млрд доллардан артық), бұл сол кездегі ҚР салынған ТШИ жалпы көлемінің 13,8 % құрайтын еді.

2004 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша Республикамызда 212 британ капиталының қатысуымен құрылған бірлескен мекеме болды, оның 80 бірлескен, ал 132 өкілдіктер болатын.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен елдегі жетекші банктер Ағылшын банкімен, Ұлттық Вестминистрлік банкімен және басқа да ірі банктермен корреспонденттік тікелей қарым-қатынастар орнатқан. Ұлыбританияда алғашқы қазақ валютасы – теңгенің бірінші бөлігі басылып шығарылған.

2004 жылдың 29-30 шілдесі күндері Лондонда «Қазақстанның мұнай мен газы» атты 4 халықаралық конференция өтіп, оның негізгі тақырыптары ретінде Каспий теңізінің қазақстандық секторын игеру бағдарламасын жүзеге асыру және оның Индустриалды-инновациялық даму стратегиясына үйлестірілуі секілді мәселелер болды. Сонымен қатар аймақтық ынтымақтастық та даму үстінде: Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары әкімшіліктері мен Абердин мэрі арасында 2003 жылдың қазанында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылған болатын. Шымкент

пен Стивенэйдж, Қостанай мен кирклис қалалары өзара тамырлас-қалалар атанды.

Өзара ынтымақтастықтың маңызды салаларының бірі энергетика саласы. Қазақстан өз тарапынан отандық мұнай-газ секторындағы британ капиталының артуына мүдделі.

Өткен соңғы жиырма жыл ішінде Ұлыбритания отандық нарықта бес жүзден астам компаниясы бар ірі шетелдік инвесторлар қатарына енді, ол қазақстанға салынған жалпы шетелдік капитал көлемінің жеті пайызына ие болып отыр [3].

Сауда-экономикалық бағыт бойынша Қазақстан-британ сауда-өндірістік кеңесінің, Қазақ-британ сауда-өнеркәсіптік палатасы және Заңгерлердің британ-қазақ қауымдастығының жұмысы жанданып келеді.

Коммуникация саласындағы байланыстар барынша қарқынды дамып отыр. Мысалы, Қазақстанда британдық BAE-Systems мекемесімен бірлесіп жұмыс жасайтын «Эйр-Астана» ұлттық әуе тасымалдаушысы жемісті қызмет атқаруда.

Аталынған жиырма жыл мерзімде екі ел арасында отыздан астам екіжақты келісімдерге қол қойылған. Екі ел халқының мүддесі үшін жұмыс жасайтын ұзақ мерзімдік мемлекетаралық серіктестікті дамытуға бағытталған ынтымақтастықтың сенімді іргетасы қалыптастырылған.

Қазақстан мен Ұлыбритания геологиялық барлау саласы бойынша да өзара келісімге қол қойған. Астанада отандық «Қазгеология» ұлттық компаниясы мен британдық «Рио Тинто» тау-кен компаниясы өзара бірлескен кәсіпорнын құру туралы келісімге келді.

Олар Балқаш-Сарышаған және Қорған-Тас кен орындарында барлау жұмыстарымен айналасады. Жоба геологиялық саланың инновациялық дамуға бағыт алуын танытады. Қаржыландыруды «Рио Тинто» компаниясы өз мойнына алып, жаңа технологиялар тарту мен отандық мамандарды оқытуға міндеттелген. Бағдарлама бойынша жер қойнауының терең қабаттарын зерттеу міндеті қойылған.

Каспий теңізінің өте ауқымды энергетикалық ресурстары Қазақстанды Ұлыбритания тарапынан мұнай-газ кен орындарын игеруге қатысты тауарлар мен қызметтер және де осыған қатысты инфрақұрылымды дамыту бойынша болашағы жарқын нарық ретінде тануына ықпал етіп отыр. Қазіргі таңда отанымыздың мұнай-

газ саласында 150 астам британдық және бірлескен өнеркісіптер бар, олардың арасында танымал BG, Shell және BP компанияларын атауға болады. Осыған қарамастан аталынған секторға деген қызығушылық күн санап артып келеді.

Сонымен қатар екі ел арасындағы өзара серіктестік осы саламен ғана шектеліп қалмайды. Қазақстанның өз экономикасын әртараптандыруға деген ауқымды жоспарларын есепке ала отырып, Ұлыбритания бұл шараны жүзеге асыруға өз көмегін беруге дайын. Мысалы, BAE Systems өз тарапынан Air Astana компаниясын құруға қолғабыс тигізді. 2006 жылы әуекомпания жаңа Airbus-320 әуе лайнерін сатып алса, одан кейінгі жылдары тағы да осындай төрт әуе ұшағы алынды.

Британ компанияларының тағы да белсенді жұмыс атқарып жатқан салалары ретінде алтын және түсті металдар өндіру саласын айтамыз. Hambledon Mining компаниясы Шығыс Қазақстан жеріндегі «Секисовка» алтын кен орнында өндіріспен айналысып отыр.

Pilkington Glass компаниясы мен Қазақстанның инвестициялық қоры арасында Қызылорда облысында шыны зауытын салу туралы келісімге қол қойылған. Аталынған жобаның нәтижелі орындалуы Қазақстанның осы өнім бойынша әлемдік экспортерлер қатарына енуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар бірқатар бірлескен компаниялар қаржы, заң және ағарту салаларында жұмыс жасауда.

Екі ел арасындағы сауда айналымының көлемі 2005 жылы 750 млн. АҚШ долларын құраған, бұл өткен жылмен салыстырғанда 44% жоғары. 2006 жылғы мәлімет бойынша Ұлыбритания инвесторлар ішінде үшінші орында тұрды, бұл жалпы Қазақстан экономикасына салынған барлық тікелей шетелдік инвестициялардың 11%, яғни шамамен 5 млрд доллар болады.

Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдарынан бастап осы кезеңге дейін оның инвестициялық ахуалын жақсартуға және іскерлік ынтымақтастығын арттыруға бағытталған көптеген келісім шарттарға қол қойылды [4].

Білім беру саласындағы ынтымақтастық бойынша Астана және Алматы қалаларында ағылшындық Хейлибери жеке мектебінің бөлімшелері ашылды. Жыл сайын алты жүзден астам қазақстандық студенттер Ұлыбританияға білім алуға аттанады, олардың тең жартысынан көбі «Болашақ» бағдарламасы негізінде білім алатындар. Ұлыбританияның Кембридж және Оксфорд секілді

танымал университеттерімен арадағы байланыс ынтымақтастықтың маңызды бағыттары саналады.

Ұлыбританияның ҚР Елшілігі жылсайын Корольдіктің Сыртқы істер министрлігі тарапынан қаржыландырылатын «Chevening» ағарту бағдарламасына степендианттар таңдап алу шарасын өткізеді. Британ университеттері түлектері арасындағы байланысты сақтау мақсатында еліміздің Ұлыбританиядағы елшілігі Британ түлектері клубын құрған болатын, қазіргі таңда аталынған клуб мүшелігінде 500 астам адам тіркелген. Екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықты дамытуға үлкен үлес қосып келе жатқан құрылымдардың бірі – Қазақстан-британ техникалық университеті, аталынған оқу орнын құру туралы келісімге 2000 жылы Британия премьер-министрі Тони Блэр мен ҚР президенті Н. Назарбаев қол қойған болатын. Бұл жоба негізінде ынтымақтастықтың екі бағыты: энергетика және ағарту саласы жүзеге асырылған.

ҚБТУ магистрлік білім беру бағдарламасын жүзеге асыру барысында британдық жетекші төрт оқу орнымен серіктестік келісіміне қол қойған, және де Лондон экономика мектебі жанынан екі бағдарлама ашып, оны бітірген түлектерге британдық бакалавр атағы берілуіне қол жеткізді. Сонымен қатар ҚБТУ-ға басқа да британдық ірі компаниялар қолдау көрсетіп тұрады.

2011 жылдың қарашасында «Қазатомпром ҰАК» АҚ мен Қазақстандық мұнай және газ институты британдық Кавендиш зертханасымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойып, Кембриджде қазақстандық ғылыми-ағарту орталығын ашты.

2008 жылы 40 астам бірікке кәсіпорындар тіркелген, олардың ішінде БК «Ақсай», БК «Фараб», ҮЕМ «Жезқазғанцветмет», ПО «Балхашмедь», Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты, Ақтөбе хром қоспалары заводы, Қарағанды металлургия комбинаты және т.б. бар [5, 110].

Ал мәдениет пен өнер саласына келер болсақ, британдық көрермендерді негізінен Вальдемар Жунушектің заманауи Қазақстан туралы түсірген деректі фильмі қатты қызықтырды. Сонымен қатар Қазақстанның бірқатар қалаларында «Сикырлы қарындаш» атты британдық балалар кітаптарының суретші-иллюстраторларының жұмыстарының көрмелері өтті.

2012 жылдың 18 қазанында Лондонда Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ұлыбританиядағы ҚР Елшілігінің

қолдауымен Қазақстан-Британ Сауда-Өнеркәсіптік Палатасының ұйымдастыруымен үшінші Қазақстандық Бизнес-Форум өтті. Бұл өткізіліп отырған үшінші ҚБФ іскер адамдар арасындағы өзара сенімділік ортаны қалыптастыру, корпоративтік қатынастарды бұдан ары дамыту, Қазақстанға жаңа инвестициялардың қажеттілігіне деген сенімді ынталандыру, және де Қазақстандағы негізгі бизнес-идеялармен таныстыруға бағытталды.

Форумда негізінен екіжақты қатынастарды дамытуға қолдау көрсету, Республикадағы инвестициялық ахуалды зерттеу, Қазақстанның еуропалық кеңістікке интеграциясын жалғастыру, сонымен қатар экономиканың аграрлық, индустриалдық, энергетикалық, банктік және коммуникациялық секторларын дамытудың маңызды бағыттарын зерттеуге арналды. Форумның басты аспектілерінің бірі ретінде 2014 жылға дейінгі «Үдемелі индустриалдық даму» мемлекеттік бағдарламасы, «Өнімділік -2020» жобасын қарастыру болды, өйткені олардың негізгі мәні ретінде шикізаттық экспортқа бағыттылықтан өндірістік-инновациялық дамуға өту үрдісіне ғылыми-инновациялық әдістерді қолдану болды.

Негізгі пікірталастық форматқа келесі тақырыптар таңдап алынды :

- «Халықтық» IPO (Initial Public Offering компаниялар акциясын алғаш рет жалпылама ауқымды сатылымға ұсыну ретінде), ҚР жүзеге асу принциптері;
- Қазақстанның индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы;
- Қазақстан экономикасының аграрлық секторының әлеуеті;
- Көліктік және коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту.

Пікірламасуға қатысқандар: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Келімбетов, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқарма төрағасы Қ.Бишімбаев, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ тәуелсіз директоры сэр Р.Г. Эванс, ауыл шаруашылық министрі А.Мамытбеков, трансұлттық компаниялардың өкілдері, халықаралық сарапшылар және тілшілер.

Бірінші панельдік сессияда Қазақстанның экономикасының келешегі жаһандық экономика тұрғысынан қарастыру мәселесіне қатысты сұрақ бойынша ҚР Премьер-министрінің орынбасары Қ.Келімбетов баяндама жасады. Ол аталынған форум қазіргі таңдағы Қазақстандағы жағдайды сипаттауға және алдыға қойылған



зор мақсаттар жету үшін қандай шаралар қолданылуы қажеттілігі туралы айтуға зор мүмкіндік екендігіне тоқталды. Дағдарыс алдындағы кезеңдегі дамуға тоқтала келе, вице-премьер форумға қатысушыларға Үкіметтің дағдарысқа қарсы бағдарламасының негізгі бағттарына тоқталып, жетістіктер мен келешек міндеттер туралы айтып өтті.

«Бізде Қарашығанаққа қатысты «Бритиш Газбен», ал Қашағандағы бірінші кезеңде «Шелл» компаниясымен айтарлықтай қызықты жобалар бар. Қашаған шын мәнінде жаһандық жоба, және де ол Қазақстанның өз экономикасын әртараптандыру бойынша өз бәсекеге қабілетті артықшылықтарын кеңейтуге айтарлықтай мүмкіндік береді», деп мәлімдеме жасады.

Бір айта кетерлігі, Қазақстанның энергетикалық мұнай мен газ тұрғысынан емес, жалпы бизнес-форум тұрғысынан қарастырылды. ҚБФ делегаттарын бірінші кезекте еліміздің ДСҰ кіруінен кейінгі жағдайдың дамуы, кедендік одақ аясындағы ынтымақтастықтың жалғасын табуы, еуразиялық экономикалық одақ құрудың негізгі принциптері талқыланған болатын. Бұл аталынған мәселелер бірінші секция барысында талқыланып, форумға қатысушылар Қазақстан экономикасының алдағы жаһандық экономикалық тұрақсыздық жағдайындағы дамуы мен келешегі мәселесін қарастырған болатын.

Форумға қатысушыларды Қазақстандағы кәсіпкерлік ортасы, жаңа бастаушыларға арналған бизнес-инкубаторлар болуы, жас банкирлер Лондонда іскерлік машықтанудан өту мүмкіндігі бар ма деген мәселелер қызықтырды. Елдегі жеті арнайы экономикалық аймақтар мен олардың негізгі бағытты – химиялық және мұнай-газ паркінің Батыс Қазақстанда, жеңіл өнеркәсіптің оңтүстік аймақтарда, технологиялық парктің Алматыда орналасуын талқылады.

Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуы мәселесіне тағы да бір панельдік пікіралмасу арналды. Қазақстандық тараптан «Қазақстан даму банкі» АҚ басқарма төрағасы Н.Құсаинов, ҚР Мұнай және газ министрлігінің жауапты хатшысы К.Сафинов баяндама жасады. Баяндаманың негізгі мәні – постдағдарыстық даму жолына түсу арқылы қазақстандық экономика стратегиялық дұрыс жолды таңдап алды. Дағдарыс кезеңінде еліміз бірнеше маңызды қадамдарға барды. Коммерциялық банктерге уақтылы қаржылай көмек көрсетілді, және де бұл баршаға мәлім жағдайда ашық жүргізілді. Үкімет елдегі тұрақтылықты сақтау мақсатында әлеуметтік мәселелерді шешу

арқылы өз тұрғындарына қолдау көрсетті. Сонымен қатар, Шағын және орта кәсіпке, агро-секторға, инфрақұрылымға қолдау көрсетілді. Бұл шаралар ҚР экономикасының тұрақты дамуына серпін беріп, Қазақстанның халықаралық қауымдастықтағы өзінің нақты орнына бекуіне әсер етті.

Пікіралмасудың қорытынды тақырыбы ретінде көліктік және коммуникациялық инфрақұрылымның дамуы мәселесі қойылды. Бұл мәселеге қатысты сарапшылар өз ойларын білдіріп, инфрақұрылымды дамыту жолында тұрған қиындықтарды шешу жоспарын талқылады. Мысалы, Азия мен Еуропа арасындағы транзиттік канал мен жолдарды жақсарту қарастырылды.

Сарапшылардың басым бөлігі Қазақстанда мемлекет инвесторларға экономикалық жағынан әлсіз аймақтарда барынша қолайлы жағдай жасау саясатын жүргізеді, яғни елдің барлық аймақтарын тең дәрежеде көтеруге деген ұстаным жетістікке жетуге деген мүмкіндікті ұлғайтады [6].

Қазақстанның сыртқы саясаты үшін қорғаныстық-саяси мәселелер маңызды рөл атқарады. Еліміз қауіпсіздіктің халықаралық құрылымдарының қызметіне белсенді араласып, әлемдік қауымдастықтың стратегиялық шабуылдық қару-жарак түрлеріне салынған шектеуге бақылау орнату мен жаппай қырып-жою қаруларының таралуына тыйым салу секілді шараларын қолдайды. Сонымен қатар Қазақстан ТМД аясында ұжымдық қауіпсіздік келесімі шарттарын орындауға, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, планетарлық деңгейдегі Арал қасіретін тиімді шешуге барынша қолдау көрсетіп, жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания арасында әскери мүлік пен қызметкерлерді Қазақстан территориясы арқылы транзиттік өтуді қамтамасыз ету туралы келісім 2012 жылдың ақпанында екі елдің қорғаныс министрлігі басшылары – Ф.Хаммонд және Ә. Жақсыбеков тарапынан бекітілген болатын. Қазақстан Ұлыбританияның Азия құрлығындағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге қатысты үлесін жоғары бағалайды. Халықаралық әскери ынтымақтастық аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды тетіктерінің бірі. Тараптар әскери саладағы екіжақты қарым-қатынастың даму қарқынына қанағаттылық танытып, бұл кездесу алдағы уақыттағы қорғаныс саласына қатысты өзара тиімді ынтымақтастыққа жаңа екпін беретіндігіне сенім білдірді [7].

Осылайша, Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы ынтымақтастық екі елдің мүдделеріне сәйкес келетін қарым-қатынастың көптеген аспектілері бойыша құрылған.

---

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Дипломатический курьер. 2004. 3-4 кв. – С.156-157.
2. Токаев К.К. Свет и тень. – Астана, 2007. – 576 с.
3. Абусейтов К. Казахстан – Великобритания: следуя традициям партнерства // Казахстанская правда 29 декабря 2011 г.
4. Арбабаева Г. Великобритания и Казахстан: наши связи стали крепче // Международный деловой журнал «Казахстан». 2006. №3.
5. Токаев К.К. Векторы внешней политики. Европейское направление. Кн.2. – Алматы, ИД «Жибек жолы», 2008. – 208 с.
6. Международный деловой журнал «Казахстан». – 18 октября 2012 г.
7. Казахстанская правда, 28 февраля 2012 г.

# Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық-саяси орны

**Әсел ТӨЛЕМІСОВА,**

I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік  
университетінің докторанты

**К** азақстан Республикасының 1995 жылғы Ата Заңының 18 бабының 3-пунктіне сәйкес азаматтар мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктерден, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарынан еркін ақпарат алуға құқықты. Осы салаға қатысты басқа да қалыптық-құқықтық актілерде сөз бостандығы және ақпараттану құқықтары туралы айтылған. Азаматтар өздерінің ой-пікірлерін еркін баяндауға да құқықты. Бүгінгі демократиялық қоғамдардың негізгі шарттарының бірі еркін БАҚ-тың болуында. БАҚ-тың еркіндіктерімен қатар мемлекеттің әлеуметтік, саяси және экономикалық өмірін дамытудағы жауапкершіліктері де демократиялық елдерде алдыңғы қатардағы маңызды мәселенің бірі болып табылады.

Жалпы бұқаралық ақпарат құралдары халық арасында әр түрлі ақпараттар тарата отырып, қоғамдық пікір қалыптастыруға, саяси жұмыстар жүргізуге, мемлекеттің, әлеуметтік топтардың не жекелеген тұлғалардың мүдделі мұраттарын танытуға қызмет етеді. Бұл тұрғыдан келгенде адамның сана сезіміне, іс-әрекетіне әсер ете отырып, олардың көзқарастары мен мақсатарының қалыптасуына ықпалы зор екендігін ерекше атап айтқан жөн. Қай кезеңде де журналистика қоғам өміріне етене араласа отырып, пайымдаулармен, баға берумен, қорытындылар жасаумен, ұсыныстар айтумен елеулі түрде қозғау салды. Әсіресе, саясат, экономика, экология, қоғамдық-әлеуметтік қатынастар көптеген салаларда шешім шығаруға, оны жүзеге асыруға ықпалы зор болды.

Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) – арнайы техникалық құралдардың көмегімен, кез келген тұлғаларға әртүрлі мәліметтерді ашық жариялауға арналған әлеуметтік мекемелер. Сарапшылар олардың мынадай ерекше белгілерін атап көрсетеді: жариялылық, яғни тұтынушылардың шексіздігі; арнайы техникалық құралдардың, аппаратуралардың болуы; ақпарат таратушының (коммутатор) қабылдаушыға біржақты ықпалы; тұтынушы аудиторияның тұрақсыз әркелкілігі.

Француз жазушысы О. де Бальзак баспасөзді «төртінші билік» деп атады. Билік институтында БАҚ-тың тура мағынасындағы орны болмағанымен, оның саяси процестегі орнын асыра бағалау мүмкін емес. Адамзат қоғамында болып жатқан кез келген мәселеге, оқиға мен көріністерге әлеуметтік-саяси тұрғыдан баға беріліп жатады. Және оған бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы өте зор болмақ.

БАҚ-тың атқаратын қызметі әртүрлі, сарапшылардың пікірінше олардың аса маңыздыларына мыналар жатады: ақпараттық, білімдік, әлеуметтендірушілік, мүдделерді тоғыстырушы, саясат субъектілерінің ықпалдасуы, жұмылдыру және т.б.

БАҚ-тың ақпараттық қызметі азаматтарға, билік органдарына, қоғамдық институттарға аса маңызды жалпы оқиғалар, құбылыстар, процесстер жайлы мағлұматтарды таратудан тұрады. Бұл қызметсіз кез келген қоғамның толыққанды өмір сүруі мүмкін емес.

БАҚ-тың білімдік қызметі азаматтарға әртүрлі ғылым саласынан қоғамдық-гуманитарлықтан жаратылыстану ғылымдарына дейінгі танымдық хабарларды дайындап, таратуынан көрінеді. Әрине ол толыққанды, жүйелі, арнайы оқу орындарында берілетін ғылымды қамтамасыз ете алмайды. Дегенмен де, қазіргі қоғамда адам өз өмірінің әр кезеңінде білімнің басым көпшілігін осы БАҚ арқылы алады.

БАҚ-тың әлеуметтендіруші қызметі адамдардың әлеуметтік ережелерді, құндылықтарды сіңіріп, мінез-қылықтарын қалыптастыруға септігін тигізеді. БАҚ-тың жүйелі түрде күнделікті қалың қауыммен қауышуы оны жеке тұлғаны әлеуметтендіруші алғашқы институттар отбасы, дін, мәдениет ошақтарымен қатар бір орынға қойды. БАҚ арқылы адамдар өздерін жалпы әлеуметтік, жалпы әлемдік процестердің бір бөлшегі ретінде әрі өзінің қоғамға, мемлекетке, саясат әлеміне қатысы барлығын сезінеді. Саяси журналистердің шабыттанған үгіт-насихатының арқасында

азаматтар әлеуметтік-саяси процестердің белсенді қатысушыларына айналады.

БАҚ-тың мүдделерді тоғыстырушы қызметі БАҚ қызметінің міндетті тұсы. Саяси мүдделер тек БАҚ арқылы ғана емес, сонымен қатар азаматтық қоғамның басқа да институттары (мысалы, партиялар, қоғамдық бірлестіктер) арқылы жүзеге асырылады. Бірақ кейбір жағдайларда тек бұқаралық баспасөз бен теледидар ғана алғашқылардың бірі болып қоғамдағы өзекті мәселелерге назар аударады, ықтимал әлеуметтік және саяси қақтығыстар жайлы дабыл қағып, билік құрылымдарын жағдайды саралап, арнайы шешім қабылдауына итермелейді.

БАҚ-тың жұмылдырушы қызметі адамдарды нақтылы бір іс-әрекеттерге немесе саналы әрекетсіздікке шақырады. БАҚ-тың осы қызметі саяси қатынастар саласында аса маңызды болып табылады. Азаматтардың белсенділігін ынталандыра отырып, БАҚ сайлау кампаниялары мен дауыс беру қорытындыларына айтулы ықпал етеді. Олар қоғам мен билікте дағдарыс туғызатын жаппай наразылық немесе саяси жанжалға апарып, арандатулары әбден мүмкін. Сондай-ақ олар қоғамға өмірлік маңызы бар міндеттерді шешуге азаматтарды жұмылдыруда биліктің тиімді одақтасына айнала алады.

БАҚ-ты саналы түрде саяси алдап-арбау мақсатында қолдану азаматтарға және қоғамға аса қауіпті болып табылады. Оған өз мүдделеріне қайшы келетін әрекеттерге баруға мәжбүрлеу үшін адамдардың санасы мен мінез-құлқын жасырын басқару жатады. Алдап-арбау БАҚ-та таралатын, шын мәнінде жалған ақпараттарға адамдардың сенуіне негізделеді. Оған тапсырыс берушілер үшін ол пайда, ал қоғам үшін орны толмас өкініш. Осы орайда қазіргі кезде өз қызметінің тиімділігін арттырғысы келетін қоғам қандай да бір жолмен БАҚ-тың қызметін реттеуге тырысады. БАҚ-тың жағымсыз салдары оның қоғамдық ұйымдарымен шектелуі мүмкін. Қазіргі қоғамдарда БАҚ-ты ұйымдастырудың үш негізгі жүйесі қолданылады: жеке (коммерциялық), мемлекеттік және қоғамдық-күқықтық. АҚШ-та қолданылатын бірінші жағдайда бұқаралық ақпарат құралдары жекеменшік нысанда және тек жарнамадан, жеке жәрдем берушілердің есебінен қаржыландырылады. Алайда бұл елде жекелеген азаматтар мен жалпы қоғамның мүддесі сотпен қорғалады, БАҚ-тың онымен келіспеуге еш шарасы жоқ. Екінші

жағдайда, бұқаралық ақпарат құралдары негізінен мемлекеттің қарамағында. Олар парламентке, үкіметке бағынышты, ол үшін арнайы қызметтер құрылады. Электронды бұқаралық ақпарат құралдарын ұйымдастырудың үшінші түрі Германияда басым. Бұл жерде радио мен теледидар азаматтардан жиналатын арнайы салық есебінен қаржыландырылады. Олардың заңдық тұлға құқы және өзін-өзі басқару құқы бар. Алайда, бұл аталған ұйымдастыру, бақылау түрлерінің ешқайсысы да әмбебап әрі мінсіз деп айтуға келмейді.

Ал жалпы БАҚ-тың саясаттану ғылымындағы орны мен рөліне келер болсақ, бұқаралық ақпарат құралдарының қоғам өміріндегі орны әлеуметтік түбегейлі өзгерістер мен технологияның дамуымен тікелей байланысты. Коммуникациялық жаңалықтар өзара байланыстың жаңа түрі, әдісі мен деңгейінің пайда болып, ақпаратты тарату мен өңдеудің жолдарының өзгеруіне ықпал етеді. Заманауи коммуникациялық ортада аудиторияның өзіндік ізденіске дайындығы және ақпаратты қолдана білу мүмкіндігі, медиа мазмұнды өзіндік қорыта білу әлеуетінің болуы маңызды. Бұл негізінен бұқаралық ақпаратты қолданушылардың белгілі бір толығымен ашылмаған ақпаратты қорыта отырып, сол шамалы ақпарат негізінде қоғамдық жағдайға қатысты өз ойын қалыптастыра алуға бағытталған.

Сонымен не себепті бүгінгі таңда қоғамдық сананы қалыптастыру мен оған ықпал етудегі БАҚ рөлі маңызды саналады. Бір жағынан қарағанда бүгінгі таңдағы сөз бостандығы жағдайында ол азаматтық қоғам үшін тек позитивті ғана ықпал етуі тиіс секілді. Баспасөз, радио мен теледидар демократиялық институттар қызметі үшін таптырмайтын мүмкіндік болумен қатар, БАҚ қазіргі қалыптасқан саяси және әлеуметтік тәртіпті сақтауға белсенді араласуы мәселесі тұрады. Сонымен бұндай жағдайда сөз бостандығы сақталады ма жоқ, әлде бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қандай бағытта жұмыс жасауы ұстанымға ықпал етеді ме. Бұл мәселені қарастыруда журналистиканың қоғамдық саяси жүйемен өзара байланысы тұрғысына кешенді зерттеу жүргізу маңызды саналады. Негізгі есте сақтайтын маңызды мәселенің бірі БАҚ-ты саясаттандыру үшін қандай да бір биліктің болуы міндетті емес, ол үшін жалпы саяси үрдістің орын алуы маңызды. Сонымен қатар мәселені қарастыруда жалпы бұқаралық ақпарат құралдары мен журналистиканы жеке

алып қарау қажет, өйткені жай ғана ақпаратты тарату мен көп құрлы тілшілік қызметті, әсіресе оның саяси аспектідегі орны өзгеше болып келеді.

Журналистика — қоғамның әлеуметтік институттарының бірі, оның өзіндік ерекшелігі ретінде қоғамның барлық әлеуметтік салаларына, оның қызметінің барлық түріне араласып кете алуында. Осыдан келіп шығатын қорытынды, БАҚ бар саладағы оқиғаларды жариялау және талдауға және оның толығымен жүзеге асуына қажетті деңгейде құрылады. Егер де журналистика әлеуметтік институт жүйесі ретінде саяси ғылыммен байланыспауы мүмкін емес болса, бұқаралық ақпарат құралдары ұйымдасқан түрде мемлекеттік және қоғамдық, ал кей жағдайларда партиялық институттармен байланысқан. Бұл жағдайда журналистикалық орган аудиторияға ықпал ету, білімді, құндылықты бағдарлар мен ұстанымдарды қалыптастыру, адамдардың жігерін бірінші кезекте саяси-қоғамдық мәселелерді шешуге бағыттауға толығымен мүмкіндік алады. Сондықтан да БАҚ-тың саяси конъюктураның саяси институты ретіндегі орны мен рөліне қатысты мәселе қозғалады, өйткені мәселенің саясаттану ғылымы үшін өзектілігі журналистиканың ғылыми білім жүйесі ретіндегі теориялық негіздемелерден тыс артады.

Жалпы, қоғам мен баспасөзді саясаттандыру нақты мәселе ғана емес, ол тарихи шындық болып табылады. Бұқаралық аудитория және ақпаратты таратудың бұқаралық құралдары пайда болған уақытқа қарай объектілерге медиа ықпал етудің қажеттілігі саяси коммуникациялардың түрі мен әдістерінің сапалық өзгеруіне алып келді. Оның жаңа түрі – бұқаралық саяси коммуникациялар, тек элита мен «білімді топқа» ғана емес, жалпы қоғамға арналған түрі пайда болды.

БАҚ демократия мен азаматтық қоғам қалыптасуы үрдістерінде маңызды рөл атқарады, өйткені олар жеке тұлғалардың «демократиялық қоғам сипатын» қабылдауына айтарлықтай ықпал етеді. Сонымен қатар ақпарат қоғам өмірінің басты салаларында маңызды мәнге ие болды. БАҚ саясаттандыру және саясатты медиаландыру үрдісі қоғамның ақпараттандырудағы әлеуметтік-саяси салдарларды талдауда маңызды рөлге ие.

Саяси үрдістердің «виртуалды шындық» сипатын алуы артуда, өйткені нақты саяси күрестің орнына қандай заманауи саяси немесе



ақпараттық технологияның пайдаланғандығы маңызды болып келеді. Саясаткерлер өз билігін қажетті жаңалықтар жасау арқылы әлеуметтік мәселелерді жария етуді қажетті бағытқа бұру, белгілі бір мәселеге қатысты ақпарат жүйенің жағдайды түзетуі туралы ақпаратқа айналуын қадағалады. Азаматтардың ресми жаңалықтарға деген сенімі бұқаралық ақпарат құралдары тарапынан шындықтың идеологиялық сәйкестендіруі болып табылады.

Теориялық жағынан алатын болсақ, БАҚ мемлекет пен қоғам арасындағы делдал қызметін атқарады. БАҚ-тың делдалдық рөлі билік алдында қоғам мүддесін білдіру, қоғамға өз мүддесін қалыптастыру мен қорғауға көмектесуге бағытталған, және де азаматтық қоғамның маңызды институты бола отырып, мемлекеттен қоғамға және керісінше бағытта ақпарат жеткізуші тетік ретіндегі рөлінен де бас тартпайды.

Бұл тұрғыдан келгенде қазіргі қазақ тілді журналистиканың қоғам өмірінде өзіндік орны бар деп білеміз. Елдің ішкі және сыртқы саясатындағы жалпы үрдісті талдап сараптауда бұқаралық ақпарат құралдарының орны ерекше.

---

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Сидоров В.А. Журналистика в политической системе общества. – СПб., 2004.
2. Корконосенко С.Г. Политология журналистики как научная и учебная дисциплина. – СПб., 2004.
3. Беспалова А.Г. История мировой журналистики. – М., 2004.
4. Прохоров Е.П. Введение в теорию журналистики. – М., 2001.
5. Голосов Г.В. Сравнительная политология. – Новосибирск, 1995.

## Блоггинг саяси белсенділіктің түрі ретінде

**Мұхтарбек ШАЙКЕМЕЛЕВ,**  
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану  
және дінтану институтының саясаттану  
бөлімінің меңгерушісі,  
философия ғылымдарының докторы

**Ермек ТОҚТАРОВ,**  
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және  
дінтану институтының ғылыми қызметкері

**И**нтернет-технологиялар қазіргі таңда саяси қызметтің маңызды атрибуттарының біріне айналды. Оның көмегімен мемлекеттік қайраткерлер, саясаткерлер және қарапайым азаматтар түрлі деңгейлерде өзінің саяси белсенділігін танытады. Интернет желілердегі саяси белсенділіктің ең көп тараған түрі ретінде блог жүргізу әрекетін айтамыз. Блогтар көп жағдайларда экстремистік мазмұндағы материалдарды таратуға, саяси қарсылықты танытудың заңсыз түрлеріне бұқараны жинауға қолданылады. Осы себептерге қатысты әлемнің көптеген елдерінде блогосфера кеңістігін бақылауда ұстауға әрекет жасайды. Бірақ, блогтарға бұқаралық ақпарат құралы дәрежесінің берілуіне қарамастан бұл блогтарға салынған ақпаратты алуға шектеу мен бақылау аталынған коммуникацияның жаңа түрінің табиғатына қатысты біршама қиындықтар туғызады. Осыған қатысты блоггингтің саяси белсенділік түрі ретіндегі сипатын анықтауға, оның әлеуметтік-саяси үрдіске ықпалы мен блогосфераға мемлекет тарапынан орнатылуы мүмкін бақылау түрлерін нақтылауға талпыныс жасалынған.

Бұрындары, кеңестік дәуірде азаматтардың саяси белсенділігі сайлау кезіндегі дауыс берумен шектелетін. Азаматтардың саяси шешімдер шығару үрдісіне ықпал ету мүмкіндігі және кері байланыс тетіктері болмады. Ал қазіргі таңда жағдай мүлдем өзгеше. Жаһандық ақпараттану үрдісі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы блог секілді саяси шешімдердің қабылдануына ықпал ететін құралдың пайда болуына алып келді.

Мәселені қарастырмас бұрын, блог және блоггинг түсініктерін айқындап алған жөн. Блог (ағылш. blog, web log қысқарған түрі — оқиғалардың интернет-журналы, интернет-күнтізбе, онлайн-күнтізбе) — негізгі мазмұны күн сайын түрлі ақпараттармен, яғни белгілі-бір мәтін мен мультмедиялық файлдары бар жазбалармен толықтырылып отырылатын веб-сайт [1]. Блогтар көп жағдайда авторы блогер болып табылатын материалдармен толықтырылған, яғни нақты бір оқиғаға немесе үрдістерге қатысты бұл материалдар автордың көзқарасын танытады. Блоггинг (блог жүргізу) – саяси белсенділік үлгісі ретінде танылады, өйткені азаматтар дербес немесе топтасу арқылы қандайда бір саяси шешімдердің мазмұны мен оның қабылдануына ықпал жасауға талпынады, мұндағы ерекшелік тек бұл әрекеттердің Интернет желісі арқылы жүзеге асырылуында болып отыр. Саяси белсенділіктің сапалық жағынан жаңа түрі өзінің қарқындылығымен, қолжетімділігімен және қарапайымдылығымен ерекшеленеді.

Блогерлер еркін Интернет-кеңістікте әрекет етеді, өйткені мұндағы ақпаратты тарату мүмкіндігінің ауқымы кең, ал анонимділіктің сақталуы түрлі мазмұндағы ақпараттарды жариялауға жағдай жасайды. Саяси тақырыптағы материалдар Интернет желісін пайдаланушылар тарапынан дұрыс қабылдануы, қоғамдық пікірге ықпал етуі және бұқараны саяси акцияларға жинау мүмкіндігінің болуы үшін блогерлердің көп жағдайларда құпиялылықтан бас тартуына тура келеді. Бұл блогердің өз жазбаларына жеке жауап беруін талап ететін заңнамалық жауапкершілікті жүктейді. Ал екінші жағынан алғанда бұл үрдіс мемлекеттің блогосферадағы ақпараттық ағымды реттеуге қатысты жаңа әдістер қалыптастыруына ықпал етеді, өйткені дәстүрлі БАҚ бақылауға қатысты көптеген шаралар бұл салаға сәйкес келе бермейді.

Саяси блог жүргізудің жарқын мысалы ретінде орыс тілді Интернет кеңістігіндегі Алексей Навальныйдың блогын қарастыруға

болады. Навальныйдың бастамасымен ашылған РосПил жобасы – жемқорлықпен күреске қатысты азаматтық қоғамның барынша нәтижелі құралына айналды ([www.gospil.info](http://www.gospil.info) сайтының мәліметінше жемқорлыққа жол берілмеген мемлекеттік тапсырыстардың жалпы сомасы 40,5 млрд рубль болған). Оның танымал болуының бірден-бір жолы жемқорлықпен күрестің «өте қарапайым» болуында. Азаматтар тарапынан тек құқық бұзушылық туралы ақпарат беру қажет. Заңнамалық ережеге негізделген және азаматтық белсенділік арқылы жүзеге асырылатын тиімді тетіктердің болуы бұл жобаның жетістікке жетуіне ықпал еткен. Осының арқасында, яғни блог жүргізу арқылы А. Навальный ықпалды қоғам қайраткеріне айналды.

Оның мысалы, Интернеттің қоғамдық өмірге ықпалының арта бастағанын байқатады. Блоггерлер өз ортасында саяси көшбасшылар рөлін ойнай бастады, яғни қоғамдық пікірді қалыптастырудың субъектісіне айналды. Бұл ресми үкімет тарапынан айтарлықтай шұғыл әрекеттің орын алуына алып келді. Мысалы, Ресей Федерациясында 2012 жылдың 1 қарашасынан Роскомнадзор (Байланыс, ақпараттық технологиялар және бұқаралық коммуникациялар салысындағы бақылау жөніндегі федералдық қызмет) тыйым салынған сайттардың бірыңғай тізімдемесін жасауды енгізді (<http://zapret-info.gov.ru/>). Бұл тізімдемеге 2012 жылдың 28 шілдесіндегі «Балалардың денсаулығы мен олардың дамуына зиян тигізетін ақпараттан қорғау туралы» федералдық заңнамаға енгізілген жаңа түзетулердегі талаптарға сәйкес келмейтін сайттар кіреді. Бұл талаптар: порнография, есірткіні уағыздау, өзіне-өзі қол жұмсаудың әдістері туралы ақпарат, Ресейде сот шешімі арқылы таратылуға тыйым салынған басқа да ақпараттары бар материалдар [2].

Соңғы талап мемлекеттік құпияларға жататын, шындыққа сәйкес келмейтін, азаматтың, оның ішінде қоғамдық және саяси қайраткердің абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін және басқа да ақпараттары бар көптеген сайттарды шектеуге (блогтар да кіреді) мүмкіндік береді. Яғни, егер де блоггер саясаткерлер мен қоғамдық қайраткерлердің мүдделеріне сәйкес келмейтін ақпаратты жария етсе және оны дәлелдей алмаса, онда ол әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Мысал ретінде АҚШ Мемлекеттік департаментінің құпия және қызметтік ақпараттары жария етілген атышулы WikiLeaks сайтының негізін қалаушы Джулиан Ассанжға қатысты істі алуға болады.

Қазақстан Республикасында интернет-ресурстар «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңына сәйкес БАҚ теңестірілген және осы ережеге сай бақыланады. Интернет-ресурс арқылы, ал біздің жағдайымызда блог арқылы ақпарат тарату ҚР «БАҚ туралы» заңының 13 бабының 3 және 4 пункттері негізінде тоқтатылуы мүмкін. Яғни, блог авторы өз блогында экстремизм мен терроризмді уағыздаса, ұлтаралық және дінаралық алауыздықты өршітуге бағытталған материалдарды жариялау мен ақпараттар тарату жағдайында жауапкершілікке тартылуы мүмкін [3].

Осылайша, Интернет сөз бостандығының шексіз кеңістігі ретіндегі үлгі ендігі уақытта жұмыс істемейді. Мемлекеттік провайдер жағдайындағы (Қазақстандағы Мегалайн) Интернеттегі анонимдік ендігі уақытта қолсұғылмаушылықтың кепілі мен жария етілген материалдар мен пікір білдірулердің жауапкершіліксіздігі негізі болудан қалған. Блоггер алдағы уақытта дәлелділік, дәлелдің болуы, жеке жауапкершілік принциптеріне сүйенуі қажет.

Блоггинг – азаматтардың саяси белсенділігінің ерекше түрі ретінде заңнама ережелеріне сәйкес келеді. Мысалы, ҚР Конституциясының 33 бабының 1 п. сәйкес Қазақстан Республикасының әрбір азаматы мемлекеттік басқару ісіне қатысуға құқылы [4]. Қоғамның саяси өміріне қатысудың бір түрі ретінде блоггинг арқылы жүзеге асыру алынуы мүмкін. Блогтар келешекте Қазақстанның қарқынды дамып отырған интернет-қауымдастығындағы ақпарат алудың ықпалды дерек көзіне айналуы мүмкін <sup>1</sup>. Бұл болжам ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының 2012 жылы «Қазақстандық қоғамның социомәдени жаңаруындағы виртуалдық технологиялардың рөлі» атты ғылыми-зерттеу жобасы аясында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелері арқылы дәлелденіп отыр. Зерттеу нәтижелерінің мәліметтеріне сәйкес 18 бен 29 жас аралығындағы жастар аға буынмен салыстырғанда Интернет-ресурстар арқылы алынған ақпаратқа деген сенімі артық екендігін білдірген (1-кестені қараңыз). «Сіз қандай ақпарат көзіне сеніммен қарайсыз?» деген сұрақтың ҚР үкіметінің веб-сайттары, әлемдік ақпараттық агенттіктердің сайттары, тәуелсіз (мемлекеттік емес) сайттар, әлеуметтік желілілер (Facebook, Twitter, Одноклассники) деген жауаптарын жалпылама Интернет-ресурстар деп қарастыруға болады.

<sup>1</sup> Freedom House мәліметі бойынша, 2011 жылы Қазақстандағы Интернет пайдаланушылар саны 8,7 млн адамға жеткен деп көрсетіледі (халықтың 45%). Салыстырмалы түрде: бұл көрсеткіш 2006 жылы – 3,3% болатын.

**1-кесте. «Сіз қандай ақпарат көзіне сеніммен қарайсыз?»  
деген сұрақ жауаптарының жас мөлшеріне қарай бөлінуі.**

Сіз қандай ақпарат көзіне сеніммен қарайсыз?	Жас мөлшерлері			
	18-29	30-45	46-60	61 және үлкен
Интернет-ресурстар	29,3%	20,7%	14,5%	7,9%
Дәстүрлі БАҚ	45,8%	55,1%	61,1%	60,8%

Сонымен қатар түрлі Интернет-ресурстарға деген сенім кіріс деңгейіне қатысты өзгеріп отырады (2-кестені қараңыз). Кіріс деңгейі 150 мыңнан жоғары азаматтардың үкіметтік веб-сайттар, тәуелсіз сайттар мен әлеуметтік желілерге деген сенімі төмен болады. Олар түрлі дерек көздерінен алынған ақпараттарды салыстыру арқылы өзіндік қорытындылар жасағанды жөн көреді. Бұл категориядағы азаматтар үшін негізгі ақпарат көзі ретінде әлемдік ақпарат агенттіктері танылады (сұрақ алынғандардың 41%). Біздің пікірімізше, ақпарат көзі ретіндегі түрлі сайттарға деген сенімсіздік аталынған ресурстарда көп жағдайларда әлемдік ақпарат агенттіктерінің материалдарының қайта басылуы себеп болады. Яғни, қайталаумен ғана айналысатын бұл сайттарды қарастырудың қажеті шамалы. Сонымен қатар әлемдік ақпарат агенттіктеріне деген сенімнің жоғары болуына сұрау алынғандар арасындағы кіріс деңгейі жоғары азаматтар көп жағдайларда жоғарғы білімді және шет тілін білуіне де байланысты. Бір айта кетерлігі, өзекті ақпаратты алғашқы дерек көзінен алу заманауи іскер адамның негізгі қажеттіліктерінің бірі саналады.

Кіріс деңгейінің өсімі мен дәстүрлі БАҚ деген сенімділіктің төмендеуі арасындағы қатынастылықты байқауға болады. Сенім деңгейінің төмендеуіне ықпал ететін факторлар: кірісі төмен азаматтар үшін компьютерлік техниканың және провайдер қызметінің қымбаттылығына байланысты Интернеттің қолжетімсіздігі, компьютерлік біліктіліктің төменділігі, әсіресе ауылды жерлердің тұрғындары мен жас үлкен азаматтар арасындағы көрсеткіш.

**2-кесте. «Сіз қандай ақпарат көзіне сеніммен қарайсыз?»  
деген сұрақ жауаптарының кіріс мөлшері бойынша бөлінуі.**

Сіз қандай ақпарат көзіне сеніммен қарайсыз?	Кіріс деңгейі жанұядағы 1 адамға					
	15 000 тг төмен	15 001- 37 000 тг	37 001- 75 000 тг	75 001- 100 000 тг	100 001- 150 000 тг	150 001 тг және жоғары
ҚР үкіметінің Веб-сайттары	3,8%	6,7%	7,2%	9,0%	11,1%	<b>0,0%</b>
Әлемдік ақпараттық агенттіктер сайттары	4,6%	7,6%	10,4%	20,0%	11,1%	<b>41,2%</b>
Тәуелсіз (мемлекеттік емес) сайттар	1,3%	1,9%	2,7%	2,6%	2,2%	<b>0,0%</b>
Әлеуметтік желілер (Facebook, Twitter, Одноклассники)	3,3%	2,5%	4,1%	3,9%	15,6%	<b>0,0%</b>
Радио, теледидар, газеттер мен журналдар	<b>64,8%</b>	<b>54,6%</b>	<b>50,5%</b>	<b>45,2%</b>	<b>37,8%</b>	<b>11,8%</b>
Достар, туыстар, көршілер	12,3%	14,1%	8,2%	5,2%	6,7%	41,2%
Ешбір ақпарат көзіне сенбеймін	5,3%	4,3%	6,7%	6,5%	4,4%	0,0%
Жауап беруге киналамын	4,6%	8,3%	10,2%	7,7%	11,1%	5,9%

Бұл жағдай жоғары және төмен деңгейлі кірісі бар азаматтар категорияларының ақпараттық кеңістіктегі ақпарат алу сегменттері де түрлі екендігін көрсетті. Сәйкесінше, жоғары кірісті азаматтар жалпы бұқаралық санаға қатысты ұстанымдар мен стереотиптерге аз ұрынғанын байқатады. Сонымен қатар кіріс деңгейі төмен азаматтар белгілі-бір оқиғалар мен үрдістерге қатысты өзіндік қорытынды шығаруға бейім емес және ресми ақпаратты қабылдауға жақын келеді. Бұл жағдай елдегі әлеуметтік-саяси үрдістерге қатысты өзіндік талдау жасай алатын қоғамның ауқымды әлеуметтік тобының қалыптасуына алып келеді. Ал республика территориясында әлемдік ақпараттық агенттіктердің аймақтық өкілдіктерінің болмауы кірісі төмен азаматтардың ақпаратты алғашқы дерек көзінен алуға мүмкіндік бермейді. Осылайша ақпараттық теңсіздік орын алады. Бұл жағдайды блогерлер жариялымдары біршама жақсартып отыр, өйткені олар көп жағдайда түпнұсқалық ақпаратты жариялайды және оған қатысты өз түсініктемелерін де беріп отырады. БАҚ пен тұрғындар арасындағы делдалдар қызметін атқаруы блогерлердің қажеттілігін танытады.

Блогтардың бекітілген фото-видео-аудиоматериалдармен жариялануы азаматтардың саяси шешімдер қабылдауға және оның мазмұнын өзгертуге араласуына қажетті дәлелдер негізін қалыптастырады. Мысалы, 2011 жылдың соңы мен 2012 жылдың

басында Қазақстанның Интернет-пайдаланушылары «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР заңына енгізілген түзетулер мен толықтыруларға қатысты өздерінің келіспеушіліктерін әлеуметтік желілер (ВКонтакте, МойМир және т.б.) арқылы білдірді. Осылайша, заңсыз файлдарды таратқан Интернет-ресурстарды жабуға бағытталған түзету енгізілген жоқ. Қазіргі таңда блоггинг өз пікіріңді білдірудің ең қарапайым және ыңғайлы әдісі болғандығына қарамастан Қазақстанда блоггерлер азаматтар арасында айтарлықтай сенімге ие емес. Бұған блоггерлер тарапынан ұйымдастырылған қандайда бір саяси шараның жүргізілмеуі мысал болады. Біздің пікірімізше, бұған дәстүрлі БАҚ қарағанда азаматтардың Интернет-ресурстарға деген сенімінің төмендігі және де КазНеттегі саяси блоггингтің дамымағандығы саналады. Ал екінші жағынан қарастырсақ, бұқараның селқостығы қандайда бір саяси шаралар, әсіресе қарсылыққа бағытталған шаралар ұйымдастыруға кедергі келтіреді.

Осыған қарамастан Қазақстанда блоггинг танымал болып келеді және де келешекте саяси шешімдер қабылдауға ықпал ететін тиімді құралға айналуы мүмкін. Бұл жағдай жалпы дербес блогтар санының көбеюіне және де жалпы блоггерлердің қоғамдық пікірді қалыптастырудағы рөлінің артуына алып келеді. Бұған мысал ретінде тек әлемдік қауымдастықтың ғана емес, сонымен қатар саяси дамуы ұқсас көрші мемлекеттердің де тәжірибесін алуға болады.

Блоггерлер 2008 жылғы Ресей мен Грузия арасындағы қақтығыс кезіндегі «ақпараттық соғысқа» қатысты және де бұл осы ақпараттық соғыстың өзіндік айырмашылығы болды [5]. Блоггерлердің белсенді қатысуымен өткен халықаралық қатынастардағы келесі бір маңызды оқиға «Араб көктемі». М.Т.Лаумулиннің пікірінше, Интернет бұқаралық бас көтерулерге жұмылдырудың құралына айналды, бұған «бұқараның Интернет секілді жаңа қаруы пайда болғанын» көрсеткен «араб көктемі сабақтары» мысал болады [6]. Интернет-ресурстардың қоғамдық санаға ықпалының айтарлықтай болғандығы соншалықты, Египет пен Ливия билігі жаппай тәртіпсіздіктер кезінде Интернетті мүлдем өшіріп тастауға дейін барды [7]. Яғни технологиялардың дамуының мүмкіндігі Интернетті тек коммуникация құралы ғана ретінде қолданумен ғана шектелмей, оны «ақпараттық соғыс» құралы деңгейіне дейін көтеруге алып келді.



Блогерлердің «ақпараттық соғысқа» араласуы нақты қақтығыстың шиеленісуіне дейінгі кезеңде-ақ басталады, яғни олар қоғамдық сананы алдағы оқиғаларға дайындау үрдісіне қатысады. Бұдан кейінгі кезеңде блогерлер оқиға барысы туралы материалдарды жариялайды, яғни, белгілі-бір ақпараттардың келіп түсетін және сол жерден одан ары көпшілікке таратылатын ақпараттық хаб (ағыл. Hub - орталық) қызметін атқарады. Қақтығыс реттелгеннен соң блогерлер ақпараттық қарсылық шараларына қатысуын жалғастырады. Саяси оқиғалар кезінде блогерлердің жарияланымдарына қарапайым азаматтар да, тілшілер де қызығушылық танытады.

Азаматтардың ресми ақпараттарға деген сенімінің төмендеуі жағдайында белгілі-бір мәселеге қатысты өзіндік көзқарасы бар сарапшы, «тәуелсіз тілшілер» ретіндегі блогерлердің рөлі арта түседі. Бұл ресурсты мемлекет өз пайдасына қолдануға мүмкіндігі бар, ол үшін қоғамдық пікірді қалыптастырудың жаңа шағын субъектілерін қатер ретінде емес, заманауи ақпараттық қауымдастықтың заңдылығы ретінде қарастыруы қажет.

Блогтарға бұқаралық ақпарат құралдары ретінде халықаралық ұйымдар тарапынан мониторинг жасалынады. Мысалы, Freedom House мемлекеттік емес ұйымы жыл сайын түрлі елдердегі баспасөз бен Интернет бостандығына қатысты зерттеу жүргізеді. Аталынған ұйымның 2012 жылғы мәліметтеріне сәйкес Қазақстандағы Интернет «жартылай еркін» жағдайда [8]. Бұл ұстанымның пайда болуына кейбір (LiveJournal, Blogger.com, Wordpress.com) блогтардың шектелуімен қатар бірқатар оппозициялық көзқарастағы (azattyq.org, zonakz.net, guljan.org және т.б.) сайттардың жұмыс жасауы және кейбір тілшілер мен қоғамдық белсенділердің әлеуметтік араздықты қоздыруға қатысты әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылуы ықпал еткен. Қазақстанның Freedom House тарапынан медиамониторинг жасалынатын мемлекеттер қатарына енуі республиканың ақпараттық кеңістігі АҚШ пен Ресей секілді державалардың қызығушылық саласы ретінде қарастырылатынын білдіреді. Сонымен қатар, кейбір веб-сайттарға ұлттық қауіпсіздік мүддесінен тыйым салу орынды және қажетті шара болып саналады. Мысалы, 2012 жылы ҚР Бас прокуратурасы экстремистік деп танылған 50 астам Интернет-ресурстарды шектеген [9].

«ҚР ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңға сәйкес бәсекеге қабілетті және қорғалған ұлттық ақпараттық кеңістікті қолдау және дамыту

республиканың негізгі ұлттық мүдделерінің бірі саналады. Ұлттық қауіпсіздіктің қатерлеріне: елдің ақпараттық қауіпсіздігінің қорғалу деңгейінің төмендеуі; ұлттық ақпараттық ресурстарға заңсыз кіру; ұлттық қауіпсіздікке зиян келтіретін, өзгертілген және нақты емес ақпаратты қасақана таратумен байланысты қоғамдық және дербес санаға ақпараттық ықпал ету жатады [10]. Ақпараттық қауіпсіздікке қатысты мәселе «2016 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік тұжырымдамасында» барынша ауқымды қарастырылған. Бұл құжатта Қазақстан тұрғындарының әлеуметтік желілер мен блогтарды кең көлемде пайдалануы ішкі саяси жағдайға мақсаттық ықпал етудің мүмкіндігін қалыптастырады, бұл Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мүдделеріне қайшы келетін жағдай деп көрсетілген [11]. Демек, мемлекет блогтарды қатер ретінде таниды, бұл негізінен блогсферамен өзара әрекеттестік алгоритмдерінің болмауы себебімен түсіндіріледі. Мемлекет блогсфераға қатысты жаңа саяси технологиялар қолдануы тиіс. «Мемлекет-блогсфераға» қатысты жаңа технологиялар мен өзара әрекеттестік алгоритмдерінің тиімді жүзеге асырылуы қатерлерді жойып, блогсфераның қолайлы бағытта жұмыс жасауына ықпал етеді.

Осылайша, бұқаралық ақпарат құралы дәрегейіне қарамастан, блогтарға жарияланған материалдарға кедергі қою дәстүрлі БАҚ-қа қолданылатын тиражды айналымнан алу, таратылымды шектеу, қызметін уақытша тоқтату секілді әдістерді қолдану мүмкін емес. Блог – Интернеттің бір бөлігі, қолдану желілерінің өнімі. Блогерлер Интернеттегі байланыстардың негізі саналатын желідегі еркіндік, горизонталдық коммуникация және интерактивті желілік өзара әрекеттестік мүмкіндіктерін пайдаланады. Ал «Интернеттегі еркіндік» түсінігі бұл жерде қолданушыға қажетті технологиялар мен ақпараттың қолжетімділігі мен оны қолдану мүмкіндігі [12]. Бұл жағдай мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіреді, өйткені құпия ақпаратқа хакерлер заңсыз қол жеткізуі мүмкін.

Осылайша, «желідегі еркіндік» түсінігіне қатысты мемлекет пен интернет-пайдаланушы арасында қарсылық туындайды. Мемлекет құпия немесе басқа да қызметтік ақпараттың таралып кетуінен қауіптенеді және бұл Интернет-кеңістікті қатаң бақылауда ұстауға тырысудың негізгі себебі болып табылады. Ал интернет-пайдаланушылар мемлекет басқаруға араласу құқығын талап етеді,

өйткені олардың арасында кейбір жағдайларда мәселені шешудің балама жолдарын ұсынатын сарапшылар мен мамандар кездеседі. Кейбір қолданушылар мемлекеттік қызметкерлердің жеке өміріне қатысты және азаматтардың құқықтары мен бостандығына қатысты лауазымды тұлғалардың құқық бұзушылығы туралы ақпаратты жариялау арқылы құқық бұзушыны жауапқа тартуға немесе оған ықпал етуге тырысады. Осылайша, Интернет кеңістікте мемлекет пен азаматтар бір-біріне қарсы тараптар ретінде танылады, олардың өзара әрекеттестігі сәйкестілікке ие емес, оның орнына олар серіктес болуы дұрыс еді.

Интернет-қолданушылар тарапынан заңдар бұзылған жағдайда мемлекеттік органдар ағымдағы заңнамаға сәйкес әрекет етеді. Бірақ, бұл шаралардан келер пайда аз, өйткені Интернет-кеңістіктегі ұлттық мүдделерді қорғауға қатысты әдістердің тиімділігі төмен. Сондықтан да, ұлттық мүдделерге, азаматтардың жеке өмірі, құқықтары мен бостандығына қолсұғушылықтың алдын алу қажет. Бұл үшін ақпаратты қорғау, азаматтарды маңызды оқиғалар туралы уақтылы және толығымен ақпараттандыру және қайшылықтарды сотқа дейін шешу тетіктерін дамыту қажет, сонымен қатар мемлекеттік органдардың беделін көтеру керек. Бұл мәселелерді шешу барысында мемлекет Интернет-кеңістіктегі азаматтармен ынтымақтастықта жұмыс істеуіне болады, бұл өз кезегінде мемлекет пен Интернет-пайдаланушылар арасындағы алшақтық пен қайшылықты жоюдың тиімді құралына айналады. М.М.Тажиннің пікірінше, «жаңа тұлғалар мен идеяларды медиа кеңістікке шығару секілді «жаңа саяси мода» енгізу қажет, және де көпшілікті азаматтық белсенділермен, құқыққорғаушылармен, танымал блогерлермен таныстыру керек» [13]. Бұл мемлекет пен Интернет-кеңістік арасындағы қарым-қатынастың жаңа кезеңінің басталғанын көрсетеді.

Қазіргі таңда Қазақстандағы қоғамдық пікірді қалыптастырудағы блогтардың рөлінің артып келе жатқандығын еске ала отырып, келешекте блогерлер қоғамдық сананы қалыптастыруда айтарлықтай ықпалға ие болатындығын байқауға болады. Мемлекет болса, өз кезегінде блоггинг секілді азаматтардың саяси белсенділігінің түрі пайда болғаны мен оның дамуына дұрыс көзбен қарауы тиіс. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы, блогтардың «желілік» мәні мен ережесін есепке ала отырып

мемлекет блогосферадағы ақпараттық ағымдарды реттестірудің жаңа тетіктерін қалыптастыруы қажет. Бірақ, аталынған әдістер дәстүрлі БАҚ қолданылатын әдістерден мүлдем өзгеше болуы шарт. Интернет-кеңістіктегі қатынастарды реттестіруге қажетті жаңа әдістерді қалыптасыруда негізгі орын ғылымға берілуі тиіс. Тек ғылыми негіздегі әдістер ғана билік институттары мен интернет-пайдаланушылар арасындағы өзара қарым-қатынастың тұрақты жүйесін қалыптастыруға көмек бола алады.

Ұлттық қауіпсіздік пен сөз бостандығын қорғау және азаматтардың мемлекет ісіне араласу принциптеріне негізделген «мемлекет-блогосфера» өзара қарым-қатынасының ережелерін қалыптастыру қажет. Әлемдік деңгейде бұндай өзара қарым-қатынастың негізі толығымен қаланып болған жоқ, дамушы елдер киберкеңістікке жаңадан ден қойып, назар сала бастады. Мемлекеттік органдар өз жұмысының нәтижелілігін арттыра түсу қажет, мемлекеттік қызметкерлер өз қызметі барысында барлық заңдар мен шараларды қатаң сақтау шарт, және де Интернет кеңістікте сыни пікірлердің тақырыбына айналмас үшін кәсіби этика нормаларына сәйкес әрекет етулері қажет. Интернет-пайдаланушыларға қатысты заңды талаптар сақталынып отырса, блогерлер қызметі де ел мүддесіне қайшы келмей, керісінше мемлекеттің дамуы мен гүлденуіне жұмыс жасайтын болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Статъя на тему «Блог» в Википедии. <http://ru.wikipedia.org/wiki/Блог>.
1. Федеральный закон «О внесении изменений в Федеральный закон «О защите детей от информации, причиняющей вред их здоровью и развитию» и отдельные законодательные акты Российской Федерации» // Российская газеты. Федеральный выпуск №5845. – 30 июля 2012 г.
2. Закон Республики Казахстан «О средствах массовой информации» от 23 июля 1999 г. N 451-1.- с изм., внесенными законами РК.- Алматы: LEM, 2012.
3. Конституция.- Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 98 с.

4. Бұхарбаев Б.С. Қарулы қақтығыстардағы ақпараттық технологиялар: әлемдік тәжірибе және келешегі. Монография. – Алматы: ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ, 2012. – 260 б.
5. Лаумулин М.Т. «Арабская весна» 2011 года: социально-политические изменения на Арабском Востоке и их международные последствия. – Алматы: КИСИ, 2011. – С.218
6. Египет стер себя с интернет-карты мира. Новости от 28 января 2011 г. <http://www.bfm.ru/>
7. Доклад Freedom House «Свобода в сети. 2012», 24 сентября 2012 г. <http://www.freedomhouse.org/>
8. В Казахстане 50 сайтов признаны экстремистскими и запрещены. Новости от 22 ноября 2012 г. <http://bnews.kz/ru/news/post/111613/>
9. О национальной безопасности Республики Казахстан: Закон РК от 6 января 2012г. № 527 // Казахстанская правда.- 2012.- 17 января.- С.10-11
10. Концепция информационной безопасности РК до 2016 года: Утв. Указом Президента РК от 14 ноября 2011 г. № 174 // Собрание актов Президента и Правительства РК.- 2011.- N 60.- С.135-153.
11. Кастельс М. Галактика Интернет: Размышления об Интернете, бизнесе и обществе / Пер. с англ. А.Матвеева под ред. В.Харитоновой. – Екатеринбург: У-Фактория (при участии изд-ва Гуманитарного ун-та), 2004. – С.80.
12. М.Тажин поставил вопрос об «интеллектуализации информационной политики». Новости от 22 февраля 2013 г. <http://www.bnews.kz/ru/news/post/125984/>

# Маркетинг және агро-өндірістік кешен

**Мадина МАХМҰТОВА,**  
Т. Рысқұлов атындағы  
ҚазЭУ-дің докторанты

**Н**арық жағдайында маркетинг кәсіпорынның бүкіл өндірістік және өтімдік қызметін ұйымдастыру мен жоспарлаудың негізіне, ал маркетингті басқару оларды басқару жүйесінің маңызды бөлігіне айналуы тиіс. Сол себептен, кәсіпорындарда маркетинг – дербес маманданған ішкі шаруашылық бөлімше ретінде қызмет атқаруы керек. Маркетинг – күрделі әрі көп аспектілі әлеуметтік-экономикалық құбылыс, дербес экономикалық үдеріс, ойлау түрі және тұжырымдамасы. Сондай-ақ, үнемі құбылып отыратын қазіргі нарықтық шарттарда бизнесті жүргізу әдістемесі мен технологиясы, фирманың саясаты, стратегиясы және тактикасы болып табылады. Бүгінде компанияның бәсекеқабілеттілігінің негізгі қағидасы тек маркетингтің көмегімен ғана тұтынушы қажеттілігін қанағаттандыру арқылы пайда табуға бағытталу болып табылатын өндірістік стратегияны әзірлеудің негізі болып саналады.

Осыған орай маркетинг кәсіпорынға тәжірибеде дәлелденген шаруашылық қызметтің оң нәтижесіне ие болу рецептерін береді. Қазіргі таңдағы бәсекелестік күрес жағдайында өз қызметінде маркетингтік тәсілді шығармашылық түрде қолданып, өзгермелі жағдайға бейімделудің жаңа тәсілдерін іздеуге қабілетті кәсіпорындар ғана өмір сүре алады.

Қазіргі жағдайда кәсіпорынның даму стратегиясын жетілдіру мәселелері кәсіпорын тек тиімді нарықтық стратегиямен ғана нарықтық күшін жетілдіре алады дей отырып, стратегиялық басқарудың маңызды міндетінің бірі бәсекелік күресте ұйымның

қоршаған ортамен байланысында артықшылығын сақтай отырып, өміршеңдігін сақтауға ықпалын тигізу. Сондықтан да маркетинг стратегиялық басқару функциясында объективті түрде жетекші орынды алады. Әртүрлі ұйымдар үшін олардың мақсатты қалай қойып, стратегияны қалай жүзеге асыратындығына байланысты маркетинг олардың сәтті жұмыс істеуін қамтамасыз ететін басты шешуші фактор болып табылады.

Маркетинг қазіргі заманғы бизнестің концепциясы ретінде тауарға сұраныс тудыруды мақсат ететін ойлау тәсілін білдіреді. Оны қанағаттандыруға барлық деңгейде қабылданатын кез келген шешімдер бағынады. Маркетинг концепциясына сәйкес фирманың барлық қызметі нарық жағдайын ұдайы ескеру арқылы және ықтимал тұтынушылардың қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын дәл білуге, оларды бағалауға және болашақта өзгеруі мүмкіндігін ескеруге негізделуі тиіс.

Бүгінгі күні маркетинг нысаны болып жаңа тауарлар мен технологияларды әзірлеумен, бағдарламаларды жүзеге асырумен, қаржы және өткізу қызметімен байланысты қызмет саналады. Көптеген әртүрлі көлемдегі және түрлі қызметпен айналысатын компаниялар негізгі маркетинг функцияларының бірі болып табылатын нарықты талдау нәтижелеріне сүйенеді. Мұндай талдаудың негізгі мақсаты тұтынушылар мүдделерін анықтау мен компания үшін толық және мүмкіндігінше тиімді қанағаттандыру мүмкіндігін айқындау болып табылады. Аталған концепция ұдайы жетілдіріліп және өзгерсе де, ол қазіргі кезгі философияның өзегі болып табылады.

Мысал ретінде агро-өндірістік кешенге қатысты жағдайды қарастыратын болсақ. Нарықтық қатынастардың даму жағдайында ауыл шаруашылығында маркетингті қолдану кешенді-мақсатты тәсілді пайдалану арқылы тұтынушылардың талаптарына бейімделудің икемді тактикалық саясатын жүргізуге, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, дайындау, тасымалдау, қайта өңдеу, сақтау және өткізу секілді өндірістік- экономикалық байланыстарының сан алуан түрлерінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қарастырылған факторлар желілік қарым-қатынастар жиынтығымен анықталады. Бұл үрдіс белгілі бір қағидаларды сақтау арқылы ауыл шаруашылығы саласында маркетингтік қызметті ұйымдастыруды жүзеге асыруда оның ілімдік және әдістемелік негіздерін құрайды.

Аграрлық-өнеркәсіп кешенінде маркетингті қолданудың мәні өндірісті өндірілген өнімге деген сұранысқа сәйкестендіру және өнімнің бәсекеге қабілетілігін арттыру, кәсіпорынның ресурстарын мақсаттармен ұштастырудан, ал мақсаттарды – тұтынушылар талаптарымен байланыстырудан көрінеді.

Аграрлық маркетингті жеке кәсіпорын шеңберінде әрекет етуші микромаркетинг және мемлекеттік билік органдары арқылы мемлекет көлемінде жүзеге асатын макромаркетинг деп екіге бөліп қарастыру қажет.

Қазіргі кезеңдегі агромаркетингтің дамуының негізгі тенденцияларына ғылыми техникалық прогрестің, әсіресе ақпараттық, технологиялық әсердің күштілігін, халық ішіндегі әлеуметтік белсенді топтар санының өсуін, маркетингтің инновациялық сипатқа ие болуымен сипатталады.

Агробизнес кешініндегі маркетингтік арналар өздері қызмет ететін салалардың ерекшеліктеріне байланысты бір-бірінен ерекшеленеді. Мысалы: астық кешені үшін тауарларды жүргізудің төмендегідей сызбасын жасауға болады. Ауыл шаруашылығының фермасы – жоғары бағада сатып алушы – элеватор – тауар биржасы – тамақ компаниясы – көтерме немесе тікелей бөлшек сауда – қоғамдық тамақтандыру кәсіпорны.

Көкөніс консервілеу немесе жеміс кешендеріне төмендегідей маркетингтік арналар тән: ферма – көтеріп сатып алушы – көтерме нарығы – өңдеуші кәсіпорын – көтерме немесе бөлшек сауда. Жаңа пісіліп-жетілген көкөніс және жеміс жидек өнімдерін мүмкіншілігіне қарай фермадан тікелей бөлшек саудаға жеткізуге тырысады.

Маркетингтік басқару ілімінің әдістемелік негіздері көз қарасынан кез-келген «кәсіпорынның және ұйымның табысты қызмет етуін жоспарлаудың» негізі инвестициялық талдау болып табылады. Бұл тұжырымда басты екі жағдай маңызды болып табылады. Біріншісі, әртүрлі нарықтық жағдайлар үшін және әртүрлі бағалаушы субъектілердің шекті пайдалылығын сандық өлшеу мүмкіндігі. Өлшеудің сәйкес моделін қолдану негізінде экономикалық жағдайдың математикалық-статистикалық моделін қалыптастыруға мүмкіндік туады. Екіншісі, инвестиция мәселелерін, уақыт шеңбері бойынша оны орналастырудың әртүрлі нұсқалары кезіндегі нысан құндылығының өзара әрекетке түсуін талдау, маркетингтік зерттеудің әдістемелік негізі ретінде қарастыру жағдайымен анықталады.



Бұл ретте инвестицияның экономикалық жүйемен өзара әрекеттесу үрдісін талдау қосымша әдістерді қолдануды талап етеді.

Инвестициялау үрдісі маркетингі басқару саласында инвестициялауды жүзеге асыруда компанияның нарықтағы даму сатысындағы табысқа қол жеткізуіне алып келетін әмбебап, жүйе жасаушы шарт болып табылады.

Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың кең көлемдегі мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, әлеуметтік өрістегі объектілер құрылысын салу, сондай-ақ ауылдық тауар өндірушілерді қаржылық жағынан қолдау үшін мемлекеттік бюджеттік қаржыландыру сақталады. Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың басқа барлық шараларына инвестиция бөлу қайтарылу негізінде жүргізілуі тиіс. Агроөнеркәсіп кешенінің бірінші өрісінде инвестициялық саясаттың басым бағыттары мыналар болып табылады:

- түпкілікті техникалық қайта жарақтану және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қайта жабдықтау; конверсия (жаңғырту) нәтижесінде босап қалған бұрынғы кәсіпорындарды қайта бағдарлау мен жаңа құрылыстар салу есебінен өзін экономикалық жағынан ақтайтын ауылшаруашылық және азық- түлік машиналарын жасайтын өзіндік база жасау;

- алдыңғы қатарлы технологияға және өндіріс құралдары нарығындағы жағдайлардың өзгерістеріне тез бейімделетін аз сериялы өндіріспен айналысатын орташа және ұсақ кәсіпорындарды дамыту.

Ауыл шаруашылығындағы инвестициялық саясат өнеркәсіп және ауылшаруашылық өнімдерге тепе-теңдігінің сақталмауы жағдайында мемлекеттік қолдау көрсету жолымен меншіктің барлық тәсіліндегі ауылшаруашылық кәсіпорындарының материалдық-техникалық базасының жаңаруын, негізгі қордың шапшаң қалпына келтіруін және жаңаруын, өндірістік инфрақұрылымның дамытылуын көздейді.

Қазіргі таңда ауыл шаруашылық өндірісінде маркетингі ұйымдастыру мен дамытудың негізгі қағидалары жалпы сипатқа ие. Оларды біртұтас жүйеге біріктіру үшін мынадай бағыттарды ұстанған тиімді болып табылады:

- ауыл шаруашылық нарығындағы жоспарлау, баға белгілеу, үлестіру және басқару жөніндегі іс-шаралардың біртұтас жүйесі, шаруашылықтар мен меншіктің барлық ұйымдық-құқықтық

түрлерінің ұдайы өндірісін нарықтық шарттарға бейімделген ауылдық елді мекендерде жүргізуге мүмкіндік беретіндей және тұтынушы сұранысын барынша қанағаттандыруға толығымен бағытталуға тиіс;

- бәсекеге төтеп бере алатын азық-түлік тауарларының түрлерін көбейту және сапасын жақсарту, сондай-ақ, өндірілген өнімді өткізудің озық тәсілдерін оңтайлы пайдалану және игеру қажет;

- тауар өндіру, дайындау, тасымалдау, қайта өңдеу, сақтау және өткізу үрдісінің күллі иерархиялық деңгейінде біртұтас маркетинг жүйесіне бірігетін барлық ұйымдық құрылымдардың өзара әрекеттестігіне сүйене отырып, ауыл шаруашылық нарығында маркетингтік құрылымдарды ұйымдастыру үшін кешенді-мақсаттық тәсілді қолдану керек.

Шет елдердегі аграрлық өндірісте маркетингті қолдану үрдісі мен Қазақстанның маркетинг жүйелерін салыстырмалы талдау нәтижелері отандық өндірушілерді қолдау саясатының әлсіздігі, ішкі нарықтың протекционистік шаралармен қорғалмағандығы, маркетингтің рөлін басшылардың жете түсінбеуінен және т.б мәселелердің барлығынан елімізде маркетингтің дамуы елеулі дәрежеде артта қалып отырғанын аңғартады.

Қазіргі кезеңде ауыл шаруашылығы саласындағы маркетингтің даму серпін ескере отырып, агромаркетингті маркетинг субъектілерінің экономикалық өзара байланыстарын желілік қарым-қатынастар арқылы тиімді пайдалануға бағытталған қызметтің арнайы кешенді түрі ретінде қарастыру маңызды мәнге ие. Бұл агроөнеркәсіп кешеніндегі маркетинг субъектілерінің желі арқылы бір-бірімен байланысып, тұрақты қарым-қатынас орнатып отыратынын және бұның агромаркетинг саласында желілік теорияны жан-жақты негіздеп, ұсынуға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Агроөнеркәсіп кешенінде маркетингтік қызметті жетілдіру үрдісі белгілі себептерге байланысты өте баяу жүруде. Бұл, бірінші кезекте агроөнеркәсіп кешенінің экономиканың баса салаларына қарағанда өзіндік ерекшеліктеріне байланысты болып табылады. Агроөнеркәсіп кешенінде маркетингтік қызметтің баяу дамуына әсер етуші факторлар, біріншіден, ұлттық экономиканың ең әлсіз монополиялы саласы бола отырып, ауыл шаруашылығы өнеркәсіп саласының азық-түлік тауарларын өндірушілері тарапынан тұрақты баға үстемдігін көріп отырады. Екінші фактор, ауа райының өзгерісіне

байланысты ауыл шаруашылығы өндірушілерінің табысының тұрақсыздығы. Үшінші фактор, азық-түлік тауарлары мен ауыл шаруашылығы өнімдері нарығының тұрақты ашықтығы және осыған байланысты экономиканың жаһандануы мен әлемдік нарықтардың интернационалдануы жағдайында ұлттық өндірушілердің бағалық үстемдік көруі болып табылады.

Бүгінгі таңдағы агроөнеркәсіп кешеніндегі ақпараттық-маркетингтік қызметтердің жалпы жұмыс істеу жүйесін талдай отырып агроөнеркәсіп субъектілері және ақпараттық-кеңістік жүйе қатысушылары арасында өзара іс-қимыл тетіктерінің жетілмегендігін, агроөнеркәсіп кешені субъектілері үшін ақпараттық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі, аграрлық секторға ақпараттық маркетингтік және консалтингтік қызмет көрсететін компаниялар қызметтері тар бағытта, ақпараттармен жеткілікті қамтамасыз етілмеген және өңірлік желілері дамымаған.

Маркетингтің негізгі екі функциясы бір жағынан өндірісті әлдеқашан бар және ықтимал қажеттіліктерді қанағаттандырумен, келесі жағынан, әлдеқашан бар және әлі жасалмаған тауарларды қалыптастыру және ынталандырумен байланысты болады.

Агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың концепциясын іске асыру жөніндегі бірінші кезектегі шаралардың аймақтық бағдарламасының орындауда басты міндеттердің бірі ауыл шаруашылығы саласының бәсеке қабілеттілігін арттыру үшін кешенді шаралар жүйесін қарастыру. Бұл міндетті орындауда агроөнеркәсіп кешеніне мемлекеттік қолдау аясында нарық талаптарына бейімделе жұмыс істеуі үшін қаржылық қолдау мен қатар маркетингтік қызметті жетілдіру бүгінгі күнде басты орынға шығып отыр. Осы мақсатта маркетингтік қызметті жетілдірудің бастысы ауыл шаруашылығы саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру, агросфера субъектілерінің өзара байланыс жүйесін дамыту мақсатында электрондық сауда желісін дамыту, сонымен бірге сала ішіндегі сфераларда кластерлік желіні қолдауды күшейту арқылы шарушылық субъектілерінің қызметін ұйымдастыруға мүмкіндік артады.

Бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін шешу агромаркетингті қолданусыз мүмкін еместігі болып табылады. Агромаркетингті дамытудың объективті түрде өзектілігі халықаралық ауыл

шаруашылығы нарықтарына шығу, агромаркетингтің халықаралық жүйесін қалыптастыру, сыртқы экономикалық байланыстардың тиімді формасын таңдау, әлемдік ауыл шаруашылығы нарығын терең зерттеу қажеттілігінің туындауына байланысты артып отыр.

Агромаркетинг жүйесінің тиісті дәрежеде ілімдік негіздемесінің болмауы, аграрлық секторда оны ендіру бойынша тәжірибелік әдістемелердің өте аз болуы жағдайын ескере отырып агромаркетингтің келешектегі дамуын ғылыми қамтамасыз етілу деңгейін көтеру қажеттігін бүгінгі таңдағы агроөнеркәсіптік кәсіпорындардағы жағдай дәлелдейді. Агроөнеркәсіп кешенінде агромаркетингтің тұтас икемді жүйесін құру, маркетинг бөлімін ұйымдастыру, агромаркетингті ұйымдастыру механизмін жетілдіру, агромаркетинг қызметі сферасында кадрлық саясатты жақсарту, ірі агроөндірістерді, агрохолдингтар және т.б. құру, басқарудың автоматтандырылған жүйесін қалыптастыру, агромаркетингті басқаруды жетілдіруді жатқыза аламыз.

# Қазақстанның көліктік-транзиттік әлеуетін дамыту экономикалық қауіпсіздіктің маңызды факторы

**Евгений ХОН,**  
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ-дың экономикалық зерттеулер бөлімінің аға ғылыми қызметкері


**К**өліктік-транзиттік желілер Қазақстан инфрақұрылымының өте маңызды құрамдас бөлігі ретінде елдің экономикалық қауіпсіздігіне айтарлықтай ықпал ететін сала болып табылады. Тиімді және тұрақты транспорттық жүйе ҚР индустриалдық дамуының негізі болып қана қоймай, сонымен қатар Қазақстанның аймақтық экономикалық ынтымақтастықты тереңдетуіне және жалпы әлемдік экономикаға интеграциялануына қажетті базаны қалыптастыруға жағдай жасайды.

Қазіргі таңда экономика мен тұрғындардың көліктік қызметке қатысты қажеттіліктері толығымен өтелу үшін ҚР Үкіметі тарапынан Көліктік инфрақұрылымды дамытудың 2010-2014 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту мәселесі ҚР Президентінің «Қазақстан – 2050» жаңа стратегиялық жобасының негізгі бағыты, ол бойынша Н. Назарбаев «Жаһандық инфрақұрылымдық интеграция» атты арнайы бағдарламаны негіздеуге шақырды.

## Қазақстанның көліктік-транзиттік әлеуетін жүзеге асырудың негізгі қатерлері мен мүмкіндіктері

Әлемнің Қытай мен Ресей секілді ірі нарықтары арасындағы стратегиялық тиімді географиялық орналасуы арқылы Қазақстан ауқымды транзиттік әлеуетке ие болып отыр. Бірақ, бұл әлеует қазіргі таңда толығымен жүзеге асырылмаған, ал транзиттік жүк тасымалының көлемі айтарлықтай төмен деңгейде.

2008-2011 жылдар аралығындағы теміржол көлігі бойынша жүк тасымалының қарқынына жасалған талдау республика ішіндегі және экспорт бағытындағы тасымалдар көлемінің басым екендігін көрсетеді (1-сурет). Транзиттік тасымалдардың салыстырмалы салмағы шамалы түрде төмен көрсеткіш – 5%. Ал жалпы құрлықтық көлікке қатысты алар болсақ, барлық жүк тасымалы толығымен ҚР ішкі аймағында жүргізіледі, ал қарастылып отырылған кезеңдегі транзиттің өзіндік салмағы 1% көлемінде болып отыр.




### 1-сурет. Темір жол көлігімен жүк тасымалы

*Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігі*

Осылайша, қазіргі таңда Қазақстан құрлықтың ең ірі екі аймақтары – Еуропалық одақ (ЕО) пен Азия-Тынық мұхит аймағы елдері, әсіресе Қытаймен арадағы транзиттік тасымалды жүзеге асыруға мүмкіндігі жоқ. Аталынған аймақтар арасындағы 2011 жылғы тауар айналымы 428,3 млрд. евро болған және ол үнемі өсу қарқынын көрсетіп отыр [1]. Бірақ, қазіргі таңда ЕО пен АТА арасындағы жүк тасымалының жалпы көлеміндегі еуразиялық кеңістіктегі

халықаралық көлік дәліздерінің үлесі өте төмен, транзиттен түсетін миллиардтаған долларлар теңіз логистикалық компаниялардың үлесіне тиесілі. Мысалы, 2011 жылы Азия–Еуропа арасындағы тасылған 20 млн TEU<sup>1</sup> жүктің Достық бекеті арқылы өткен үлесі 155 785 TEU немесе тек 0,78% ғана болып отыр [2].

Қазіргі таңда Қытайдан ЕО тасымалданатын жүк көлемінің 99% теңіз арқылы жүзеге асырылады [3]. Трансмұхиттік бағыттардың өте маңызды бәсекеге қабілеттілікті артықшылықтары бар: жеткізудің өте төмен бағасы мен ұсынылып отырған көліктік қызмет стандарттарының жоғарылығы. Бірақ аталынған көлік түрінің үлкен кемшілігі бар – ол Шығыс Азия мен Батыс Еуропа арасындағы құрлықтық жолмен салыстырғандағы жеткізілуі уақытының ұзақтығы (2-сурет). Осыған қатысты өте шұғыл жеткізу қажеттілігін талап ететін жүк түрлері үшін Қазақстанның көлік дәліздерін пайдалану өте өзекті мәселе болады.



2-сурет. «Қытай-Еуропа» бағыты бойынша құрлықтық және теңіз жолдары

<sup>1</sup> Жиырмафуттық эквивалент (ДФЭ, англ. TEU) — көліктік ағынның тараптарын, контейнерлік терминалдардың өткізу және көлік құралдарының жүк тиеу мүмкіндіктерін өлшеуге арналған өлшем бірлігі.

*Дерек көзі: Транссібір тасымалдары бойынша координациялық кеңес*

Қазіргі таңда Қазақстанның көліктік әлеуетін толығымен іске асыруға кедергі болып отырған бірқатар мәселелер бар.

Біріншіден, жүктер мен оның құжаттарын рәсімдеуге қатысты тиімсіз құжаттама жүйесінің болуы. Мысалы, Қазақстаннан сыртқа тауар шығарушы үшін құжаттар дайындауға 21 күн қажет, ал АҚШ пен Кореяда – 2 күн, Германияда – 3 күн, Грузияда – 4 күн керек [4]. Сонымен қатар жүкке қатысты ақпараттық қамсыздандырудың тиімсіз болуы өз кезегінде логистикалық шығындардың артуына алып келеді. Логистикалық шығындар әлемдік орташа көрсеткіш бойынша қорытынды өнімнің 11% құраса, Қазақстанда бұл көрсеткіш 25% жетуі мүмкін, яғни логистикалық шығынды екі есе арттырып отыр.

Көлік жүйесінің тиімсіздігі сонымен қатар шекарадан өту кезіндегі негізсіз шектеулер, бақылау-қадағалау және жергілікті органдар тарапынан алынатын қосымша жарналар, жүк салмағын анықтау кезіндегі заң бұзушылықтар және т.б. жағдайларда байқалады. Аталынған шаралардың орын алуы Қазақстанның көліктік әлеуетінің дамуын шектеп отырған маңызды факторлар болып саналады. Бұл уақыт жоғалтулар тек қаржылық жағынан ғана қиындықтар туғызбай, сонымен бірге құрлықтық көлік тасымалының теңіз жолымен салыстырғандағы негізгі артықшылығынан айрылуына алып келеді.

Екіншіден, Қазақстанның көліктік тасымалының негізгі мәселелерінің бірі ретінде көлік инфрақұрылымының техникалық жағдайының өте төменділігін атауға болады. Мысалы, ҚР темір жол мен қозғалмалы құрам инфрақұрылымы объектілерінің физикалық көнеру деңгейі шамамен 60%, ал бұған қатысты норматив 40% жоғары болмауы тиіс [5].

Сонымен қатар темір жолдық жүк тасымалы көрсеткішінің төмендеуіне бірбағыттық магистралдық телімдер үлесінің жоғары болуы, яғни жалпы үлестегі – 65% қамтиды, бұл екібағыттық телімдермен салыстырғанда айтарлықтай тиімсіздік танытады. Бұл аталынған телімдердегі тасымалдау мүмкіндігінің қолданушылық деңгейі қазіргі таңда 70–100% жетіп отыр, бұл тасымалдаудың жоғарғы жылді жағдайында жүк тасымалы көлемін арттыруға кедергі болып, поездардың жүру жылдамдығын төмендетеді [6]. Сарапшылардың пікірінше, Қазақстандағы темір жолдар жоғарғы



жылдамдықты жүзеге асыру бойынша әлемнің дамыған елдерімен салыстырғанда 1,5–2 есеге артта қалып отыр [7]. Осылайша, темір жол көлігінің тасымалдау әлеуетін арттырудың негізгі бағыттарының бірі ретінде республикадағы екібағыттық магистралдар санын көбейту шарасы тұру қажет.

Көліктік инфрақұрылымның көнеруі мәселесі автокөліктер жолына да қатысты. ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің мәліметіне сәйкес Қазақстандағы сапасы жақсы саналатын жолдар көлемі жалпы көрсеткіштің 16% тең, қанағаттанарлық саналатын жолдар – 49%, ал қанағаттанарлықсыз деп саналғандары – 35% қамтиды [8]. Жолдардың сапасының нашар болуы жанар-жағар май шығынының жоғары болуына, жол-көлік апаттарының жиі орын алуы және жүк тасымалы жылдамдығының төмен болуына ықпал етеді. Аталынған жағдайлар жүкті жеткізу мерзімі мен оның құнының артуына, және де жалпы Қазақстанның көлік дәліздерін қолдануға өз ықпалын тигізеді.

Үшіншіден, магистралдық жолдардың қанағаттанарлықсыз жағдайымен қатар, шекаралық инфрақұрылымдардың (терминалдар, күшті жүк арту кешендері, мотелдер және т.б.) жетіспеушілігі байқалады. Ал бұл инфрақұрылым объектілерінің болуы мен дұрыс қызмет көрсету деңгейі айтарлықтай қомақты кіріс көзі ретінде, республиканың транзиттік дәліздерінің шетелдік тасымалдаушылар үшін тиімді жол болуына ықпал ететін еді. Шекаралық инфрақұрылымды дамыту жұмыссыздық мәселесі өткір болып тұрған қалалар мен ауылдарда жаңа қосымша жұмыс орындарының ашылуына, сонымен қатар шағын және орта кәсіптің өз капиталын экономиканың шикізаттық емес бағыттарына инвестициялауына мүмкіндік береді.

Төртіншіден, Қазақстанның көліктік-транзиттік инфрақұрылымының дамуына КО мүше-мемлекеттердің және оған кірмейтін елдердің заңнамаларындағы сәйкессіздіктер кедергі болып отыр. Бұндай мәселелер әсіресе қызметі жүк вагондарын жалға алатын немесе беретін кәсіпкерлер арасында көп кездеседі. Мысалы, бүгінгі таңда КО мүше-мемлекеттер арасында теміржолдың жүк вагондарын жалға беру және пайдалану қызметі жағдайындағы ҚҚС төлеудің өзіндік тәртібі бар,<sup>2</sup> бірақ, Хаттама мен ҚР Салық

<sup>2</sup> Кедендік одақта жасалынған жұмыс және көрсетілген қызмет барысында алынатын қосымша салық алу тәртібі хаттамасы (одан ары – Хаттама)

кодексіндегі жұмыс жасау орны түсініктерінің түрлі түсіндірмесінің болуына байланысты көптеген қазақстандық кәсіпкерлер ҚҚС төлеу барысында шетелдік әріптестерімен өзара әрекеттестікте кедергілерге кездеседі. Нақты осындай жағдай көрші мемлекеттердің тасымалдаушыларына да қатысты орын алып отыр<sup>3</sup>.

Осылайша, біздің пікірімізше, аталынған факторлар қазіргі таңда республиканың транзиттік әлеуетін дамытуға кедергі болып отыр, ал оның келесідей бағыттар бойынша даму мүмкіндігі бар:

- біріншіден, қазір бар, бірақ реконструкциялау мен жаңартудың түрлі деңгейінде тұрған бес маңызды трансконтиненталдық темір жол дәліздері: Трансазиялық теміржол магистралының (ТАТМ) солтүстік дәлізі, ТАТМ оңтүстік дәлізі, Орталық (ортазиялық) дәліз, Солтүстік – Оңтүстік және ТРАСЕКА арқылы;

- екіншіден, қазіргі таңда салынып жатқан Батыс Қытай – Батыс Еуропа трансконтиненталдық автожол дәлізі бойынша<sup>4</sup>.

Жоғарыда аталынған жобалар «Жаңа Жібек жолы» атты мегажобаның құрамдас бөліктері ретінде сауда-логистикалық, қаржы-іскерлік, инновациялық-технологиялық біртұтас кешен болып қалыптасып, Қазақстанның маңызды көлік дәліздеріндегі халықаралық деңгейдегі туристік хаб қызметін атқаруы тиіс. Бұл кешенді жүзеге асыру Қазақстан арқылы өтетін транзиттік тасымалдарды 2020 жылға қарай 2 есе, ал 2050 жылға қарай 10 есеге арттыруы тиіс.

Осылайша, Қазақстан өзінде бар транзиттік әлеуетті барынша тиімді пайдалану үшін бар күш-жігерді ішкі көліктік-транзиттік инфрақұрылымды дамытуға бағыттауы тиіс. Сапалы көліктік-транзиттік жүйе Қазақстан, Ресей, Қытай және де басқа мемлекеттер арасындағы сауда қатынастарының барынша жоғары деңгейде дамуына жағдай жасаумен қатар, бірінші кезекте ҚР экономикасының индустриализациялануына және шикізаттық бағыттан арылуына да ықпал етеді.

<sup>3</sup> Қазақстан территориясы арқылы Ресейге транзиттік жүк алып өтуге талпынған Қырғыз елінің логистикалық компанияларының автокөліктері ҚР кедендік қызметі тарапынан тоқтатылғаны орын алған еді. ҚР Кеденшілері бұл жүктерді Кеден одағының территориясы арқылы өткен «ішкі» тасымал ретінде қарастырса, қырғызстандық тарап ресейлік серіктестерімен екіжақты келісім жасағандықтан бұл жүктерді «ішкі» деп есептемеді.

<sup>4</sup> Автомагистралдың жалпы ұзындығы 8 мың 445 шақырым, ал Қазақстан жерінде бес облыс арқылы 2 мың 787 шақырым жолды басып өтеді. Бұл жобаның жүзеге асырылуы қазіргі таңда бар көлік дәліздерімен салыстырғанда жүк тасымалы мерзімін айтарлықтай қысқартады. Сарапшылардың пікірінше, мұндай оңтайландыру 2020 жылға қарай жүк тасымалын 2,5 есе арттыруға және жылдық экономикалық жиынтық нәтижені 33,9 млрд. теңгеге жеткізуге мүмкіндік береді.

Көлік инфрақұрылымы саласындағы көптеген жобалардың болуына қарамастан, аталынған саланың дамуына кедергі келтіретін бірнеше мәселе бар. Осыған қатысты бірқатар ұсыныстар айтылады:

Жүк тасымалдаушылар тарапынан құжаттар жинау үдерісіне жан-жақты талдау жасау қажет. Мұндай шара түзетуді және кейбір жағдайларда мүлдем алып тастауды қажет ететін керексіз және айтарлықтай уақытты алатын кезеңдерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу аясында мемлекеттік құрылымдар тарапынан жиі кездесетін шектеулерді анықтау мақсатында бірінші кезекте көлік компанияларының пікірлерін есепке алу қажет.

Қозғалмалы құрамдар қозғалысы жылдамдығын арттыру мақсатында республиканың барлық басты магистралдарында екібағыттық теміржол салу мүмкіндігін қарастыру қажет. Сонымен қатар автокөлік жолдарын қалпына келтіру қарқынын жылдамдату және физикалық және моралдық жағынан көнеру деңгейі өте жоғары қозғалмалы құрамды жаңарту үрдісін де тездету керек.

«Даму» қоры, «Атамекен» кәсіпкерлер қауымдастығы мен Көлік және байланыс министрілігі бірлесе отырып шекаралық инфрақұрылым объектілерін (терминал, жүк тиеу кешендері, мотелдер, қоймалар және т.б.) салуға барынша ыңғайлы орындар табу мен оған инвесторлар тартуға қолайлы жағдайлар жасауға қатысты талдау жасап, нақтылау қажет.

«Атамекен» кәсіпкерлер қауымдастығына, ҚР Кедендік қызметіне, КО пен көрші мемлекеттердің ірі логистикалық компанияларына, және де жүк тасымалы саласында жұмыс жасайтын барлық қызметтерге ҚР заңнамасы мен КО ережелері арасындағы барлық қайшылықтарды анықтау мақсатында сараптамалық алаң құру мүмкіндігін қарастыру қажет. Мұндай шара Кеден одағына мүше елдер және Қазақстан территориясындағы көлік дәліздерін қолданатын мемлекеттер арасындағы сындарлы пікіралмасуды қалыптастыруға жағдай жасайды.

Осылайша, заманауи экономикалық жағдайларда республиканың экономикалық қауіпсіздігінің және оның тұрақты дамуының кепілі болатын тиімді көлік инфрақұрылымын жасау қажеттілігі арта түседі.

Дамыған көліктік инфрақұрылым біріншіден Қазақстанның басты әлемдік нарықтардан шалғайлығы мәселесін шешеді. Ал теңізге тікелей шығу жолының болмауы және көлік-логистикалық

сектордағы қиыншылықтар Қазақстанда жасалған тауардың түпкілікті бағасын бірнеше есе өсіріп, оның әлемдік нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді<sup>5</sup>.

Екіншіден, тұрғындардың орналасу тығыздығының төмендігі және территорияның ауқымдылығына байланысты сапалы көліктік инфрақұрылымды дамыту Қазақстанның өндірістік орталықтарын жақындатуға жағдай жасайды, яғни кәсіпорындардың экономикалық қызметін оңтайландырады, ал ол өз кезегінде өнімнің бәсекеге қабілеттілігін көтереді.

Үшіншіден, көлік инфрақұрылымы дамуының жоғарғы деңгейі шетелдік инвесторларды тарту жағдайында айтарлықтай қолайлы артықшылық болып саналады<sup>4</sup>.

Осылайша, Қазақстанның географиялық орналасуын есепке ала отырып, транзиттік әлеуетті барынша арттыру жүзеге асыру мен қолдану мемлекеттің экономикалық саясатының басты бағыттарының бірі болуы тиіс.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Евразийский банк развития, «Международные транспортные коридоры ЕврАзЭС: быстрее, дешевле, больше», 5 стр. – 2009.
2. European Commission, “Facts and figures on EU-China trade”, 1 стр. – 2012.
3. Emerson Michael, Vinokurov Evgeny, “Optimisation of Central Asian and Eurasian Trans-Continental Land Transport Corridors”, 5 стр. – 2009.
4. World Bank, “Doing Business” – 2012.
5. Транспортная стратегия Республики Казахстан до 2015 года.
6. Евразийский банк развития, «Перспективы развития инфраструктуры автомобильных и железных дорог, включенных в транспортные маршруты ЕврАзЭС», 10 стр. – 2011.
7. Рахматулина Г.Г., «О перспективах транзитного потенциала Казахстана», – 2012. <http://i-news.kz/news/2012/08/22/6572750.html>
8. Выступление вице-министра транспорта и коммуникаций РК Романа Складяра <http://www.inform.kz/rus/article/2468230>

<sup>6</sup> «Эрнст энд Янг» мәліметтеріне сәйкес ҚР жұмыс жасайтын инвесторлардың 45% Қазақстандағы көлік инфрақұрылымы мен логистиканың жағдайы өлі де жетілдіруді қажет етеді деп санайды.

## С.Сәдуақасұлының ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

**Толқын ӘУЕЛҒАЗИНА,**  
«ӨРЛЕУ» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ,  
«Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің  
біліктілігін арттыру институтындағы» «Тәрбие  
және тұлғаны әлеуметтендіру» кафедрасының  
меңгерушісі, саяси ғылымдарының докторы

*«Біз әдебиетті, мәдениетті мысалға алғанда  
аз ғана ғұмыр кешіп, көп мұра берген ақын-  
жазушыларды жарқ ете ағып түскен жұлдызға  
балаймыз. Әрине, олардың дана талантына дау жоқ.  
Ал, С.Сәдуақасұлына келсек, осынау ұлы тұлғаны  
саясатта ағып өткен жарық жұлдыз дегім келеді»*  
М.Қойгелдиев

**Қ**оғам және мемлекет қайраткері Смағұл Сәдуақасұлы қысқа ғана ғұмырында ел мұраты жолында көп іс тындырып, аз жасында артына мол мұра қалдырып кеткен ерекше тұлға. Ол 1917 жылғы төңкеріске дейін-ақ саясатқа араласа бастаған. 16-17 жасынан Омбы қаласында қазақ жастарының «Бірлік» атты алғашқы жастар ұйымын құруға қатысады. «Бірліктің» мақсаты оның бағдарламасында көрсетілгендей «қазақ халқын мәдени һәм әдеби жағынан ілгері қатардағы жұрттарға қосу, ұлтшылдық сезімін туғызу һәм ұлттықты сақтау» болатын [1, 118-119]. Қазан төңкерісінен кейін «Бірлік» мүшелері екі бағытқа бөлініп кетеді. 1918 жылы ұйымның ұлттық мүддені қолдаушы тобы жалпы қазақ жастарының басын біріктіріп, «Жас азамат» атты ұйым құрады. Оған мыналар кірген: төрағасы Мырзаұлы, мүшелері

Смағұл Сәдуақасұлы, Мұратбек Сейітұлы, Гуля Досымбекқызы, Әбдірахмен Байділдәулы. 1918-1919 жылдары С. Сәдуақасов Батыс Сібір кооператорлар одағында жұмыс істейді. Ал, 1920 жылы Омбы қаласында шыға бастаған «Кедей сөзі» газетін ұйымдастырып, соның жауапты шығарушысы болады [2, 7].

1920 жылдың 4-12 қазаны аралығында өткен Қазақ автономиясын жариялаған Кеңестердің Бүкілқазақстандық I съезінде С. Сәдуақасұлы Ақмола губерниясынан делегат болып сайланады. Осы съезде ол Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төралқасы құрамына сайланады және Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болады. Міне, осы тұстан бастап іскерлік қабілеті күшті өжет қайраткердің партия қатарындағы қоғамдық-саяси қызметі басталады. Ол Сібір төңкеріс комитетінде, Кеңес Күншығыс ұлттары жастарының Орталық Бюросында, Қазақ автономиялық республикасының өкілдігінде, Қазақ Автономиялы Республикасы Жоспарлау комиссиясында, Халық Ағарту Комиссариатында жауапты әрі жетекші жұмыстар атқарады.

Республика басшылығына Ф.И. Голощекин келген мезгілде С. Сәдуақасұлы оқу-ағарту жұмысын жандандыру, жергілікті кадрларды тәрбиелеу, мекемелерді қазақыландыру және т.б. Қазақстан өміріндегі өзекті мәселелерді шешумен айналысып жүрген тәжірибелі, саяси күресте ысылған қайраткер болатын. Ф.И. Голощекин: «Қазақстанда 1917 жылдың қазанынан 1925 жылдың қыркүйегіне дейін Совет өкіметі болмаған, қазақ ауылы Октябрь лебін сезген емес» [3, 191], - деген солақай тұжырым жасап, Қазақстанға ауылда «Кіші қазан төңкерісі қажет деген идеясын» ала келді. Ұлт мүддесін көздеген С. Қожанұлы, С. Сәдуақасұлы, Ж. Мыңбаев, Н. Нұрмақов, Ы. Мұстамбаев, А. Кенжин және басқа қазақ қайраткерлері Ф.И. Голощекиннің бұл идеясына ашық түрде қарсы шықты. Жауапты хатшы С. Сәдуақасұлы жайында: «Мен ауылда «Кіші Октябрь» жасау керек десем, ол кез-келген Октябрьге қарсы. Мен ауыл төңкеріс тәсілін тілейді деп тұжырым жасасам, жолдас Сәдуақасұлы мұны жоққа шығарады. Біз ауылдағы азамат соғысына қарсы емеспіз... Жолдас Сәдуақасұлы мұндай азамат соғысына түбегейлі қарсы. Біздің өзара келісе алмауымыздың мәні осы» [3, 181], - деп жазды.

Бұл кезеңде республикадағы әлеуметтік-экономикалық қайта құрылыстардың қарқыны мен әдістері туралы өзіндік көзқарастары

бар Ж. Мыңбаев (Қазақстанның Орталық Атқару комитетінің төрағасы), Н. Нұрмақов (Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы), С. Сәдуақасұлы (Халық ағарту комиссары және «Еңбекші қазақтың» жауапты редакторы) Ф.И. Голощекинмен бірқатар мәселелерде келісімге келмеді. Олар: қазақ ауылын кеңестендіру, мекемелерді қазақыландыру, өнеркәсіпті дамыту, оқығандарға көзқарас.

XX ғ. 20-жылдары ауылды кеңестендіру туралы мәселе ерекше талас тудырды. Алғашқы сын С. Сәдуақасұлына қарсы бағыт алды. Оған және онымен пікірлестерге «ауылдағы дәулетті топтардың партия мен Кеңес өкіметіне жасамақ ықпалын білдіреді» деген айып тағылды. С. Сәдуақасұлының 1923 жылы наурызда болған Қазақ партия ұйымы III конференциясында байлар меншігін тәркілеуге байланысты сөйлеген сөзі қаралауға негіз болды. Онда С. Сәдуақасұлы: «қазіргі кезеңде ел сілкіністерге емес, бейбіт еңбекке мұқтаж. Елді жаңа экспроприациялар емес, еңбек пен ғылым құтқармақ. Экспроприация идеясы билікке қарсы көтеріліс немесе соған жақын нәрсе. Бізге патша өкіметі тұсында мұндай қоздыру қызық болғанымен, біздің жағдайымызда қазақ даласында ондай жасанды қоздырулар туғызудың қызығы шамалы. Мемлекеттік адамдар мемлекет мүддесі тұрғысынан ойлау керек» [4, 47-б], - деген болатын. Бұдан С. Сәдуақасұлы байлар тобының қамқоршысы болған екен деген ұғым тумау керек. Ол байлар қаржысын пайдалана отырып, кедейлерге көмек қорын жасауды ұсынды.

1926 жылы 25-30 қараша аралығында өткен Қазақ өлкелік партия комитеті мен Өлкелік Бақылау комиссиясының бірлескен III пленумында сөйлеген сөзінде С. Сәдуақасұлы: ...бай хақындағы мәселені жеңіл мәселе екен деуге болмайды, бұл мәселені дұрыс шешу үшін әркім ойланып, дұрыс шара қолданушылықты айтып өткені керек. Сәдуақасұлының байшыл еместігін бұл да көрсетіп отыр... Өзімше байды жақтаған, байшыл болған жерім жоқ, Байшыл дегенді мен жала деймін... Менің ойымша бұл жұмыс та жалғыз менің міндетім емес, жалпы Қазақстан коммунистерінің міндеті» [1, 15, 17, 31-бб], - деп атап көрсетті. Ол қазақ ауылында байлармен күресті тек бейбіт экономикалық әдістерді қолдану арқылы жүргізуді ұсынды. Осылайша, С. Сәдуақасұлы дәстүрлі шаруашылықты күрт бұзуға әкелетін асыра сілтеушілікке қарсы болып, қазақ ауылын революциялық негізде қайта құру үшін біркелкі даму жолын жақтады.

Бұл кезеңде жүргізілген маңызды жұмыстардың бірі – мекемелерді қазақыландыру мәселесі болды. Мекемелерді қазақыландыру, бұл – іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу және келген адамдармен қызметкерлердің жергілікті ұлттың тілінде сөйлесе білу қажеттілігі еді.

1926 жылы қараша пленумының қарауында С. Сәдуақасұлы мен Ж.Мыңбаевқа: «олар өздерінің талаптарында бір жағынан, партия аппараты мен Совет аппаратын халықтың ұлттық құрамының пропорциясына қарай қазақтандыруға дейін барды, екінші жағынан нақты кандидатураларды және партиялық басшылықты қамтамасыз етуді есепке алудың орнына басты назарды партияның жоғарғы буынының басшыларын қазақтандыруға аударды» [5, 287-б], - деген баға берілді.

Аталған пленумда С. Сәдуақасұлы қазақыландыру жайында: «қазақыландыру ретіндегі хатты Голощекин екеуіміз жазғанбыз, менің құрған жоспарымды комиссия нашар деп тапқаннан кейін Голощекин түрліше өзгерістер кіргізген. Өзгерістердің ішінде қазақ жігіттерінің кейбіреуі қазақыландыру мәселесін теріс ұғынып, есепсіз 100 процентке дейін қазақыландыру жұмысы жүзеге асын деп пайызға, айтып өткен. Менің қарамағымша өлкелік партия комитеті бюросында айтарлықтай қыңыр жақтылық болған жоқ еді» [1, 18], - деп атап көрсетті.

Алайда С.Сәдуақасұлына «мекемелерді қазақыландыру жұмысында процент қуып жүр» деген айып негізсіз түрде танылады. Бұған ұлт қайраткері: «айналып келгенде процент әңгімесі қазақыландыру жұмысында негізгі мәселе емес қой», дей келіп, одан әрі ойын өрбіте түседі: «Қазақстанның кейбір уездерінде 90 процент қазақ бар. Мекемесіне келсек, көбі қазақ емес. Қазақпен мекеме орысшалап сөйлеседі. Міне, осындай уездерді мысалға алып, қазақыландыру жұмысының шабандығын айтсаң, сен процентпен қолданайын деген екенсің дейді. Процент бізге негіз емес, бірақ процентті ұмытып кетуге де болмайды. 90 процент қазақ уездерінде мекемені орысшалап қою қай негізге жөн болар қояр ма екен?» [1, 57]. Яғни, сол кезеңде ұлт зиялылары Қазақстанда қазақ тілін мемлекеттік қызмет пен қоғамдық-саяси, әлеуметтік салаларда батыл қолданысқа енгізу мәселесін шешуді батыл түрде күн тәртібіне қойған болатын. Ал, бүгінде Қазақ елі өз егемендігін алып, тәуелсіз мемлекет болғалы жиырма екі жылдан асса да, мемлекеттік тілдің



әлі де болса көсегесінің көгермеуі, сондай-ақ, ұлт зиялыларының сонау ХХ ғ. 20-шы жылдарында-ақ қазақ тілін ел тұрғындарының өмірлік қажеттілігіне айналдыру мақсатының әлі күнге өз шешімін таппауы көңілге қынжылыс тудыратыны анық.

Осылайша, С. Сәдуақасұлы жергіліктендіру жұмысының да мән-мағынасын терең ұғынған қайраткерлердің бірі болатын. Ф.И. Голощекин үшін жергіліктендіру – қазақтарға қазақ тілінде қызмет көрсету болса, ал С. Сәдуақасұлы үшін мемлекеттік және партиялық аппаратты жергіліктендіру, сан ғасырлар бойына отарлаушы саясат езгісінде болып келген қазақ елінің ұлттық мақсат-мүддесін қорғайтын саяси, экономикалық және рухани тәуелсіз ұлттық мемлекет құру болатын.

ХХ ғ. 20-жылдарының ортасында республикада нақты билікті орталық органдардың қолына шоғырландыру ісі қызу жүзеге асырылып жатты. Ф.И. Голощекин қысқа мерзім ішінде Өлкелік Комитетті, оның облыстық, губерниялық, уездік буындарын қайта топтастырып, Өлкелік Комитет Бюросын республикадағы ең өзекті мәселелерді шешетін орынға айналдырды. Өлкелік Комитет Бюросының рөлінің бұрын-соңды болмаған дәрежеге көтерілуіне ұлт мүддесі үшін күрескен қайраткерлер қарсылық көрсетті.

Осы кезеңде Қазақстанда республиканың болашағы, әсіресе, онда өнеркәсіп орындарын ашу, ұлттық жұмысшы кадрларын жасақтаудың жолдары жөніндегі мәселелердің төңірегінде де пікірталастар өріс алды. Ф.И. Голощекиннің көзқарасы бойынша, Қазақстан елдің өнеркәсібі дамыған өңірлері үшін шикізат базасы болуға тиіс еді. Қайраткер С. Сәдуақасұлы бұған түбегейлі қарсы шықты, ол индустрияландыруды республика үшін барынша пайдалы тұрғыдан жүргізудің қажеттігін қолдап, «...қазақ кедейінің, Қазақстан кедейлерінің тағдыры ауылға ғана емес, қалаға да байланысты. Патша өкіметінің заманынан бері қалмай келе жатқан қате көзқарастың бірі - ұлт республикаларына шикізаттар дайындап шығаратын аудан деп қате қараушылық. Мұны қою керек... Өнерлі кәсіп лайығына қарап болу керек деседі.

Дұрыс-ақ, тері шығаратын ауданда – былғары заводтары, жүн-жұрқа бар аудандарда – жүн жуатын орындар, шұға фабриктері салыну керек» [1, 70], - деген құнды ой-пікірді өрбітті.

Ал, Ф.И. Голощекин болса: «өнеркәсіп саласында (Қазақстанда - Т.Ә.) ірі заводтар салудан гөрі жергілікті бар майда және орта (астық

өңдейтін, жүн жуатын, май жасайтын, техника жөндейтін және т.б.) өнеркәсіп орындары маңыздырақ, ауыл шаруашылығымен байланысты және оны пайдалы ететін кәсіпорындарын салу керек» [6], - деген тұжырымды ұстанды.

Ұлт аймақтарына өндіретін аудандар тұрғысынан қараушылықты жою қажет дей келіп, С. Сәдуақасұлы ойын одан әрі дамытты: «... Голощекин жолдас өнеркәсіп ауыл шаруашылығының құйрығына құйысқандай қыстырып қойғысы келеді, сөйтіп Қазақстанның мәңгі-бақи ауыл шаруашылығымен ғана айналысатын республика болып қалуын қалайды. Өнеркәсіп орындары туралы әңгіме қозғағанда тек қана жөндеу шеберханалары жөнінде айтуға бола ма?... Голощекин жолдас жүн жуатын шеберханадан әрі қарай неге асқысы келмейді, ал шын мәнінде жер-жерде шұға фабрикаларын салу керек қой. Қазақстаннан шұға маталарды бірден алып шығу темір жол үшін әлдеқайда жеңіл емес пе, ал, ол болса, әуелі жуылған жүнді Москваға, одан кейін сол жүннен жасалған шұғаны кері қарай алып келуі керек» [1, 82-83].

Бұл мәселе жайындағы өз ойын С. Сәдуақасұлы былайша тұжырымдады: «Қазақстандағы ауыл шаруашылығын дамытуды «жоқтаушы» Голощекин өнеркәсіптің жоқтығы немесе баяу дамуы ауыл шаруашылығының өсуіне кедергі келтіретінін ұмытып кетсе керек, өйткені ауыл шаруашылығының дамуы өнеркәсіптің дамуына тікелей байланысты ғой. Онсыз ауыл шаруашылығы өспейді де, өркендемейді де және онсыз коллективтендіру де жүзеге аспайды» [1, 83]. Алайда ұлт қайраткерінің Қазақстан жерінде өнеркәсіп орындарын ашуды дамыту, сондай-ақ, республикада индустрияландыруды жүргізуде жергілікті жердің ұлттық ерекшеліктерін ескеру қажеттігі туралы сындарлы пікірлері басшылық тарапынан ескерілмеді. Міне, соның зардабын Қазақстан ұзақ жылдар тартты. Коммунистік идеология үстемдік еткен кезеңде Қазақстан Орталықтың шикізат базасы болып келді.

С. Сәдуақасұлының ұлт республикасында өнеркәсіп орындарын дамыту жайында көтерген өзекті ұсыныстары еліміздің бүгінгі күнгі талаптарымен үндесіп жатыр. Қайраткердің жоғарыда атап көрсетілген тұжырымдарынан оның қазақ қоғамында дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыру арқылы өнеркәсіпті өркендетудің неғұрлым тиімді жолдарын ұсынғанын көреміз. Яғни, С. Сәдуақасұлы өз халқының гүлденіп-көркеюіне өзінің үлесін қосуға мейлінше тырысқан ұлт жанашыры болып табылады.

Ф.И. Голощекин Қазақстанға жауапты хатшы болып келгенде С. Сәдуақасұлы Халық Ағарту комиссары мен «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы міндеттерін бір мезгілде атқарып жүр еді. Халық Ағарту комиссары қызметіне тағайындалысымен С. Сәдуақасұлы республиканың оқу ісін алға бастыру, мәдени-ағарту жұмыстарын жолға қою шараларын қолға алды. Ол Халық Ағарту комиссариаты алдында тұрған міндеттер мен оны шешудің түрлі жолдарын қарастырып, бірінші кезекте жаңа талапқа сай мұғалімдерді қалыптастыру мен қазақ мектептеріне оқу құралдарын даярлау қажет екенін ұсынды. Оның бұл ойлары 1926 жылы «Еңбекші қазақта» жарияланған «Оқу ісінің кемшіліктері: оларға қарсы шаралар» атты мақаласында тұжырымдалған.

Бұл мақалада С. Сәдуақасұлы қазақ мұғалімдері арасында орын алып отырған кемшіліктер мен оларды болдыртпаудың шаралары жайында айта келіп, «...мектепті түзейтін мұғалім. Мұғалім мектептің ұстасы. Мектепті бұзатын да мұғалім. Балық басынан шіриді. Мұғалім жолдан таймай, мектеп бұзылмайды. Мұғалім деген қадірлі ат. Мұғалім қадірлі болғанда ғана мектеп көркейеді. Жұрт мұғалімді танымаса, оны сыйламаса, мектеп те жөнделмейді» [7, 197], - деп айрықша ескертеді. Қайраткердің мұғалім мамандығына берген мінездемесі әр заманда да еш мәнін жоғалтпайтын түсініктеме болып табылады. Оның себебі, өмірге келіп жататын ұрпақтар толқынын ұстаздар қауымы тәрбиелейді. Болашақ өмірдегі басшыларды да, ғалымдарды да, өнер қайраткерлері мен егінші-малшыларды да ұстаз өсіреді. болмасын аса ардақты міндет.

С. Сәдуақасұлы 1927 жылы өткен Қазақстан мұғалімдерінің І съезінде «Қазақстандағы халық ағарту мәселелері» деген тақырыпта баяндама жасап, онда халық ағарту ісінің алдында тұрған басты үш мәселені анықтап береді.

«Бірінші мәселе – жалпы еңбекшілерге хат танытып, мәдениетке жетіскен шаруа қылып шығару.

Екінші мәселе – өндіріс кәсібі, ауыл шаруашылығы, үкімет мекемелеріне керекті ысылған жұмыскер қызметкерлерді дайындау.

Үшінші мәселе – қазақтың ұлт мәдениетінің көтерілуіне керекті мәдениет-білім күштерін әзірлеу» [1, 209].

Еңбектің «Оқу құралдары және тіл туралы» бөлімінде: «...оқу құралдарын жазатын адамдардың саны бізде шағын, - дейді С. Сәдуақасұлы, - ылғи оқу кітаптарын жазуға ғана жалғыз

Байтұрсынұлы. Басқа адамдар жоқ... Оқу кітаптарын жазу үшін құр хат танитын болу жетпейді, жазушы оқыту ғылымына жетік болуы керек. Балалардың психологиясын білу керек, жалпы алғанда оқымысты адам болу керек! Әйтпегенде пайда орнына зиян шығаруы мүмкін» [1, 217]. Біздің заманымызда да оқулықтар мен оқу құралдарын жазу барысында С. Сәдуақасұлының ұсынған жолдарын ескерудің өзектілігі ерекше. Өйткені бүгінгі таңда жарияланып жатқан оқулықтар мен оқу құралдарының бір парасының мазмұны мен сапасы балалардың түсінігіне сәйкес келмей жататыны баршамызға белгілі жайт.

Шындығында да, XX ғ. 20-30 жылдары қазақ мектептері мен педагогикалық оқу орындарында қолданылған оқу құралдарын жазғандар Алаш қайраткерлері болатын. Сонымен қатар, олар мектептер мен оқу орындарында білім беруге де белсене атсалысты. Сондай-ақ, Алаш зиялыларының үлкен тобы ғылым, өнер, баспа орындарында, ұлттық баспасөзде жұмыс істеп жүрді. Олардың қатарында А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Х. Досмұхамедұлы, Ж. Аймауытұлы, К. Кемеңгерұлы, С. Асфендияров және басқа ақын-жазушылар мен ғалымдар бар еді. Бірақ 1925 жылдан бастап алаштық интеллигенцияға деген қатынас күрт өзгеріп, оларды белсенді түрде қызметтен шеттету ісі етек алады. Осы жылы РКП(б) Орталық Комитеті қазақ баспасөзінің жайын екі рет арнайы қарады. 1925 жылы 2 наурызда РКП(б) Орталық Комитетінің Хатшылығы «Қырғыз баспасөзінің жағдайы және оны жетілдіре түсу шаралары туралы» мәселені қарап, ол төмендегі нәтижемен аяқталды: біріншіден, Ә.Бөкейханұлы бастаған бір топ алаштық интеллигенция осы жылы-ақ баспа орындарындағы қызметерінен босатылады, екіншіден, сынға ұшыраған қазақ тілінде шығатын мерзімді басылымдардың біразы жабылды, үшіншіден барлық дәрежедегі мерзімді басылым, кітап шығару ісі үстінен қуатты партиялық бақылау орнады, газет-журналдар алдымен партиялық позицияны білдіруге, жүргізуге тиісті болды [4, 25].

Сөйтіп, республикадағы саяси ақуал күрт өзгере бастады. Бұған басты себеп болған И.В. Сталиннің 1925 жылдың 29 мамырында Қазақстанның партия басшылығына «Ақ жол» газетінің бағытына орай жолдаған хаты болды. Онда И.В. Сталин «Ақ жол» материалдарымен танысуға мүмкіндігі болғандығын айта келіп: «Мен партияда жоқ интеллигенттерді кеңес құрамына

тартуды барынша жақтаймын. Егінхалқомы, ХШК, кооперация және басқа да шаруашылықтық органдар бұл адамдарды біртіндеп кеңестендіре отырып, мейлінше пайдалануға тиіс. Мен, сондай-ақ, партияда жоқ интеллигенттерді қырғыз мәдениетін орнықтыру ісіне тартуды да жақтаймын. Қырғыз тілінде оқулықтар құрастыру – мәдениет саласында бұл адамдардың пайдаланылуы тиіс басты майдан. Бірақ та мен партияда жоқ интеллигенттердің саяси және идеологиялық майдандағы күрес ісіне жіберілуіне мүлде қарсымын. Мен партияда жоқ интеллигенттердің қырғыз жастарына саяси және идеологиялық тәрбие берумен айналысуларына қарсымын. Біз өкіметті жастар тәрбиесін партияда жоқ буржуазиялық интеллигенттерге тапсыру үшін алғанымыз жоқ. Бұл майдан толығымен және түгелдей коммунистерге қалдырылуы керек...», - деп қатаң ескерту жасады [8].

Осылайша, Орталық Қазақстанның ішкі ісіне орынсыз араласып, Алаш қайраткерлерін қоғамдық-саяси үдерістерден шеттетуге белсене атсалысты. Бұл жағдай Ф.И. Голощекиннің Қазақстанға жауапты хатшы болуымен онан әрі жалғастырылды. Жауапты хатшы Алаш зиялыларын жұмыссыз қалдырып, олардың Кеңес үкіметімен бірлесе отырып, өз ұлтының болашағы үшін қызмет ету мүмкіндігіне шек қойды. Сондай-ақ, Ф.И. Голощекин қазақ зиялыларының алғашқы буын өкілдерін «буржуазиялық-ұлтшыл», «алаштық интеллигенция» деп жариялап, саяси қудалау жолына түсті. Ал, Халық Ағарту комиссары С. Сәдуақасұлы керісінше, «біздің ойымызша, оқығандардың білімін пайдалану керек. Олар кітап та жазсын, мұғалім де болсын, бірақ ол кітапты сынап, түзетіп отыратын өзіміз. Айқайды қойып, іске кіріселік. Шетінен боқтамай, жаманын тастап, жақсысын еңбекші халықтың керегіне жаратайық» [1, 61], - деп партияда жоқ зиялыларды оқу-ағарту ісіне, ғылым, өнер, баспа орындарында, ұлттық баспасөзде жұмысқа тартуға ашық және белсенді түрде қолдау жасады.

1925-1926 жылдары С. Сәдуақасұлы «Еңбекші қазақ» газетінде редактор болды. Газеттің аты 1925 жылғы 17 ақпаннан бастап «еңбекшіл» емес, «еңбекші» болып атала бастады. Газетте енді ресми материалдармен қоса, ғылыми, рухани мәдениет мәселелері де жарық көре бастады. Газет сол кезеңдегі қазақ өмірінің ең өзекті мәселелерін көтеріп, қалың бұқараның үніне айналды. С. Сәдуақасұлының замандасы Ө. Байділдин жазғандай: «С. Сәдуақасұлы редактор

болысымен газетті түбегейлі өзгертті десе болғандай. Партия газеті М. Жұмабайұлының ұлтшыл өлеңдерін, Ә. Бөкейханұлының (Қыр баласы), М. Әуезұлының мақалаларын баса бастады. Міне, соның кезінде Жұмабайұлының астарлап, төңкеріске қарсы ой айтатын ұлтшылдық рухтағы «Жүсіпхан» дастаны, М. Әуезұлының идеалистік бағытта жазылған театр туралы мақалалары жарияланды. Бұлармен қатар С. Сейфуллиннің, С. Мұқановтың, жоғарыдағы Ә. Байділдиннің, Ғ. Тоғжановтың жазғандарын да газет бетінен кездестіруге болатын еді. Ғалым М. Қойгелдиев атап көрсеткендей: «С. Сәдуақасұлы баспасөз бетіндегі көп пікірлікті қолдаушы және оны іске асырушы да бола алды» [2, 147].

Сол кезде қазақ әдебиетінде басы жанжалда жүрген «партияда жоқ жазушылар» бар еді. Кейбір сыншылар Алаш қайраткерлерінің шығармаларын орынсыз сынап, айтыс-тартыстарға жол берді. 1927 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Әдебиет әңгімелері» атты мақаласында С. Сәдуақасұлы: «Мағжан туралы былтыр Ғаббастың кітабы шықты. Бірақ бұ да толық Мағжанды бізге көрсеткен жоқ. Ғаббастың кітабынан біз байшыл, ұлтшыл, төңкеріске қарсы адасқан Мағжанды көрдік. Ғаббастың бізге айтқаны Мағжанның жұмбағы, дағдарысы болды... Мағжанды қайтсе де жақсылайын деген ойдан мен сірә аулақпын. Бірақ, барын бар, жоғын жоқ деу керек. Мағжанды күйдірсек, біз барынша күйдіреміз. Қайтсе де мен Мағжанды доңыздатып, қоңыздатушыларға қарсымын» деген пікірін білдірді. Осылайша, С. Сәдуақасұлы ұлт тәуелсіздігі үшін күрескен Алаш қайраткерлеріне ара түсіп, олардың шығармаларының «Еңбекші қазаққа» басылуына жағдай тудырды. М. Дулатов, М. Жұмабаев, М. Әуезов, К. Кемеңгеров, Ж. Аймауытов сияқты таланттар жайында: «меніңше партияда жоқ жазушылар... бізге әбден пайдасын тигізе алады» [1, 49], - дей отырып, олардың жазғандарын пайдаланып, үлгі алуға үндеді.

Қазақ Өлкелік Комитетін Ф.И. Голощекин басқарған 1925-1933 жылдар аралығында «Қазақстандағы жасырын контрреволюциялық ұйым Совет үкіметін құлату мақсатын көздеді» деген желеумен ұлт қайраткерлерін, әсіресе, алаш қозғалысына қатысқан саяси тұлғаларды мемлекеттік басқару ісінен шеттету ісі қызу жүргізілді. Патшалық Ресей кезінде қазақ халқын өзара шен-шекпенге таластырған болса, енді кеңестік кезеңде елдегі саяси басқару институттары таптық жіктелісті өрбіту саясатын басшылыққа

алды. Республикада топшылдықты, жікшілдікті жасанды түрде қоздыру арқылы елде басшы және жетекші қызметтерде болған С. Қожанов, С. Сәдуақасұлы, Ж. Мыңбаевтарды Ф.И. Голощекин бір-бірімен байланыстырып, «Қожанов, Сәдуақасұлы тобына негізінен С. Қожанов, С. Сәдуақасұлы және М. Мыңбаев бірікті», - деген ұйғарым жасады [9].

1925-1927 жж. аралығы Қазақстанның партия ұйымында, саясатта, қоғамдық өмірде, экономикада біржақты шешімдер, келеңсіз құбылыстар басым болған кезең. Бұл жылдары Қазақстанның партия ұйымында «оңшыл» және «солшыл» ауытқушылықтармен күрес орын алды. Сондай-ақ, партия ішінен «сәдуақасовшыларды», «қожановшыларды» және осы сияқты толып жатқан «шылдықтарды» іздеу басталды.

1926 жылдың 25-30 қараша аралығында БКП(б) Қазақ Өлкелік Комитеті мен Өлкелік Бақылау комиссиясының біріккен III пленумы өтеді. Онда «БКП(б) Өлкелік Комитетінің бюросындағы жағдай туралы» мәселе талқыланды. Бұл пленумда қаралған негізгі мәселе өлкелік партия комитетіндегі «жікшілдік» туралы болды. Пленумда Қазақ Өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы Ф.И. Голощекин баяндама жасап, онда жоғарыда аталған үш қайраткердің қызметіне «топаралық», «ұлттық уклонистік» сипатта деген баға беру арқылы өткір сынға алып, оларды Өлкелік Комитеттің бюросының жұмысына қарсы шығуда деп айыптады. С. Қожановтың, С. Сәдуақасұлының және Ж. Мыңбаевтың, сондай-ақ, өзге де қайраткерлердің ұлттық мүдде жолында жүргізген іс-әрекеттері «ұлтшылдық» тұрғысында бағаланды. Бұл жиынның қабылдаған шешімінде: «Біріккен пленум былай деп есептейді: Қожанов, Сәдуақасұлы және Мыңбаев бастаған топ өзінің мәні мен күрес әдістері жөнінде Қазақстанға тән болған ескі жікшілдіктің қалдықтарын (принципсіздік және жеке бастың бақастығы) сақтай отырып, сонымен бірге ауылдағы дәулетті топтардың партия мен Совет өкіметіне жасамақ ықпалын білдіретін идеялық ауытқушылықты көрсетеді», - деген жолдар бар [5, 287].

III пленумда С. Сәдуақасұлы екі мәрте сөз сөйлеп, сол кезде ерекше талас тудырған байшылдық, ауылға көзқарас, мекемелерді қазақыландыру, партиядағы жікшілдік, оқығандар мәселесі бойынша өз пікірін ортаға салады. Алайда пленумда С. Сәдуақасұлы да, Ж. Мыңбаев та уақытша болса да, Ф.И. Голощекин соққысынан өздерін қорғау арқылы ұлт мүддесі үшін күресіп жүрген өзге

қайраткерлерге қорған болу мақсатымен тактикалық әдісті ұстанып, жікшілдіктің бар екенін мойындауға мәжбүр болады.

1926 жылғы қараша пленумы Ф.И. Голощекиннің топшылдықты жасанды түрде қоздыру арқылы қысқа мерзім аралығында Қазақстанда Орталықтың бұйрығын мүлтіксіз жүзеге асыратын мемлекеттік өкімет аппаратын көру жолына түскенін көрсетті. Бұл пленум С. Сәдуақасұлының өмірінде өзіндік орын алады. Осыдан кейін көп ұзамай БКП(б) Қазақ өлкелік бюросының 1937 жылғы 2 наурызда болған жиналысында С. Сәдуақасұлы «өз өтініші бойынша» Халық Ағарту комиссары міндетінен босатылады. Осы жылы Өлкелік Комитет бюросының 22 маусымдағы шешімі бойынша Ташкенттегі ҚазПедвузға ректор болып тағайындалады [10].

Ұлт қайраткерлерін қудалау саясатын Ф.И. Голощекин 1927 жылы одан әрі жалғастырады. 1927 жылы 15-23 қараша аралығында VI бүкіл қазақтық партия конференциясы өтеді. Онда жауапты хатшы ұлт қайраткерлерінің дербес ұлттық көзқарастарын оппортунистік деп сипаттап, «Сәдуақасұлымен» күресу дегенді шығарады. Оған мынадай тұжырым жатады: «...сәдуақасовшылдық. Бұл қауіпті азайтып көрсетуге, жолдастар, болмайды. Мен Сәдуақасовты емес, Сәдуақасовшылдықты айтып отырмын... Сәдуақасовшылдықтың тамыры тереңде. Бұл жәй ғана қызметтерінен ала салатын бірнеше адам емес. Жоқ, жолдастар, сәдуақасовшылдық біздердің қата-рымызда, біздің кеңестік органдарымыз оған лық тола... мұнымен санасуға тура келеді» [11]. Міне, осылайша Ф.И. Голощекин өзінің ауылда «Кіші Қазан» төңкерісін жасау керек деген идеясына ашық қарсылық көрсеткен қайраткерлерді бір топқа жатқызып, оларға «Сәдуақасовшылдық» атты кінә тақты. «Мен Сәдуақасов дегенде, - деп атап көрсеткен болатын жауапты хатшы жоғарыдағы партия конференциясында, - мен жинақы атауды айтамын: сәдуақасовшылдық, оған тұтас саңлақтар, Сұлтанбеков та, Қаратілеуов та, Мұстамбаев та және тағы басқалар – «социализм құрылысшылары» бұлай дегенім үшін кешіріңіздер, кіреді» [11].

Осы конференцияда С. Сәдуақасұлы Ф.И. Голощекиннің өзіне таққан жаласы туралы, жікшілдік, ұлттаралық қатынас, отаршылдықтың зәруліктері жайлы, Қазақстанда өнеркәсіп орындарын ашу хақында өз пікірін еш жасқанбай ортаға салып, әрі қарай: «Голощекин жолдас, «жөні түзу ұлтшылдық», «жөні қисық



ұлтшылдық» деп келеді. Мен қара басым, осы екі ұлтшылдықтың «түзуінен» де, «қисығынан» да бөліп шығамын. Ұлтшылдық бағыт - бір-ақбағыт. Мұның «түзу», «қисығы» жоқ. Ұлтшылдық-ұлтшылдық болады... Бұл мәселеде мен Голощекин жолдастың көзқарасына қосыла алмаймын» [12], - деуі қайраткердің қайсарлығына дәлел бола алады.

1928 жылы С.Сәдуақасұлының «Большевик» журналының №1 санында «Ұлттар және ұлт өкілдері туралы» атты мақаласы жарық көрді. Онда С. Сәдуақасұлы партияның XII съезінің ұлт мәселесі жөніндегі қаулысының орындалу барысындағы кемшіліктер мен қателіктерге тоқталады. Қайраткер мақаласында «орталық органдар өзінің жұмысында ұлт мәселесіне мән беріп отырған жоқ» [1, 83-84], - дей келіп, үкіметтің ұлт аймақтарындағы өндірісті дамытуға, жер мәселесін жолға қоюға, басқару аппаратын жергіліктендіруге мүдделі болмай отырғандығын ашып көрсетеді. Мұнан әрі столыпиндік қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын егжей-тегжейлі баяндай келе, С. Сәдуақасұлы ұлт аймақтарына «қоныстандыруды тоқтату, жергілікті тұрғындарды жерге орналастыруды аяқтау, игеруге жарамды жерлерді табу және оны зерттеу» сияқты елде жүргізілуге тиісті мәселелерге тоқталады. Осылайша, өлкенің экономикалық дамуындағы екі негізгі фактордың, атап айтқанда, индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын рационализациялаудың рөліне ерекше көңіл аударып, С. Сәдуақасұлы социалистік құрылыстағы маңызды мәселені қозғады. Ол Одақты индустрияландыру жоспары жасалып жатқан шақта басшылықтың біздің республиканы тек шикізат базасы етіп қалдыруды көздеу пиғылын әшкерелеп, ондай көзқарастың залалды екенін айтады. Ұлт қайраткерінің осы мақалада қарастырған республиканың экономикалық тәуелсіздігі, оның өзін-өзі басқаруы мен елімізде өңдеуші өнеркәсіпті өркендету мәселелері тәрізді жайттар бүгінгі күн талаптарымен үндесіп жатыр. Оның осындай идеялары ресми органдар тарапынан қолдау таппай, қайраткердің қудалануына негіз болды. С. Сәдуақасұлы көп ұзамай Ташкент қаласындағы Қазпедвуздағы ректорлық қызметінен де босатылады. Москвадағы транспорт инженерлері институтына түседі. Оны аяқтағаннан кейін Москва-Донбасс темір жолы құрылысында инженер-құрылысшы болып қызмет істейді. Осы жұмыста жүріп өндірістік апат салдарынан уланған ол 1933 жылы желтоқсанда Кремль емханасында қайтыс болады.

С. Сәдуақасұлының өмірі мен қайраткерлік қызметі – ұлтты сүюдің, елдік мүдде жолында жан аямай күресудің тамаша үлгісі. Ол Қазақ автономиясының мемлекеттік мәселелерін шешуде ерекше білгірлік танытып, еліміздің болашағына шын мәнінде адал қызмет етті.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сәдуақасұлы С. Таңдамалы. Құраст.: Б. Дәрімбетов. II т. – Алматы: Атхан, 1993.
2. Қамзабекұлы Д. Смағұл Сәдуақасұлы. Ред. М. Қазбеков. - Алматы: Қазақстан, 1992.
3. Голощекин Ф.И. Казахстан на путях социалистического переустройства. – М., Алма-Ата: 1931.
4. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993. – 47-б.
5. Қазақстан облыстық (өлкелік) партия ұйымының конференцияларының және облыстық комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері. I-том. 1921-1927 жж. - Алматы: Қазақстан, 1987.
6. Голощекин Ф.И. Парторганизация Казахстана перед XV съездом // За партию. – 1927. - №2. – С.12.
7. Сәдуақасұлы С. Таңдамалы. Құраст.: Б. Дәрімбетов. I т. – Алматы: Атхан, 1993.
8. Қасқабасов С. «Ақ жол» туралы үш құжат / И.Сталинның «Ақ жол» туралы хаты // Ақиқат. – 1993. - №1. – 91-б.
9. Бурабаев М.С. Общественная мысль Казахстана 1917-40 гг. – Алма-Ата: 1991. – С.110.
10. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 102-б.
11. Голощекин Ф.И. Отчет Краевого комитета VI Всеказахской конференции. Кзыл-Орда: 1928. - С.191-193.
12. Сәдуақасұлы С. Мен Голощекин жолдастың сөзіне қосыла алмаймын // Жалын. – 1990. - №3. – 26-б.

# Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ауылдың жағдайы (Экспедиция материалдары)

Құралай Қожаханова,  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология  
институтының ғылыми қызметкері,  
тарих ғылымдарының кандидаты

**XX** ғасырдың 20 жылдарынан бастап Қазақстанның саяси өмірінде күрделі мәселер орын алды. Өкімет басына келген Голощекиннің жеделдетіп ұжымдастыру саясаты елді сергелдеңге түсірсе артынша ашаршылық, қуғын-сүргін жылдары мен Ұлы Отан соғысының зардаптары миллиондаған халықтан айырғандығы туралы көп зерттеліп те жазылып та жатыр. Дегенмен, сол кездегі елдің әл-аухаты мен кейбір айтылмаған деректі ел аузынан естуге мүмкіндік туып, 2013 ж. 30 желтоқсан мен 2014 ж. 30 қаңтар аралығында ел аралап қайтқан едік.

Бірінің соңынан бірі келген алапатты көзбен көрген қариялар бүгіндері бірен-саран болмаса сиреп қалған. Десек те, нағыз өткен тарихты басынан өткізген қарттарымыздың әр кезеңге байланысты айтары бар. Иссапар Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының ауылдары мен елдімекендерінде жүргізілді.

«Еңбекшіқазақ ауданы – Алматы облысының оңтүстігінде орналасқан әкімшілік бөлініс. Жер аумағы 9,7 мың шаршы шақырым. Аудан орталығы қазір – Есік қаласы. Еңбекшіқазақ ауданының оңтүстігін Іле Алатауының Қараш, оңтүстік-шығысын Бақай тауы, Сарытау, Сөгеті, Торайғыр таулары, қиыр шығысын Сөгеті жазығы алып жатыр.

Аталған ауданды Ұлы Отан соғысынан кейін басқарып, жетекшілік жасаған Алқамбек Мәлкеевтің бұл өлкеге сіңірген еңбегі ерекше. Соғыстан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіру ісін бастан-аяқ жүргізген ол, ауданның өсіп-өркендеуіне орасан зор үлес қосқан. Қазіргі Асы жайлауына барар жол, Есік қаласынан Құлжа жолға түсетін жол, Есік көліне жол салдырып абаттандырып, тағы басқа құрылыстармен бірге сол кездері ел тамсанып мақтаған көптеген ғимараттардың құрылысын салғызған, Есік қаласындағы тұңғыш қазақ мектеп-интернатын да аштырған сол кісі.

Тянь-Шань тауы атанған осы Алатау Азия құрлығының қақ ортасында батыстан шығысқа қарай 2450 шақырымға, солтүстіктен оңтүстікке қарай 500 шақырымға созылған бұл тауды 19 ғасырдың екінші жартысына дейін «Аспан таулар» деп атаған.

Тау Батыс және Шығыс Тянь-Шань болып екіге бөлінеді. Шығысы Қытай мемлекетіне жетеді. Батысы Қазақстан, Қырғыз, Өзбек, Тәжік республикаларына дейін созылады. Ол – Күнгей Алатау, Іле алатауы, Қырғыз алатауы деп аталатын салаларға бөлінеді. Аудан Іле Алатауы баурайына орналасқан. Ауданның бір шеті Іле өзені және Жоңғар тауымен шектеседі, Іле Алатауының ең биік шыңы Алматының шығыс жағында, 20 шақырымдай жерде Талғар шыңы деп аталады. Оның теңіз деңгейінен биіктігі 5017 м. Осы маңайда Есік көлі бар, Құмбел жотасына дейін биіктігі 4500 метрден асатын 22 шың бар. Алатаудың осы белдеуі бөктерлей отырып, шығыстағы Бақай тауына, оның іргесіндегі Торайғыр тауына жетіп, тіреледі.

Аудандағы ең үлкен өзендердің бірі – Іле. Іле Алатауының Нарынқолдағы Лабасы /Ілебасы/ тауынан бас алған Текес өзенінен Іле өзені басталады. Іле өзенінің ұзындығы 1429 шақырым, Балқашқа құйғанға дейін оның оң жағынан Қорғас, Өсек өзендері, сол жағынан Шарын, Шелек, Түрген, Есік, Талғар, Үлкен, Кіші Алматы өзендері, Қаскелең, Күрті өзендері құяды. Аудан жері Іле алатауынан солтүстікке қарай ылдиланып Қапшағай бөгеніне тіреледі. Бұл жазық келген өңірде Іле ойпаты жатыр. Таулардан Есік, Түрген, Киікбай, Шолақ, Шыбықты, Белшабдар, Қаратұрық, Лавар, Асы және Шелек өзендері бастау алады. Шелек өзеніндегі Бартоғай су қоймасынан Д.А. Қонаев атындағы Үлкен Алматы тоғаны бастау алып, шығыстан батысқа қарай ағып өтеді. Бас-аяғы 200 шақырымнан асатын бұл тоғанның облыстың 144 мың гектар жерін суландыратын мүмкіндігі бар.

Ауданның табиғат жағдайы әр алуан, сондай-ақ бұл жерге сипаттама беру өте қиын. Себебі аудан аймағындағы жерлер шөл,

шөлейт, дала, орманды дала белбеулерінен бастап, тау басында тундралық белбеулерге сай келетін өсімдіктерге дейін кездеседі. Сондықтан бұл кереметті өз көзіңмен көріп қана көз жеткізесіз. Дүниенің ешбір жерінен бір күнде жүріп өткен 60 шақырым аясында жер шарындағы табиғи зоналарды түгелдей көре алмайсыз. Күлгін түсті топырақ пен биік белдеу, жазық дала, шөл, шөлейт, таулы белестерден, қарлы шыңдарға дейін. Ауданның солтүстігінің табиғи шекаралары Іле ойпаты және әртүрлі сипаттағы жазықтық шөлдермен шектелген. Құмды, аласа шағыл, қамыс, қопа және сор басқан шөлдермен жалғасады. Іле арнасы оңтүстікке қарай ақырындап биіктеп Іле Алатауының тау бөктеріне жақындап жота болып жалғасады. Жотаның ұзындығы шамамен 300 км, ені 35 – 40 км. Толықтай дерлік Еңбекшіқазақ ауданының (200км) аумағында орналасқан. Аудан жерінде тау бөктерлерінен басталатын, жергілікті халыққа танымал арасан болып кеткен минералды бұлақтар да баршылық. Түрген арасан, Қорам минералды суы, Аяққалқан бұлақтары сияқты. Сонымен қатар альпалық, орманды және қарлы биік таулы аймақтар 2500-3000 метр биіктіктен басталады» - дейді Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының хатшысы, Есік ауданының азаматы Әділбай Талқамбаев.

Айтқандай өңірдің табиғаты тіршілікке өте қолайлы шалғынды, суы мол өзен-көлге бай аймақ. «Аудан, Талғар өзенінен бастап, Ілені бойлай кең де ауқымды алқапты алып жатқан шұрайлы жер.

Қазақ негізінде егін салған жоқ, ол тары салды, сондай шағын-шағын ауылдар өз күнін көріп отырған халықтың біріншіден малынан, екіншіден азын-аулақ тарысын алып қойған халық аш қап, босыды. Мына Қытайға жақын елдер Албандар қытайға қашты, орта жүз арғындар Аягөзді басакөктеп Қарағандыдан бастап, Айқапшағай, Зайсан арқылы Қытайға қашты, Жетісудің солтүстігінде отырған наймандар Бақсы, Аякөздің төңірегінен тағы Қытайға қашты. Сол кезде мынау Жетісу өлкесінің бір ерекшелігі мына біз таудың етегінде отырмыз ғой, бізде аң құс көп, таудың етегі жеміс-жидекке тола, ол кезде қарақалпақ ағайындарымыз келіп отап тастаған жоқ, өрігі де алмасы да бар, сонымен әйтеуір бұлар шөп жесе де жан бағып қалған. Малмен баққан халық сәп аштықтан қырылып қалды, қалғандары Қытайға қашты» - дейді Алматы облысы, Есік ауданының Шапырашты руының азаматы, зейнеткер Нақатаев Мұрат Тойғанбайұлы.

Қазақ даласындағы 1931-1933 жж. алапат аштықтың өткеніне 80 жылдан астам уақыт өтті. Ашаршылық жылдардың салған жойқын

соққысы ел арасында орны толмастай ойсырату әкелді. Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының елдімекендері суы мол, шалғын шөп, негізгі үлкен жолдың үстінде орналасқан болса да халқы ашаршылықтың зардабын, соғыстан кейінгі қысылтаяң уақыттың кермек дәмін көзкөрген қариялар ұмытқан емес.

Десек те, бұл аймақтар тіршілікке қолайлы жеміс-жидек мол өсетін болса да ашаршылық нәубеті туралы Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының Таусүгір ауылының тұрғыны Қыстық руының азаматы, 74 жастағы қария Доғалов Бейсеннің айтқан әңгімесінде былай дейді: «Бұл өңір ашаршылық кезін де басынан өткерген. Кішкене кезімде бір естігенім әкеміз Доғал Қытайға кетеміз деп жолға жиналып шыққанымен Райымбек ауданының Жалаңаш ауылында тұрақтап қалады. Әкесі Абыхан шешесі Ұлтуарды алып кетуге Шелекке келеді. Ол кезде Сөгеті ауылының орнында көк талдар өсіп тұратын болған. Сол талдардың түбінде топ-топ болып аштан өлген адамдар немесе шала жансар адамдар үйіліп жатқанын көреді. Сонда аштан шалажансар жатқан адамдардың әлі жоқ, қыңыранып кетіп бара жатқан адамдарға қолдарын созып аяқтарына жармасады немесе аттың аяғына жабысады екен. Сондағы бір оқиға, кетіп бара жатқан әкеміз өзінің атын атап шақырған әлсіз дауысты құлағы шалып қалады. Жатқан адамдарды барлап қараса өзінің ағайынын көріп, оны өзімен арбаға салып ала кетеді. Аштықтан адамдар үлкен болып кеуіп кетеді екен да, оларға бірден тойдырып тамақ беруге болмайды екен. Сөйтіп аз-аздан тамақ беріп жүріп адам қатарына қосыпты. Кейіннен ол кісі Ұлы Отан соғысына қатысып одан да аман есен келіп бертін уақытқа дейін өмір сүрді, көзімізбен көрдік, сол кісі өле-өлгенше «ағам мені аман алып қалған» - деп айтып жүретін. Ашаршылық жылдарындағы нәубетті әкемізден және сол кісіден естідік. Бұл жақтың адамдары аштықтың азабынан босып мына көршілес қырғыз, өзбек елдеріне барғанда оларда мұндай оқиғалар болмаған, бейхабар болып шығыпты» - дейді ашаршылық туралы.

Қорам батыр ауылы да осындай шұрайлы жерден орын алған, табиғаты әсем, таулы бөктерге жақындау орналасқан ауыл. Бұл ауылдың атының шығу тарихын Әділбай Талқамбаев ақсақал былай түсіндіреді: «Қорам Сарымырзақұлы (1831-1907) құрметіне берілген. Албан руының абызы Әлмеректің ұлы Бекбау батырдың немересі. Аймақтағы халықты отырықшылдыққа бейімдеген. Шелек өзенінен тоған тартып егіншілікті өркендеткен. Тарихи-мәдени құндылықтарының мол болуына байланысты Жібек Жолының

бойындағы осы ауылды Кіші Бұхара деп те атаған. Ауылдың кіре беріс батысында 1918 жылы жазықсыз атылған 648 жерлестерімізге ескерткіш орнатылған». Негізінен Қорам және Малыбай ауылдары 1870 ж. Қазақстан картасында көрсетілген» - десе, Қорам батыр ауылының ақсақалы Тұяқов Тоқтасын ерте кезде Қорам өңірінде үлкен медресе, 17 мешіт болғандығын әңгімеледі. «Кеңес өкіметі кезінде сол мешіттерді құртты, ал үлкен медресе балалар үйі болды. 1930 ж. аштық кезінде көптеген адамдар қырылған, ал оған дейін қариялардың айтуы бойынша 17 мың адам болған дейді. Халықтың көбісі Қытайға ауысқан, ал жетім қалған балалар осы медресені паналаған. Кейін соғыс кезінде Украинадан, Белоруссиядан келген жетім балалар да осында өніп өсті» – дейді өңірдің ашаршылық және соғыс жылдарындағы өмірі жайлы. Бүгінде сол ауылдағы сонау жылдардан қалған медресе мешіт болып тұр.

Голощекиндік реформа халықтың жекеменшігінен айырып, содан кейінгі салық салу, қанау салдарынан халық арпалысқан ауыр сындардан өтті.

Дәулеттілер, артынша аштықтан босып шекараның арғы жағына өткен халық тоз-тоз болып шашырады. Десек те, өз еліндегідей емес жат жұрттықта аман қалуға үміт оты барына сеніп, бас сауғалады.

Осындай бір оқиғаны Қаражота ауылының тұрғыны, Сәлбен руының азаматшасы, 40 жыл ұстаздықпен еңбек еткен, зейнеткер, 71 жастағы Тұрсынхан Шәлдибекқызы әңгімелеп берген еді: «Алматы облысы Кеген ауданы Жалаңаш ауылында дүниеге келген Тоқтыхан апа ашаршылықты, одан кейін Қытай өмірін және Тәуелсіздігімізді көрген адам. 1930-32 жылдары ашаршылық кезінде Тоқтыхан апаның әкесі Қожахан Жалаңаш ауылында қазақтың басына түскен ашаршылық кезінде ауыл басқарған әкесі тамақ жоқ, аш қалған отбасыларына 2 қап бидай бергені үшін сотталып кетеді. Соттың шешімі бойынша үш айып тағылған: біріншісі, өкіметтің бидайын рұқсатсыз үлестірді, қол салды десе, екіншісі, намаз оқығандығы, ал үшіншісі, бай адам болғанды айбымен 12 жылға бас бостандығынан айырылып, қамауға алынып кетеді. 12 жылын абақтыда өткізгенше Қытайға қашып өтіп кетуді ойластырады. Абақтыдан қашып, иттерден ізін суыту үшін үш күн Іленің суында отырып Қытай асады да отбасына жасырын хабар береді.

Қазақ жерінде қалған отбасы әкелерінің соңынан анасы Күмісжан және 15 жасар қыз Тоқтыхан апа, 13 жасар інісі Мұқамеди және кіші інісі 4 жас шамасындағы Мұқажан Қытайға аттанады.

Өздері ауқатты бай болған екен, алтын қасық, күміс тамақ ішетін тостағандарын т.б. құнды заттарын ала кетеді. Өз туған жерлерінде күн сайын келіп балаларды шырқыратып үйлерін астаң-кестеңін шығарып «әкелеріңді қайда жасырдыңдар, табындар» - деп тінту жасайтын кеңес өкіметінің тыңшыларынан зәрезап болса, жол жөнекей қарақшылардан бұғынуға тура келеді. Үстілеріне әдейі ескі киімдерін киіп алып, көтере кеткен алтын-күмістерін жаман шүберекке түйіп алады. Егер қарақшылар кездесе қалса жаман шүберекке түйіп алған алтын-күмісі бар түйіншегін астына басып отыра қалады екен. Оның үстінен Тоқтыхан апа сол кезде 15 жасар бой жетіп қалған қыз ғой, әдейі үсті бастарын кір-қожалақ етіп жүреді. Қарақшылар түрлеріне қарап тінтуден жйіркеніп тиіспей кететін көрінеді.

Қашып бара жатқан кездерінде жол-жөнекей тау-тастардың арасында қонып, ас ішіп арасында дем алады. Сондай бір демалған кезінде Тоқтыхан апамыз былай есіне алады. Інісі 13 жасар Мұқамеди екеуі тастардан қалап, ас пісіру үшін ошақ жасайды. Бидайды суға бөктіріп қайнатып жегенде ет жегендей, суын ішкенде сорпа сіміргендей болатынбыз дейтін. Сол кездегі інісі Мұқамеди тастың үстіне шыға қалып аяқ астынан суырып салып өлең оқи жөнелетін дарындылығы бір төбе, жылдамдығы, алғырлығы, пысықтығы, зеректігі, көріпкелдік қасиеттерін айтып, қазір ол тірі болса данышпан адам болар еді деп үнемі көзіне жас алып айтып отыратын. Көріпкелдігі дегені бір күні сол жолда кетіп бара жатқан кезде «Тоқа, сен жәкемді (әкелерін жәке деп айтқан екен) көресің, ал мен көре алмаймын, салем айт» - деген екен. Сонда Тоқтыхан апа «сен неге өйтіп айтасың» - деп қуа жөнелгем, сөйтсем білген екен ғой» - дейтін, жылап. Олай дейтіні, шекара асып бара жатқан да жол-жөнекей Іленің қатты ағысынан өтеді. Аттың алдына кішкентай Мұқажанды отырғызады, ортасында әкесі қарсы алуға жіберген адам, артына Тоқтыхан апа міңгеседі. Сонда Тоқтыхан апаның айтуында: «Судың ағысы қатты болды, әрі терең екен біз мінген аттың денесінің бәрі судың ішінде келе жатыр, мен алдында отырған кішкентай Мұқажанға қолымды созып «ағып кетпесін, ағып кетпесін» - деп шырылдап келемін, сөйтіп әйтеуір жағаға шықтық ау»-дейді. Атты адам бірінші бізді жеткізіп тастамақ болып ары қарай кете бардық. Ал апам мен 13 жасар Мұқамеди келесі кезекке қалған. Бізді оңаша орналасқан бір үйге апарып түсірді, шешем мен Мұқамеди келгенше сол үйде қонатын болдық. Сонда



бір жамандықты сезгендей жүрегім алабұртып ұйықтай алмадым. Бір уақыттарда көзім ілініп кеткен екен, түс көріппін. Түсімде «Мұқамедидің тамақ ішетін күміс тостағаны құлап келе жатыр екен да, менің әдемі бүрмелі ақ көйлегім бар болатын соның етегі қанға малынып қалыпты. Тұра сала үйдегі апаға түсімді айтып едім мені уайымдамасын деді ма «е, әкеңмен аман-есен көріседі екенсіңдер»- деді. Мен де а, деп қоя салдым, бірақ көңілім орнына түспей, апам мен Мұқамеди келетін жаққа қарай бердім. Соның арасынша екі күн өтті. Апамдар келе жатқанын естіп алдарынан жүгіріп шықтым, сөйтсем 13 жасар інім Мұқамеди жоқ. Жүрегім дір ете қалды да «Мұқамеди қайда?» – деп айғай салып едім, апам «Мұқамеди енді жоқ» - демесі бар ма. Содан бәріміз улап-шуладық та қалдық. Сонда шешесі мен Мұқамеди қалғаннан кейін болған оқиға былай екен: Мұқамеди тұра сала өзінен-өзі жүгіре кетеді де біраз жерге барып екбегінен құлайды. Жанындағылар жүгіріп қасына барады (қасында әкесі қарсы алуға жіберген адамдар болады), сөйтсе баланы алыстан жылан арбап, шаққан екен. Баланың жүгіре жөнелгені жыланның арбауынан болады. Біраз жатқан бала сол жерде көз жұмады да, жолдың бойына жерлеп кетеді екен. Сонда Тоқтыхан апа осы уақытқа дейін «неге мен қасында болмадым, неге соны бірінші жібермедім. Мұхамедиім қайда жерленді екен, тапсам ғой, басына барсам ғой» – деп жүрегі қанға толып ащы дауысымен жылағанын көргенде төбе шашың шымырлайды. Сөйтіп сегіз ай жүріп ұзақ жолдан көрмегенді көріп Қытайдың жеріне кірген кезде бұл кісілер тоналады. Әкесіне аман-есен қосылады, бірақ ең алғашқы кездегі күндері өте ауыр болады. Аш, жейтін тамақ жоқ болған. Барған жерлерінде бір қытай азаматына жалданып жұмыс істейді. Ол адамда жалданып жұмыс істейтін қазақтар көп еді дейді. Бірте-бірте көп қиыншылықтан кейін қажымай еңбек еткендерінің арқасында жағдайлары оңалады. 1962 жылдары Қытайдан қайтадан Қазақстанға өткенде біраз байлығымыз болды дейді. Әкесі жоқ-жітік адамдарға көп көмектесетінін айтатын. Шекарадан өткен кезде өзімен бірге паспортына жаздырып шекарадан өте алмай тұрған біраз адамдарға көмектесіп, елімізге ала өттік дейтін.

Сол Қытай жеріндегі өмірлерінде де әке-шешесі бірнеше рет балалы болады, бірақ шетінеп кетеді. Сонда Тоқтыхан апаның айтуынша, анасы 18 құрсақ көтерген екен, үш рет егіз тапқан адам болған. Үш рет егіз, яғни 6 баланың 1-еуі ғана аман қалады. Сонда жалпы 18 ұрпақтан 4-еуі ғана аман болып, бүгінде ол кісілердің бала-

шағалары өніп-өсіп жатыр. Ал анасы сол жат жерде 1940-41 жж. 49 жасында өмірден озып, сонда жерленді. Кейіннен анасының қай жерде жерленгені енді есімде жоқ қой, өзге елдің топырағында қалды деп күніренетін. Ал, әкесі қазақ жеріне өткеннен кейін Қытайдан келгендерді Бетпақдалаға қоныстандырды, сол жақта ауырып, 1963 ж. 69 жасында қайтыс болған. Тағдырдың тәлкегінен өз отбасының басынан өткерген қиыншылықтары мен қайғы-қасіреттері 87 жасқа келіп қайтыс болған Тоқтыхан апаның есінен шыққан емес, аузынан тастаған жоқ. Әкесі мен анасының және інісі Мұхамедидің, басқа да бауырларының сүйегі әр аймақта және шалғай жерлерде қалғанына да жаны ауырып отыратын еді.

Бұл ашаршылық кезінде Қытай асқан бір ғана отбасының басынан өткен жағдай, ал мұндай әр түрлі қиыншылықты бастарынан өткеріп түтіні сөнгендері қаншама.

Шелек өңірі ашаршылық жылдары да, соғыстан кейінгі жылдары да аштықтан көп зардап шеккен, бірақ Кеген, Нарынқол өңірі ашаршылыққа көп ұшырамаған, тау-тастың арасында мал баққан адамдар аман қалған» - деген еді.

«Ертеректе Шелек өңірі Қыстық елінің жері болған. Қыстық еліне қариялардың айтуында 1927 ж. санақ бойынша Жайынды деген рудан 520 түтін, Құлақайлардан 82 түтін болған екен. Ашаршылық кезінде сол 82 түтіннің 20-ы қырылып қалған екен» - дейді өз әңгімесінде Шелек ауылының тұрғыны Қыстық руының азаматы Тұрсынбай Байбекұлы.

Елімізде ашаршылық жайлаған жылдары 1929-33 жж. Европада ірі капиталистік мемлекеттер бір-бірімен қақтығысып, дүнижүзілік экономикалық дағдарысқа ұшырады. Билікке қол жеткізген фашистік күштер дүниежүзін қайта бөлуге (Германия, Италия, Жапония) кірісті. Ең бірінші болып майдан ашқан 1933 ж. Жапония Қиыр шығыста соғыс өртін жақты.

1936 жылы Германия мен Жапония одақ болып құрылып, 1937 жылы оларға Италия қосылды. Осы жылы Германия Австрияны басып алса, 1939 жылы сәуір, мамырда Англия, Франция, КСРО мемлекеттері бір-бірімен келісімге келіп, соғыс бола қалған жағдайда өзара қолдау көрсетуге қол қойды. Бірақ 1939 жылы 1 қыркүйекте Германия Польшаны басып алғаннан кейін фашистерге қарсы соғыс жариялап екінші дүниежүзілік соғыс басталды [1].

Осы Ұлы Отан соғысы басталған кезде гитлерлік әскерге жәрдемдесуі мүмкін деген желеумен КСРО-ның шекараға жақын

орналасқан тұтастай халықтарды Қазақстанға күштеп жер аудару орын алды. Алдымен оған Қиыр Шығысты мекендейтін кәрістер ілініп, олардың Қазақстан Республикасына 20 141 отбасы орналастырылды, оның ішінде 95 421 адам болды. Содан кейін Әзірбайжан, Армян, поляк ұлттары Қазақстан республикасына жер аударылып 1940 - 1941 жылдары 105 мың адамға жетті.

1941 ж. 28 тамызда Еділ жағалауында орналастырылған неміс ұлтын көшіру туралы қаулы шығып, осы жылдың күзінде 1 млн 120 мың неміс күштеп жер аударылып, олардың қазақ жеріне 420 мың отбасы қоныстандырылады. Мұнан кейін де 1943-1944 жж. қазақ жерінде Солтүстік Кавказдан күштеп жер аударылған халықтар қоныстандырылды [2].

КСРО-да жаппай күштеп көшіру етек алғанда соғыс өртің тұтандырушы Германия мен Жапония басқыншылық әрекеттерін іске асырып, 1941 жылы 12 мемлекет Германияның қол астында қалса, Жапония Қытай, Үнді Қытай, Тайланд Бирмада, Индонезия аралдарын басып алған болатын.

Сөйтіп КСРО-ның шекаралық аймақтарына қосымша әскери күш шоғырландырып, қауіпсіздікті қамтамассыз етті.

Осы жайында Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының Ащысай ауылынан, Қаңлы руының азаматы бүгінде 90-нан асқан Мұқанов Жұмахан былай дейді: «Фашистер соғыс ашқалы жатыр деп, Сталиннің тапсырмасымен Қиыр Шығысқа 7 баланы дайындады. 15 күндік дайындықтан соң Иркутскіден ең алдымен бірінші эшелонмен біз өттік. Артымызда әлі 6 эшалон бар еді, Спасскі раёзине ертең-ерте барып едік бұрқылдатып кешке дейін тұрып қалдық. Ол кезде көмірмен жанатын эшалон. Орыстың балалары тұрамызба өстіп деп шуылдады. Сөйтсек артымыздағы 6 эшелонды Иркутскіге түсіріп, қысқарту жасапты. Біз өткен соң жол таза деп команда беріп хабарлап қойған екен, олар келе жатқанда темір жолының шпалдарының шегесін шығарып, жолды бұзып тастаған болып шықты. Ол кезде шпион деген мықты істеді ғой. Сол өте алмай қалған 6 эшелонның біреуі ок-дәрісі бар бәрі Иркутскіде қалды. 1942 ж. Қиыр Шығысқа барғаннан ешқандай соғысқа қатысқан жоқпыз. Жапон Қытай жерін алып алған екен ғой, Манчжурияда болдық. Жапон шекарасында орман ағаштарының арасында палаткада ұстады. Тек, әне ашады соғыс, міне ашады соғыс деумен болдық. 5 жылдық майдан жүріп жатқан кезде біздің әскери орында 18 күндік соғыс болды, сондағы қырылған адамның өзі өте көп еді. Қиын болды. Бөтелкені алады да

танкінің алдынан жүгіреді, өзі де жарылады машина да жарылады. Өлгі кішкентай күнінен үйрететін Жапондардың армиясы бар ғой Фонтун ба еді, сол армия талайды құртты. Бір тау бар екен сол таудың етегі сазды жерде танкі, Американ пушкісі тіркелген еді біз сонда тұрып қалдық. Сөйтіп тұрып қалғанда жапонның 4 солдаты қолын көтеріп келіп, мылтығын тастады. Содан танкистер, орыстар «талай уақыттан соғыста жүріп жолдастарымыздан айырылмап едік, сендердің кесірлеріңнен талайынан айырылды» - деп, оларды бірінің үстіне бірін айқастырып жатқызып байлап, үстіне бензин құйып, тірідей от қойды. Негізінен оларды ана бетте отырғандар әдейі жіберіп отыр ғой, қалай қабылдайды екен деп. Қабылдаса берілме, егер жандарын қинай бастаса атыспақшы. Содан от қойған соң төбеден оқ жаудырып атыс басталып та кетті. Содан командир катюшерді шақырып алып 4-5 рет оқ атып еді, дым болды. Сөйтіп 18 күндік соғыс бітті. Басқа соғыс болған жоқ, бірақ сол шекара аймағында біздерді 1948 ж. дейін ұстады да 7 март күні ауылға (Ащысайға) келдім. Ауылға келген соң қиыншылықты содан көрдік. Ауылдың жағдайы армиядағыдай емес өте нашар екен, тамақ жоқ аш. Аштықтан адамдар ісініп кеткен. Шешем науқас екен. Келе сала жұмысқа кірістім. Ауылға келіп военкоматқа тіркелгеннен соң Сыдық деген егіс бригадасының бастығына жіберді, көктемде атпен соқа айдап күні бойы жұмыс істейміз де 800 гр күріштің кішкентай-кішкентай қалдықтары қалады ғой соны береді. Мына Шелек аулының төменгі жағында Бабатоған деген колхоз бар, сонда күріш егетін, бастығы Жабықпаев Қалибек деген кісі болды, бұл жерде Өміржан Мұхамеджан, Шойғара, деген бастық болды екеуі жолдас екен сол күріштен қалған күрмекті өкімет алмайтын болған соң оны егіс алқабында күні бойы жұмыс істегендерге береді, істемесе ол да жоқ. Соны шешем екі кісіге арнап пісіріп сорпа, көже жасап сонымен үйтіп-бүйтіп күн көрдік. Ол жұмыстан кейін учетчик болып жұмыс істедім да 50 ж. егіс бригадирі етіп сайлады. 1952 ж. астықты жақсы алып, онда суды сатып береді, колхоздың бастығын дайындайтын оқу бар екен, сол мына жақын жерден Талғардан ашыла қалды да сонда барып оқуға райкомнан қаулы шығарыпты. Соны 1955 ж. бітіп келген соң егіс бригадирі болып істеп жүріп институтты сырттай бітірдім. Ол кездегі ауыл тұрғындарының жағдайы өте нашар болды, аш, тамақтың жоқтығынан адамдар үлкен болып кеуіп, ісініп кетеді екен, ол тек 55 ж. кейін ғана бірте-бірте жақсара бастады» - деп ақсақал өзінің басынан өткен оқиғаны еске алады.

Соғысты нәтижелі аяқтау үшін барлық мүмкіндіктерді сөзсіз іске қосу керек екендігі түсінікті де. Ұлы Отан соғысы жылдары ауылда қалған көбіне қарттар мен жас балалар мен әйел адамдар болды. Олардың да жас-кәрі демей соғысты жеңіспен аяқтауға қосқан үлесі мен атқарған еңбектері бір төбе.

Орал қаласы Ақжайық ауданының Базартөбе аулының тұрғыны, Алашаның Олжайы руынан, бүгінде 80-ге келген Балым Зейноллақызы былай дейді: «1940 жылы алты жаста болдым, 1941 жылы әкем соғысқа кетті, содан 1941 ж. желтоқсанында Оралдан Базартөбеге (Базартөбе Оралдан шамамен 300 шақырым, Жайық өзенінің арғы бетінде орналасқан ауыл) жаяу келген. Әкем соғыстан бір қолынан айырылыпты. Келген кезінде қолының ісігені басылмаған таңулы еді. Көп кешікпей «мен еңбек етем, жұмыс жасаймын маған жұмыс беріңдер» дегенде, әкеме бағуға сиыр берді. Бұл малды 2 ай шамасында баққан соң әкеме қайтадан 25 ұрғашы, 24 еркек мал 50 шақты жылқы берді. Базартөбеде Монбай деген жер бар болатын, қазір ол Қаратөбе мен Төленің екі ортасындағы жер болатын. Сонда алған жылқыларын бағып, бірінші жылы оның 12 бие туды. Ол кезде бізге ақша бермейді, сол жылқы баққан еңбекақы ретінде бір жылға бір құлын берді. Сол құлынды сатып сыйырлы болам деп бір бұзау, он екі пұт астық алдық, содан кейін әкем өзіне киім алды. Біздер баламыз ғой, тамақ керек, әкем жылқыны да бағады сол жер жыртып астықты да егеді. Егіс еккен кезінде соғыстан айырылып келген ауыру қолына шелекті іліп алады да екінші сол қолымен егінді шашып бір қолымен барлық жұмысты атқаратын еді. 1943-1944 жылдар ма екен бұрынғыдай емес егістік көп боп, жақсы жайқалып шықты. Сол жылдары бүкіл мал қырылып қалды, ал олардың аштан қырылып жатыр ма, ауырудан өліп жатыр ма әйтеуір белгісіз еді. Біздер сол кезде өлген малдың етін жей алмаймыз, қорқамыз сотталып кетеміз ба деп.

Ал мен соғыс басталғанда 6 жастағы қыз болдым. Анамыз жүн иіреді, біздер күні-түні жылы қолғап, шұлықтар тоқыдық. Ол шұлықты Малыбай деген, аяғын ақсап басатын еді, ер адам жинап алып кететін. Оларды соғыстағы әке, аға, күйеулеріне береміз деп алып кететін әйтеуір, қайда алып кетіп жатқанын да білмейміз. Ол кезде свет жоқ, қолдан май шам жасап алып соның жарығымен тоқыма тоқитынбыз» - дейді. Бұл әрине соғыс жылдарында 6 жастағы баланың жеңіс үшін күн-түн демей тылда еңбек еткен адамдардың бір көрінісі ғана.

Ұлы Отан соғысы зардабынан көптеген халықтар жерінен, материалдық техникалық және тағы басқа байлықтарынан айырылып жатқанда, барлық мүмкіндіктерді күшейтіп, қорғаныс өндірісінің жұмысын ұйымдастырып, азық-түлік, су базасының жұмысын жақсарту, яғни соғысты нәтижелі аяқтау үшін барлық мүмкіндіктерді сөзсіз іске қосу керек екендігі түсінікті де. Дегенмен соғыс аяқталғаннан кейін де ұзақ уақыт еңсесін көтере алмай тұралаған көбіне ауылшаруашылығы мен ауыл тұрғындары болды. Сондықтан Мұқанов Жұмахан қарияның айтуынша «армиядағыдай емес, ауылда жағдай қиын екен» деуінен көп нәрсе аңғаруға болады.

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін де ауылшаруашылығы қатты тұралады. Барлық күш жігер негізінен өнеркәсіп саласын дамытуға жұмсалып, ауыл шаруашылығы едәуір артта қалып қойды. Ауыл шаруашылығында техниканың жетіспеуі еңбек ресурстарының да жеткіліксіз екенін көрсетті. Ауыр жұмыстар қол еңбегімен орындалды. Барлық өнім мемлекетке өткізілді. Бұл республикамыздағы тұрғын халықтарды күнделікті азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуге әсер етті.

Қазақ тарихында белгілі екі аштықтан басқа 1947-1948 жж. ауыл адамдары аштықты басынан өткергендігі және аштықтан ісініп кеткендігі туралы осы іссапарда қариялардан естіген едік. Онда Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданына барған кезде де Батыс Қазақстан Орал қаласының Жыптиты ауданының қарияларымен болған сұхбаттарда Қазақстанның қай ауылы болмасын аштықтың болғандығын баяндайды. Халықтың тұрмысының нашар болғандығы сондай, аяқкиімінің жоқтығынан ағашты табанға байлап кигендігін айтты.

Онсыз да тұрмыстың ауырлығы елді қысып тұрғанда КСРО-да салық мәселесі жергілікті тұрғындарды одан әрі тұралауға әкелгендігін әлі де ұмытқан емес. Бұл туралы Еңбекшіқазақ ауданы Таусүгір ауылының тұрғыны Қыстық руының азаматы 74 жастағы қария Доғалов Бейсен былай дейді: «Мен өзім 1940 жылы туылдым, 45 ж. 5 жаста болдым одан бері қарай білетінім халық өте нашар тұрды. Халық тапшылықта болды. Тамаққа тоймай, киімге жарымады.

Сонда менің есімде қалғаны өкімет әр отбасынан 40 кг ет, 8 кг сары май салық салатын. Халықтың өзі нашар тұрса да ол әр отбасында бар ма жоқ па онда шаруасы жоқ, заң қатты ғой салықты таптырды. Сонда бізде мал жоқ еді әкем әйтеуір туыстардан болсын, бірнәрселерді айырбастап болсын өкіметке құяды. Салықтың ең

қиыны сарымай болатын. Салықты төлеу міндетті түрде, олардың қайда кетіп жатқаны белгісіз еді. Сонда есімде салық инспекторлары жұмыс істеді, біздің ауылда Мұқан деген кісі еді, салықты төлетпей кетпейтін, қадалып отырып алатын. Міне сондай заман болды.

Әлі есімде Телбаев деген кісі колхоздың председателі және Калипа деген әйел адам болды. Олар хат танымайтын адамдар еді, көп балалы отбасыларына 2 кг, 3 кг ұн беретін. Оған саусағымен мөр басып беретін, қол қою білмейді ғой. Әлгі 2, 3 кг ұн не болады, шешелеріміз одан тапаға жұп-жұқа етіп пісіріп, тақтайға жайып, жоғарыға іліп қоятын. Біз қарнымыз аш, жылап кептіріп қойған нанды сұрай береміз ғой, сонда кішкентай ғана сындырып беріп қоятын. Бұл енді өте қиын жағдай еді. Немесе тары болса таудың етегінде таякпен түртіп-түртіп тары егетін, ол кезде соқа да жоқ. Ол жаңбырдың суымен өседі. Піскен соң орақпен орып алып, буып, басын ұрып дәнін түсіреді, сосын ұшырып тазалайды. Оны келіге түйеді де немесе қазанға салып қайнатады да суын төгіп тастап, ұзын таяқтың басына білеудей қылып шүберек байлап, әлгі тарыны сол таякпен араластырып отырып қуырады. Қуырылған тарының қауызы тез түседі соны бөктіріп жейді. Сол кезде бізге кебегін беретін. Тек, 1952 ж. колхоздың бәрін бірін-біріне қосып ірілендірді ғой, содан халық 54-55 жж. нанға тоя бастады» - деп есіне алады қария.

Бүгіндері Қазақстанның тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде орын алған олқылықтар баршылық. Дегенмен, тың және тыңайған жерлерді игеру аймағына айналған елімізде, астықтың мол болуы, көп уақыт ашыққан халықтың алғаш рет тойымды өмір сүруі осыдан басталған еді. Халықтың әл-аухаты көтеріліп, ауылдық жерлердегі мәдени шаралар көбейіп, біршама жаймашуақ өмір осыдан басталды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Екінші дүние жүзілік соғыс. Қазақ Совет энциклопедиясы. 5 том. – 214 б.
2. Қазақстанға жер аударылған халықтар. Қазақ Ұлттық энциклопедиясы. 4 том. – 164 б.

# Алматы қаласындағы тұрғындары: ХХ ғ. 20-30 ж.ж. әлеуметтік- демографиялық сипаты

Дария АСЫМОВА,  
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың докторанты

**К**үнделікті тарих – адамның үйреншікті тіршілігіндегі болып жатқан өзгерістерді тарихи-мәдени, саяси-оқиғалық, этникалық және конфессионалдық мәнмәтінде (контексте) қарастыратын тарихи білімнің бір саласы. Күнделікті тарихтың басты назары – адамдар өздері түсіндіріп бере алатын және де тұтас өмірлік әлемде соған қатысты субъективті мәнгі ие бола алатын шынайылық. Сонымен қатар осы шынайылықты түрлі әлеуметтік топтағы адамдардың нақты өмірін, олардың мінез-құлқын және болып жатқан оқиғаларға қатысты жан толғаныстарын кешенді түрде зерттеу болып табылады. ХХ ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап гуманитарлық ғылымдағы «тарихи-антропологиялық бетбұрыстың құрамдас бөлігі ретінде өткенді зерттеудің жеке саласы күнделікті тарихтың қалыптасып, дами бастағаны белгілі [1].

Бүгінгі дамыған технологиялар мен ақпараттар қоғамында кез келген елдің немесе халықтың болашақ өркениеттік дамуы сырттан енгізіліп отырған саяси технологиялар мен экономикалық реформалау әдістерінің көмегіне жүгіну бой алдыруда. Сондықтан, соңғы жылдары ұлттың өткен тарихы мен дәстүрлі рухани өмірін тереңірек ұғынуда оның күнделікті тарихын зерттеуге ден қойыла бастады.



Осы тұста мәңгілік пен мезет, кешегі мен бүгін деген болмыстың уақыттық сипаттамасына бір сәт тереңірек үнілер болсақ, аталған ұғымдардың біртұтас бірлігі уақытты құрайтындығын түсінеміз. Ал тарих үшін сол уақыт аралығындағы болған оқиғалар, себеп, өзгеріс, үстемдік еткен қоғам, сол қоғамға қызмет еткен адамдар, белгілі бір кеңістікте қалыптасқан қалалар, ондағы өмір, мәдениет т.б. компоненттерімен қатар қандай да болмасын өз кезеңінің ерекшеліктерін сипаттайды. Ойымызды осы күнделікті тарихты зерттеуді алғашқылардың бірі болып қолға алған батыстық зерттеуші Боймның тұжырымдамасымен толықтыралық: «Исследование пов-седневности позволяет увидеть длинные промежутки истории и, одновременно, разобраться в мелочах жизни. Оно также дает возможность понять культурную ментальность народов, которая сохраняется на длинных исторических промежутках, разобраться в том, как теории претворяются в практику, какова этика повседневного поведения, состоящая из незначительных, но решающих индивидуальных решений и выборов. Исследование повседневности позволяет осмыслить не только правила и запреты данного общества, но и способы уклонения и отступления от них [2].

Осыған орай еліміздің жүріп өткен біртұтас және көп қырлы өмір жолы біздің қаламыздың тарихынан, әсіресе, оның күнделікті тарихынан барынша айқын көрінеді. Себебі, Қазақстан территориясында мыңдаған қоныстар, елді мекендер, ондаған мың қалалар болғанымен, олардың әрқайсысының шежіресі, өз тарихы бар. Және де олардың барлығы дерлік тұтастай бір мемлекеттің тарихы мен тағдырын айқындай алмайды. Алматы қаласы Қазақстанның тарихи, мәдени, қаржы, инновациялық-технологиялық, ақпараттық орталығы ретінде бүкіл әлемге біздің республикамыздың ортақ бет-бейнесін көрсете алады.

Сондықтанда біз осы жұмысымызда ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдары аралығындағы Алматы қаласының күнделікті тарихын суреттеу мақсатында кинофотоқұжаттарында бейнеленген суреттер мен кадрлар негізінде оның әлеуметтік-экономикалық ахуалын, тұрғындарының жағдайын көрсетуге тырыстық. Өйткені, киноқұжаттар өзінің ерекшелігі, сондай-ақ құрылымы бойынша күрделі, кешенді тарихи деректер көзі болып табылады. Киноқұжаттар, әдеттегідей, дыбыссыз және дыбыстық кино кезеңдерінің құжаттары болып бөлінеді. ХХ ғасырдың 30-шы

жылдары дыбыстың пайда болғанына дейін дыбыссыз кино деп аталған қозғалыстағы фотосуреттің пластикалық тілі ретінде сипатталады. Бейне мен дыбысты біріктірген дыбыстық кино аудиобейне ақпараттың таратылудың алғашқы техникалық құрал болып табылды. Күнделік тарихты жазуда деректі материалдардың байлығы мен жарқын көсемсөздігі бойынша киноқұжаттар аудиобейне дереккөздер арасында ерекше орын алуда. Бұл дереккөздердің басқа да ерекше сипаттарын атап өту жөн, оларға мыналар жатады:

- киноқұжаттар (ойын киносы емес) нақты оқиғаларды тікелей көрсетеді, оларға тарихи және әлеуметтік-мәдени маңыздылығы бар жеке деректерді әділ тіркеу қасиеті тән;

- киноқұжаттар фотография және басқа да бейнелеуші дереккөздер сияқты оқиғаны көрнекі және бейнелей отырып көрсете ғана қоймай, сонымен қатар табиғи қозғалыста да көрсете алады, ал бұл өз кезекте тек киноның ғана ерекшелігі болып табылатыны анық;

- киноқұжаттарда қоғамның әлеуметтік ұйымының кез келген саласындағы деректері туралы берілген ақпарат кең таралған көрермендер аудиториясына шаққанда қоғамдық-саяси, идеологиялық, адамгершілікті бағаның қандай да бір формасымен үйлеседі;

- бейнелеудің жеделдігі (кино баспасөз құралдарында) және шынайылықтың барлық сан алуандығының бейне зерттеулері (деректі фильмдерде);

- киноқұжаттар зерттеушілер үшін уақыт өте келе маңызды сипатқа ие болатын нақты ұсақ-түйектердің байлығы мен сан алуандығымен берілген оқиғалар туралы оймен емес, нақты көзбен көрінетін суретті береді;

- тарихи болмыстың деректі материалға бай киноқұжаттар зерттеушінің көзі алдында өзгеріп кеткен немесе жойылып кеткен оқиғаны жаңғырта отырып, оны үлдірде тіркелген оқиғалар куәгері мен қатысушысы ретінде сезімге бөлейді [3]. Бұл дерек киноқұжаттардың басқа тарихи дереккөздер қатарында рөлін ұлғайтады. Тек киноқұжаттар арқылы біз адамдар мен басқа нақты нысандардың қарапайым қалыпты жағдайда қабылданбайтын және елестете алмайтын (адам бетіндегі мимикасы, дене қимылы, өсімдіктердің баяу өсуі және басқа) қозғалысын көре алатын сияқтымыз.

Қаланың күнделікті тынысын зерттеу үшін оның өткені мен бүгiнiне, болашағына бiрдей көз жүгiртуiмiз қажет. «Өткенсiз болашақ жоқ» дейтiн қағиданы ескерсек, бiр сәт Алматы-Верный-Алматы қаласының салыну тарихына көңiл аударғанымыз жөн. Егер II мыңжылдықтан астам тарихы бар қаланың осы бiр «верныйлық» кезеңiнiң кiрпiшi қалануына арыдан көз салар болсақ, аса қауiптi сейсмикалық аумаққа орналасқан қала салудың ғылыми негiзi XIX ғасырдың екiншi жартысынан басталады. Бiрақ құрылысшылар жобалардың қымбаттылығына байланысты ғалым И.В. Мушкетовтың ұсыныстарын да, ғимараттарды салу кезiнде П.М. Зенковтың қолданған құрылыс материалдары мен құрылымдарын (конструкцияларын) да пайдаланбайды. Ал 1867 жылғы жер сiлкiнiсiнен кейiн Верный тек бiр қабатты таза ағаш үйлерден тұратын аласа қалаға айналды. Бұған Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттiк кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалар мұрағатындағы және Алматы облыстық мемлекеттiк мұрағатындағы сол дәуiрде түсiрiлген суреттер, естелiктер мен дыбыссыз фильмдердiң сюжеттерi куә бола алады [4].

Алматы қаласының күнделiктi тарихын жан-жақты ашу үшiн XIX ғасырдан басталған құрылысына, ондағы ғимараттар тарихынан сөз бастаған орынды. Қала құрылысын дамытудағы ең бiр үлкен мәселе – қала территориясын үнемі кеңейтуден туындап отырды. Өздерiңiзге белгiлi Верный Н.И. Криштановский и П.М. Зенковтар дайындаған алғашқы бас жобасын Түркiстан өлкесiнiң генерал-губернаторы Г.А. Колпаковский бекiткен жобамен 1868 жылдан бастап салына бастады. Сонымен бiрге жоспарды бекiту кезiнде бау-бақшалы қоныстар мен жайылымдарға арналған жер телiмдерi айтарлықтай қысқартылып, небәрi 443 шаршы аумақты құрайды. Ендiгi жерде қала аумағы Верный бекiнiсiн (1854-1889 жж.), Үлкен (1855-1927 жж.) және Кiшi (1860-1962 жж.) Алматы станицаларын, Татар слободасын (1857-1962 жж.) және қазiргi Алматы қаласының Медеу ауданында орналасқан өзге де қала маңындағы елдi мекендердi қосып алуға байланысты анағұрлым өсе түстi. Өздерiңiз байқап отырғандай, қала құрылысының жайылымдық жерлерге қарай қанат жая бастауы жер иелерiнiң құқығын тарылтып, ауылшаруашылығы өндiрiсiмен айналысуларына кедергi бола бастады. Ал Жетiсу жерiнде Кеңес өкiметiнiң орнағаннан кейiн 1918 жылғы жердi мемлекет меншiгiне алу және жеке меншiк пен тапқа бөлiнудi жоюға қатысты шығарған шешiмiне байланысты қала территориясы

жөніндегі мәселе шешілді де, осы жылғы қала аумағы 20 шаршы метр болып анықталды [5].

Айтылған жайдан сол кезеңнің куәгері болған И. Кенарскийдің Орталық Мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалар мұрағатындағы сақтаулы жеке қорындағы Алматы қаласының көріністерін бейнелейтін суреттері арқылы да байқаймыз [6].

Сол кезеңде түсірілген және салынған суреттер мен фильмдерде өткен XX ғасырдың екінші онжылдығында, яғни, 1920-шы жылдары жалпы Кеңестер одағы, қала берді республика көлемінде болған басты үш әлеуметтік-экономикалық оқиғаның да Верный қаласының тіршілігіне елеулі ықпал тигізгендігінен хабар береді. Өздеріңізге мәлім, бұл ең алдымен, пролетариат диктатурасының орнауы мен елде жаппай қызыл террор саясатының жалғасуы, жер мен суды, мүлікті мемлекет меншігіне алу және халықты жеке меншік құқығынан айыру, әкімшілік-территориялық шексіздік, революциялық қайта құрулар болды. Ел еңсесін түсіріп кеткен Бірінші дүниежүзілік соғыс пен азамат соғысының ауыр зардаптары, сондай-ақ осы соғыстардың және қазақ даласында кеңінен өрістеген 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 1917 жылғы революцияға ұласуы, 1920 жылғы Алматыдағы антикеңестік бүліктің шығуымен тікелей байланысты.

Қала және Жетісу өлкесінің тарихында келесі үлкен тарихи маңызы бар оқиға, ол 1924 жылы Жетісу облысының Түркістан республикасының құрамынан бөлініп шығып, РКФСР-дың Қазақ (Қырғыз) автономиясының құрамына кіруі. Осы тұста Орта Азияда ұлттық-мемлекеттік шекараны межелеу жүргізілді, сондай-ақ өлкедегі жүргізілген өзгеде реформалар нәтижесінде Алматы қаласы Орынбордан кейінгі нақты әкімшілік, экономикалық және мәдени орталыққа айналды.

Айтылған оқиғалармен қатар, 1926 жылдың 28 ақпанында РКФСР ХКК «Жетісу теміржол магистралін салу туралы» қаулы қабылдады. Кейіннен ол шартты түрде Түркістан-Сібір магистралі, яғни «Түркісіб» деп аталып кетті. Ғасыр күре тамырына айналған Түркістан-Сібір темір жолын салу туралы 1926 жылғы 3 желтоқсанындағы Еңбек және Қорғаныс Кеңесі шешімінің қабылданып, оның жүзеге асырылуы болды. Түркісіб темір жолының жобасын ең алғаш XIX ғасырдың екінші жартысында Алатау бөктерінде қала салуға кіріскен Э. Баум, П. Гурдэ, П. Зенков, Ресейдің жол қатынастары министрі Халковтың Верныйға келген сапарында Путилов зауытынан материалдар

тасымалдатуды жеңілдету мақсатында ұсынған. Патшалық Ресей мен Қазақстанның шеткері жатқан аймақтарындағы байланыстарды нығайту мен елдің экономикасына ықпалын алдын-ала болжаған Мемлекеттік думаның депутаттары М. Тынышбаев пен Гучков та қолдаған еді.

Әлем елдерінің кез-келген үлкен шаһарларының аумағы қаншалықты үлкен болса, тарихы да соншалықты тереңде жатыр. Ондай үлкен де әсем қалалар мәдениет атты қымбат құндылықтарды арқалап қана қоймай, тамыры тереңде жатқан ғасырлар қойнауынан тартылған тарихымен де бағалы. Үлкен шаһардың күнделікті өмірі тұтас бір елдің тарихымен біртұтастықта астарласып дамидынығы шынайы көрініс. Сондықтанда болар ғасырдан ғасырға жасап, атауын әлденеше рет өзгерткен Алматы қаласының тарихы ұлт тарихымен қабыса өрбіп, ондағы өткен әрбір оқиға, саяси-қоғамдық даму, әлеуметтік-экономикалық даму, демографиялық ахуал, мәдени өмірдегі өзгерістерді ішкі бірлікте қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Бастапқыда 1921 ж. 5 ақпанында аудан комитетінің салтанатты жиынында Верный қаласының атауын өзгерту туралы шешім қабылданып, қала «Алматың («Алма-Ата»)» деген жаңа атқа ие болды. Бұл шешім бойынша Жетісу Әскери-революциялық комитеті: «Қаланың революциялық орталық мәртебесін алуына байланысты Жетісу әкімшілік орталығының атауы Алма-Атаға өзгертілсін» деген бұйрық шығарды [7].

Осыдан кейін барып осы жылға 14 наурызда Түркістан АССР Орталық атқару комитетінің декреті бойынша бұл шешім бекітіледі. «Алма-Ата» деген сөзтіркесі «Әулие-ата», «Шолпан-ата» сияқты ортазиялық қалалар атауына сәйкестендіріп алған ташкенттік кеңестік қызметкерлердің ұсынысымен қолдау тауып, мұндағы «ата» Жаратушы, әулие немесе жай ғана әке, ата деген ұғымдарды беру мақсатында қолданысқа енді деген жорамалдарда жоқ емес [8].

Алматы атауын дұрыс жазу мәселесі сол заманда-ақ мемлекеттік деңгейде әлденеше рет көтерілгеніне қарамастан ұзақ жылдар бойы бірнеше ұрпақ қалыптасқан аралықта «Алма-Ата» деген атаумен өмір сүрді.

Жетісу өңірі және оның орталығы болған Верный-Алматы Қазақстанның басқа аймақтары секілді өз даму ерекшелігі бар аймақ. Қалада сонау патшалық отарлау кезеңінен бермен бірнеше ұлт өкілдері өмір сүруде. Аталмыш аймақтың этнодемографиялық жағдайы қоғамның даму кезеңіне байланысты әркезде әрқилы

өзгерістерге ұшырады. Соның нәтижесінде қала халқының саны, ұлттық құрамы, жынысы мен жасы және білім деңгейі де үнемі өзгеруде болды.

Оған әсер еткен саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар да бірқалыпта дамып отырған жоқ. Осылармен қатар қаланың әлеуметтік-демографиялық жағдайына миграциялық процестерде тікелей ықпал етті. Әлеуметтік-демографиялық жағдайдың көрсеткіштеріне сүйенер болсақ миграциялық процесс бірде баяу, бірде қарқынды түрде жүріп отырған. Алматы қаласындағы әлеуметтік-демографиялық жағдай мен миграциялық процестердің ешбір тоқтаусыз жүруінің ең басты себебі аймақтың табиғат жағдайының осында қоныстанушылар үшін өте қолайлы болуында жатса керек. Сондықтанда қай кезеңді алсақта, Алматы қаласындағы халықтың санының табиғи жолмен өсуімен қатар оған ықпал етуші механикалық қозғалыстарда болды.

Атап айтар болсақ, 1923 жылғы жүргізілген халық санағы бойынша Алматы қаласының халқы 45922 (не 41400, оның 3000 қазақтар) адам, 1923 жылғы бүкілресейлік халық санағы бойынша 49461 адамға жетті. Ал, халықтың орналасу тығыздығы бойынша 1 гектарға 36,7 адамнан келеді [9].

1924 жылғы сәуірдегі РК(б)П Орталық Комитетінің Орта Азия бюросы мен Түркістан КП ОК бірлескен мәжілісінде Орта Азия республикаларында мемлекеттік шекараны межелеу жұмыстарын жүргізуге байланысты комиссияның жұмыстарының қорытындысы нәтижесінде екі одақтас республика (Өзбекстан және Түрікмен) құрылып, Түркістанның құрамындағы қазақ аудандары Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің құрамына енгізілгені белгілі.

Міне, осындай республика тарихындағы жылнамалық деректе маңызды оқиға ретінде тіркелген 1924 жылдың 12 маусымындағы Орта Азия ұлттық межелеуі жүргізілгеннен кейін Алматы Жетісу губерниясының әкімшілік және мәдени орталығына айналуына байланысты миграциялық процестер қарқынды жүре бастады. Қалада жаңа құрылыстар жүріп, өндіріс орындары ашылды. Қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге орай аймақ орталығына айналған Алматыда көп салалы өнеркәсіп орындары іске қосылды, атап айтар болсақ, арақ-шарап және сыра қайнату зауыты, тері илейтін 2 зауыт, темекі фабрикасы, баспахана, ұн комбинаттары, қылшық жүннен тоқылатын мата зауыты өз өнімдерін бере бастады. Жаңа өндіріс орындарының іске қосылуына байланысты қала тұрғындарының саны сырттан келген жұмысшылардың есебінен өсе түсті [10].

Бірақ осы әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және демографиялық үрдістердің кейбір жылдарда баяулап қалуына Алматы қаласының сейсмикалық апатты аймақта орналасуы да кері әсерін тигізіп отырды. Мысалға, 1921 жылғы түсірілген суреттен К. Маркс көшесіндегі лайлытас көшкінінен қалған тастар қала көрінісіне ғана емес, сол жылдарда жүргізілетін құрылыстарға да, көше тұрғындарына да көп кедергі келтіргенін болжау қиындық туғызбайды. Табиғат апатынан сескенген халық мекен-жайларын ауыстыруға дейін барды [11].

Мұрағат қорларында сақталған көнерген суреттер мен дыбыссыз жазылған алғашқы бейнелі таспаларды қарай отырып, тарих қойнауына тереңдей енген, революциялық дүмпулерге толы ХХ ғасырдың 20 жылдарындағы Алматы қаласының сыртқы көрінісі мен қала тұрғындарының әлеуметтік-тұрмыстық сипатымен таныса аламыз. Жоғарыда айтып кеткеніміздей Іле Алатауының баурайында сейсмикалық апатты ауданға орналасқан қаланың күнделікті тіршілігінің өзі табиғаттың тосыннан келер апатынан ешбір қорғансыз еді. Аймақта сел тасқыны, су тасқыны, жер сілкінісі секілді табиғи апаттар жиі болып тұратын. Жалпы осындай ірі табиғи апаттар Алматыда 1887 жылы 28 мамыр мен 1910 жылы 22 желтоқсанында болғаны тарихтан белгілі. Жаңа билік реформаларына үйренісе алмай отырған қала тұрғындарын 1921 жылы 8 маусымдағы түнгі сел тасқыны біраз әбігерге салды.

Соңғы болған сел апаты қаланың әлеуметтік-экономикалық ахуалына айтарлықтай көп шығын әкелді. Балшықпен алып тастардан тұратын лай су тасқыны 3 миллион текше метрге жуық аумақты шарпиды. Қаланың ең көрікті және байырғы үйлері тас көшкінің астында қалды. Соның салдарынан 65 үй толық қирап, 82-сі қатты зақымданды. Қала аумағындағы 177 шаруашылық құрылыстары, 18 диірмен, темекі фабрикасы, 2 тері зауыты да қирап, жұмысын тоқтатуға мәжбүр болады. Қала әкімшілігі табиғат апатының зардаптарын тұрғындардың көмегімен жоюға әрекет жасайды. Мұрағат құжаттарында осы табиғи апат зардаптары туралы былай жазылған: «Көшелерді қоқыстардан тазартып, оларды тасқынның салдарынан пайда болған шұқанақтарға төгіп бітеген жөн. ... тазарту жұмыстарына қала тұрғындарын да тарту қажет» [12].

Жүріп өткен селді тасқынның алапаттығы соншалықты қала көшелерін тас пен лай балшықты илеуге айналдырып тастайды. Сол тұстағы қаланың орталығы саналатын Мещанская (қазіргі Қабанбай

батыр) және Артиллерия (қазіргі Құрманғазы) көшелерінің арасы, Нарын (қазіргі Уәлиханов көшесі) көшесінің бойы селмен ағып келген лай мен қойтастардан адам жүргісіз түрге енді. Сол жылдары түсірілген сурет бойынша айтар болсақ, Мещанская (қазіргі Қабанбай батыр) және Артиллерия (қазіргі Құрманғазы) көшелерінің арасындағы екі квартал бойы аяқ алып жүруге мүмкін болмайтын сазды балшық пен қойтастардың үйінділері жатыр. Көше бойы қоқыстарға толы. Тіпті кейбір үйлердің іргесіне дейін лайлы қоқыстар басып қалған. Тротуарлар мен жолдарды қиыршық және ұсақ құмдар жауып жатыр. [13]. Сол күндердің белгісіндей бүгінде Құрманғазы және Достық даңғылдарының бойында жатқан қойтастарда сол жылдардағы апатты күндердің және жалпы қаланың күнделікті тіршілігі мен тынысының ізі мен жаңғырығы хатталып қалғандай көрінеді.

Тосыннан келген табиғи апаттан қаланың шығыс бөлігі мен К. Маркс көшесі аралығы да едәуір қирады. Сел тасқыны Кіші және Үлкен Алматы өзендерінің ескі арнасын бойлай отырып тұрғын үйлер мен шаруашылық құрылыстарды, егістік пен бау-бақшаларды шайып өтті. Бұл туралы деректі құжаттармен қатар, оқиғаның куәгерлері болған қала тұрғындарының естеліктерінде жан-жақты баяндалады [14].

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, күні бүгінге дейін аталған аудандарда сол тасқыннан қалған жәдігердей болып қалып қойған алып қойтастар қазіргі кезде қаланың көркіне өзіндік сән беріп тұрғанымен, келген апаттың салмағының ауыр болғандығынан да хабар береді.

Тасқыннан кейін жүргізілген жөндеу-құрылыс жұмыстары нәтижесінде қаладағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар орналасқан ғимараттар жаңарды, сонымен қатар жергілікті муниципалитет қарамағына өткен тұрғын үйлердің 75 пайызы жөндеуден өтті.

Ескірген суреттер мен дыбыссыз фильмдердегі көріністерден Алматы қаласында қазақстандық далалық аймақта орналасқан көне қалаларындағыдай ежелден келе жатқан ең қарапайым көріктендіру белгілерін байқамадық. Бірнеше рет қайталанған табиғи апат салдарынан болар қала көшелері мен оның маңы түрлі қалдықтармен ластанған, тас көшкінен толық арылмаған арықтары тартылғанына қарамастан жүйелі көріктендіру мен көгалдандыру жұмыстары жүргізілмеген. Тұрғылықты халықты сумен қамтамасыз ету өте



ауыр жағдайда болды. Қала маңындағы Алматы өзенінен суды бөшкелер арқылы тасу немесе осы өзеннен келетін арық суын, тіпті кейбір жерлерде қарапайым қазылған құдықтар пайдаланылған [15].

Дегенмен, орталықтан шалғайда және табиғи сейсмикалық қауіпті аймақта орналасқанына қарамастан, Алматы экономикалық, әкімшілік мәдени және демографиялық даму деңгейі мен көрсеткіші бойынша Қазақстанның басқа қалаларынан озық шықты.

Орынбордан астананы көшіру мәселесі көтерілген тұста, яғни 1925 ж. Қазақ АКСР-нің құрамына Сырдария мен Жетісу губернияларын қосуға байланысты республиканың орталығы ретінде таңдауға ие болған Қызылорда қаласы астанаға лайық деп табылды. Ұсынылған қалалардың ішінде Алматы қаласы да астана болуға үміткер еді, бірақ Қазақстанның басқа аймақтарымен Орынбор-Ташкент темір жолы секілді тиімді байланыстың болмауынан тізімнен алынды.

Жетісу өңірінің орталығына айналған Верный-Алматыдағы қала халқының саны 1913 ж. қарсаңында 41 400 болғанымен, оның әлеуметтік құрамында, кәсібінде, жыныс, жас және ұлттық құрамында айтарлықтай өзгеріс болмады. Дегенменен, 1912 жылдан басталған Бірінші дүние жүзілік соғыстың, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің, оған ұласқан азамат соғысының, «Қызыл қырғын жылдары, қазақ халқына шексіз қайғы-қасірет әкелген 1921-22 жылдардағы ашаршылықтың салдары мен зардаптары нәтижесінде тұрғындардың, әсіресе еркектердің саны едәуір азайды. Ауыр жылдардың соққысынан халық күйзеліске ұшырап, оның тұрмыс жағдайы күрт төмендеді. Осының салдарынан халықтың жыныс-жас құрылымы өзгеріп, туу деңгейі азайды, өлім-жітім көбейіп, табиғи өсім қатты төмендеді. Келесі 1923 жылғы өткен халық санағы бойынша Алматы қаласында әйелдер саны басым болып, 9 жасқа дейінгі балалар азайды (25,2%), 60-тан асатындар 7% болды. Саяси-қоғамдық өмірде болып жатқан революциялық өзгерістер қала халқының әлеуметтік құрылымының өзгеруіне әкелді және де сословиелік жіктелулер де жойыла бастады [16].

Қарастырылып отырған онжылдық саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани-психологиялық салада жүргізілген қатал авторитарлық-идеологиялық сипаттағы реформаларға толы болды. Солақай саясаттың салдарынан бүкілодақтық деңгейде 1921-22 жылдары жұт және оның ізін ала келген ашаршылықтың орын алуы халық санының күрт азаюына апарып соқтырды. Ол әсіресе, көшпелі және жартылай отырықшы өмір сүріп отырған жергілікті халықтың

өкілдері үшін ауыр болды. Он мыңдаған қазақ шаруашылықтары малдарынан айырылып күйреді, ірі қалаларға, өзге жұртқа қоныс аудару кең етек алды. Осы жылдары Алматы қаласында босқындарды қабылдайтын арнайы орындар ашылды, олар босқындарды тамақ пен уақытша баспанамен қамтамасыз етуге әрекет жасалды. Және біртіндеп өндіріс орындарына тарту жұмыстары жүргізілді [17].

XX ғасырдың 20-жылдары кеңестік тоталитарлық мемлекеттің қалыптасуымен қатар, кеңестік жүйе шеңберінде этно-әлеуметтік топтар мен Орта Азия елдері халықтарының өмір тіршілігінің барлық саласын күштеп бұзу мен өзгерту кезеңі болды. Сондықтан бұл уақыт аса күрделі әрі күні бүгінге дейін түбегейлі толық зерттелмеген, шындығы толық ашылмаған кезең болып табылады.

1917-1930 жылдар аралығындағы әлеуметтік-экономикалық және демографиялық дамуға сипаттама беруге байланысты жүргізілген халық және ауылшаруашылық санақтары таптық күрес мазмұнында өтті. Оған сол жылдары жүргізілген санақ құжаттары айғақ бола алады. Жүргізілген демографиялық санақтарда халықтың жынысын, жасын, ұлттық құрамын, білімділігін, еңбекке жарамдылығы мен тартылуы анықталады. Осылармен қатар халықтың әлеуметтік жағдайын, қала және село тұрғындарын, үй иелері мен пәтер иелерін, олардың отбасын, санын, мамандық деңгейі мен біліктілігі және т.б. толық қарастырады. Демографиялық санақпен қатар ауылшаруашылық санағы жүргізілді. Оның атқарар міндеттері өзгеше болып келеді.

XIX ғасырдан бастап қазақ жерінің толықтай Ресей империясының құрамына енуі Жетісу өлкесінің ғана емес Алматы қаласы халқының құрамында көп ұлтты жасады.

**1-кесте. 1926 жылғы санақ бойынша Алматы қаласы халқының ұлттық құрамы [18].**

Ұлттар	Саны	Пайызы
Орыстар	24996	55,1
Қазақтар	3006	6,6
Украиндар	4870	10,7
Татарлар	2321	5,1
Ұйғырлар	5459	12,0

Евреилер	-	-
Мордвалар	131	0,3
Белорустар	217	0,5
Өзбектер	1611	3,6
басқа ұлттар	2784	6Д
<b>Барлығы</b>	<b>45395</b>	<b>100,0</b>

1926 жылғы санақ қорытындысы бойынша, Алматы қаласы бойынша негізгі ұлттар саны: орыстар 24996 адам болып, барлық қала тұрғындарының 55,1 пайызын құрады. Ал қазақтар 3006 адам болып 6,6 пайыз болды. Содан кейін украиндықтар 10,7%, ұйғырлар 12%, татарлар 5,1%, өзбектер 3,6%, белорустар 0,5%, мордвалықтар 0,3% және басқа ұлт өкілдері 6,1 пайызды көрсетеді.

Санақ бойынша Алматыда 45395 адам, оның 49,9% (22647) ерлер, ал 50,1 пайызы (22748) әйелдер болған. Ал, 1939 жылы қалада 230503 (ерлер 50,1%, әйелдер 49,9%) адам тұрып, 13 жыл ішінде қала халқы 5,1 есе өсті. Халықты аудандарға бөліп қарайтын болсақ, Каганович ауданында – 13,4%, Ленин – 22,1%, Сталин – 31,7%, Фрунзе – 32,8% адам тұрған. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, Қазақстанның оңтүстігі мен солтүстік аудандарын қосатын экономикалық орталық ретінде дами бастаған Алматы қаласынан 1500 шақырым қашықтықта КСРО-ның Еңбек және Қорғаныс Кеңесі 1926 жылы 3 желтоқсандағы мәжілісінде Түркістан-Сібір темір жолын салу шешімін қабылдайды.

1929 жылы «Союзкиножурнал» бірлестігі түсірген «На строительстве Турксиба» атты дыбыссыз құжатты фильмде Түркістің солтүстік және оңтүстік учаскелерінің түйіскен жерінен 25 км қашықтықтағы бетон көпірдің салынуы жайында хабар береді. Фильмнің өн бойынан қазақ жұмысшыларының күнделікті ахуалының, тұрмыс-тіршілігіне қарамастан ауыр қара жұмысқа болашақ үшін құлшына араласып жатқандығын көреміз. Олардың жұмыс көлігі мен құралы да соншалықты қарабайыр. Бұл сюжеттердегі көрініс сол тұстағы қазақ халқының жалпы әлеуметтік-экономикалық жағдайының, сондай-ақ демографиялық толқуларының да айқын бейнесі бола алатындығы сөзсіз [19].

Алматы халқының санының өсуі мен әлеуметтік-демографиялық ахуалына жедел қарқынмен жүргізіліп, бүкілодақтық сипат алған Түркістан-Сібір темір жолының ықпалы күшті болды. Бұл қаланың

жедел қарқында экономикалық дамуына және халық санының өсуі мен құрамына үлкен әсер етті. Мысалы, 1927-1928 жылдары халық саны 55455 адам болса, 1928-1929 жылдары 60939 адам, 1929-1930 жылдары 69470 адамға көбейген [20].

Жұмыс іздеген және ашаршылықтан әбден тозған халықтың қалаға ағылуы күшейді, ол урбанизацияның дамуына әкелді. Қала халқының өсуімен қатар, қала экономикасы да тез қарқынмен дамыды. Сөйтіп, Алматы қаласы ірі индустрия орталығына айналды. Индустрияның дамуына байланысты Алматы қаласында жұмысшылар саны да артты. Халықтың 44,5 пайызы әртүрлі жұмыс орындарында, соның ішінде өндірісте 19,9%, құрылыста — 10,3%, ауыл шаруашылығында 5,3 %, орман шаруашылығында - 0,1%, тұрғын үй шаруашылығында - 2,7%, көлік пен байланыста - 10,2%, ғылым, өнер, баспаларда - 10,7%, денсаулық сақтау мекемелерінде 5,6%, мемлекеттік мекемелерде - 11,9%, сауда орындарында - 11,6% және 14,5 пайызы тағы басқа орындарында жұмысқа тартылған [21].

«Величайшая победа социалистической стройки. Казахстан» атты сол күндердің дыбыссыз таспаға түсірілген көрінісіне көз жүгіртер болсақ, Қазақстандағы социалистік құрылыстың қарабайырлығына қарамастан оның жеңімпаздығы паш етіледі. Түркісбтің шығыс бөлімшесіндегі құрылыстардың басталуындағы салтанатты шеруге қатысушы қазақ жұмысшыларының үстіндегі жұпыны киімі, қолындағы жұмыс құралының өзі-ақ сол тұстағы республиканың әлеуметтік-экономикалық ахуалын көрсетсе, кадрдағы әртүрлі ұлт өкілдері демографиялық жағдайды, халықтың ұлттық құрамынан хабар береді.

Ал шпалдар мен рельстерді төсеудегі ауыртпалықтар Түркісб темір жолын салу үлкен жауапкершілікті, қыруар қаржы мен жұмыс күшін қажет еткендігін білдіреді. Сондай-ақ осы кадрларды көре отырып кеңестік кезеңнің алғашқы жылдарынан бастап-ақ жұмысшылардың ұлттық құрамының басым бөлігін қазақ жастары құрайтындығын түсінеміз. Дыбыссыз жазылған кадрлардағы біздер үшін ең қажетті тұсы – Алматы станциясына алғашқы поездың келуі, оны қала тұрғындарының қарсы алуы болды [22].

Алматы қаласына астаналық мәртебенің берілуі оның халқының өсуіне ықпал етті. Мысалға, қалада 1929 жылдың 1 қаңтарына есептегенде 48379 адам болса, жыл соңында 71000 адам тіркелген, яғни халық саны 1,5 есе өскен [23]. Статистикалық мәліметтер бойынша, астаналық мәртебе алған Алматының

құрылыс алаңдарында ғана емес, халықтың шоғырлануына қарай демографиялық дүмпу де күтіп тұрды. Қала тұрғындарының саны үш жыл ішінде екі есеге көбейеді деген жорамал жасалды. Мұндай күрт өскен демографиялық дүмпу әлеуметтік-экономикалық ахуалдың дауына сәйкес келмегендіктен тұрмыс қиыншылығы туындады. Бір ғана мысал, 1929 жылдың басында – 50 000 мыңдай адам, 1931 жылы – 115 000 адамға жетуі, яғни екі еседен артық өсімнің байқалуы, ең алдымен тұрғын үй тапшылығына әкелді.

Сонымен осындай күрделі ахуалдың қалыптасуына қарамастан Алматыға астана ретінде ірі қаржы салымының бөлінуінің өзі қаланың экономикалық және мәдени өсуіне жылдамдық қосты. Дегенмен, бүкілкенестік қоғамда өріс алып отырған саяси жағдайдың көлеңкелі және келеңсіз тұстары күннен күнге ушыға түскен еді. Әсіресе, патшалық Ресейдің жоғарғы оқу орындарында білім алған көптеген қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы өкілдері қудалану құрығына ілініп, республикадан шеттетіле бастады. 1928 жылы 44 адам буржуазиялық ұлтшылдық деген айыппен тұтқындалса, 1930 жылдың күзінде «Алаш» партиясының 40 өкілі ұсталып, оның 15 Воронежға жер аударылды. Міне, жергілікті халықты тұқырту мақсатында жүргізілген осындай саяси ойындардың нәтижесінде, ең алдымен, астаналық қаладағы жергілікті ұлт өкілдері санының күрт азаюына әкелді, сонымен қатар олар әкімшілік-басқару жүйесінен де аластыла бастады. Сонымен қатар, жергілікті ұлт өкілдері астананың ауысуына орай сырттан келген және көшіп келген өзге ұлт өкілдеріне қарағанда тұрғын үй кезегіне тұру мен алу, әлеуметтік көмек, медициналық жәрдем және т.б. мүмкіндіктерден көп шеттетілді. Мұндай жағдай қала тұрғындарының жалпы санағында қазақтардың сандық көрсеткішінің төменгі пайызды көрсетуіне бірден-бір себепкер болды.

Санақтардың көрсеткішіне байыптап қарайтын болсақ Алматы қаласы халқының саны негізінен механикалық және табиғи өсу үдерістері арқылы өсіп отырғанын көреміз. Қолдағы бар мәліметтер арқылы Алматы қаласы бойынша көші-кон процесін қарастыратын болсақ, әрине, қала халқы механикалық өсу жолымен көбейіп отырған.

XX ғасырдың 20-шы және 30-шы жылдары жүргізілген бірнеше санақтың көрсеткіштері салыстыра отырып мынаны байқаймыз:

- 1897-1926 жылдары Алматы қаласындағы халық санының үнемі өзгеріп отыруына, ең алдымен, әлеуметтік жағдайлар ықпал

етті. Сондай әлеуметтік саладағы өзгерістер халық құрамының өзгеріп отыруына да әкелді.

- 1917-1926 жылдар аралығындағы жалпы Қазақстанның ауылшаруашылығының нашарлауына әкелген азаматтық қарсыластықтар Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық, демографиялық әлсіреуіне де әсер етті. Қала тұрғындарының көпшілігі өз еркімен майданға бару жолдарын қарастырды.

- 1919 жылы Түркістан Советінің Орталық атқару комитетінің «Еркін сауда жасау туралы декретінің байланысты ауылшаруашылығы біршама дамыған Жетісу мен Сырдария облыстарында Қызыл Армия үшін және қала халқы үшін нан өндіру жұмыстарының жаппай етек алуына байланысты қала тұрғындары жақын маңайдағы шаруа қожалықтарына жалданды.

- 1921-22, 1931-33 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық салдарынан қалаға қарай ағылған босқындардың есебінен Алматы қаласының демографиялық өсуіне ықпал еткенімен, жалпыреспубликалық экономикалық құлдыраудың құрсауынан шыға алмады.

- Ал 1927-28 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық қайта құруларға байланысты: жер-су, өнеркәсіпті, транспортты, қираған ауылшаруашылығын қалпына келтіру секілді экономикалық қана емес саяси сипаты бар маңызды науқан барысында да миграциялық процестер тығыз жүрді.

- 1929-39 жылдары Алматы қаласының астаналық мәртебе алуына байланысты жүргізілген әлеуметтік-экономикалық саладағы бетбұрыстар, өндірістік саладағы алғашқы кадамдар, қарқынды құрылыс, елді жаппай индустрияландыру миграциялық процестің қарқынды жүруіне тікелей әсер етті, және т.с.с.

Ұлт тарихында революциялық төңкерістерімен қатар қазақты жаппай сенделткен ашаршылық пен жоқшылық белең алған 20-жылдардың ортасында қала мен ауылға халықтың үдіре көшуі бір жағынан алғанда халық шаруашылығын бір орталыққа шоғырландыру мен дамытуға да ықпал етті. Бірақта қалаға халықтың келуі ұйымдаспаған түрде жүргендіктен, миграциялық процестің нақтылы көрсеткішін дәл басып көрсету қиындық тудырады. Бұл әсіресе 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысушылардың таяу елдерге кетіп қалғандарының қайтадан елге оралуы мен шөлді және шөлейтті аймақтар тұрғындарының суландырылатын және құнарлы

жерлерге көше бастауы тұсындағы миграциялық процестің өскен жылдарына тән болып отыр. Республиканың және Жетісу өңірінің шаруашылықтарын қалпына келтіру шаралары тұсында әкімшілік-экономикалық орталыққа айнала бастаған Алматы қаласының халқы құрамындағы әлеуметтік топтардың өзгеруі де байқалды.

Сондай-ақ XX ғасырдың бірінші жартысындағы саяси және әлеуметтік катаклизмге қарамастан Жетісудағы, оның орталығы – Алматыдағы негізгі тұрғындар құрамында қазақтарға қарағанда өзге ұлт өкілдерінің саны басымдылыққа ие бола бастады. Сондай-ақ олар негізінен қалалар мен далалық аймақтарда ең шұрайлы аудандарға орналасты. Қоныстанушылардың Жетісу мен қала шаруашылығының дамуына ықпал ете бастағанынын жергілікті халықтар ғана емес өкімет орындары да мойындай бастады. Оларға жерлер бөлініп берілді, үй салуларына және белгілі бір кәсіппен айналысуына мүмкіндіктер жасап, қолдап отырды. Қоныстанушылар арасындағы қолөнершілер, ұсақ саудагерлер мен шеберлер, жұмысшылар үшін қалалық Дума Верныйдың солтүстік-батысынан жер бөлді.

Осылайша 1897 жылдан бері сырттан қоныстанушылардың ағылып келе бастауынан Верный қаласындағы әлеуметтік-демографиялық даму өзінің бірқалыпты жылжуынан айырылды. Верный қаласы мен оның маңына орыс, ұйғыр, дүнген халықтарының күшпен қоныс аударылуы қала халқының құрамын көп ұлттылыққа айналдырды. Сондай-ақ 1897-1926 жылдардағы санақ қорытындыларына сәйкес Жетісу облысында жүргізілуге тиісті экономикалық, әлеуметтік және саяси реформалардың толығымен іске асырылмай қалуы Алматы қаласының дамуына да барынша кері әсерін тигізді. Әсіресе, қарқынды белес алып отырған әлеуметтік-демографиялық жағдайға жер мәселесінің дұрыс шешілмеуі барынша тежеліс болды.

Осы қарастырылып отырған мерзімдік аралықта қала халқы негізінен механикалық және табиғи жолмен өскендігі байқалады. Төмендегі цифрлардан 1926-1934 жылдар аралығындағы қала халқының табиғи өсу үдерісін көруге болады. Егер 1926 жылы туылғандар санының коэффициенті әрбір мың адамға шаққанда 35,2 болса, осыған сәйкес өлгендер – 22,4 көрсетіп, өсім - 12,8. Келесі 1927 жылы туылғандар мен өсімнің деңгейі жоғарылап, өлімнің біршама азайғаны байқалады. Керісінше осы көрсеткіштер 1929, 1932-33 жылдар аралығында күрт төмендеген: 1929 жылы туылғандар - 31,1,

болса 1932 жылы - 26, 7. Ал 1933 жылы небәрі - 18,4 болған, өлгендер саны жоғарылай түскен. Яғни, 1929 жылы өлгендер 23,8 болса, 1932 жылы – 35, 2, 1933 жылы – 45,7 коэффициентті құрайды. Осыған сәйкес табиғи өсу: 1929 жылы – 7,3, 1932 жылы – 8,5, 1933 жылы – 27,3 болып, қала халқы арасында қолдан жасалған ашаршылық жылдарында өлім-жітіктің өскендігінен хабар береді [24].

Енді республика бойынша қарайтын болсақ, 1926-1939 жылдар аралығында жалпы этностық жағдай өте күрделі өзгеріске ұшырап, 13 жыл аралығында республика тұрғындары 105 мың адамға азайған. 1931-1933 жылдардағы аштықтан өлу және басқа жерлерге қоныс аударудан қазақтар саны едәуір кеміді. Қазақтар 1926 жылғы санақпен салыстырғанда 58,5 пайыздан, 1939 жылы 38,0 % - ға азайса, орыстар керісінше 20,6 пайыздан 40,2 %-ға көбейген [25].

Алматы халқының саны негізінен механикалық және табиғи өсу процестері арқылы көбейген. Алматы қаласы бойынша көші-қон процесін қарастыратын болсақ, әрине қала халқы механикалық өсу жолымен көбейіп отырған. Оны төмендегі кестеден көруге болады.

**2-кесте. 1927-1938 жж. Алматы қаласы бойынша көші-қон процесі және қала халқының механикалық өсу көрсеткіші [26].**

Жылдар	Келгендер	Кеткендер	Механикалық өсу
1927	-	-	-
1928	-	-	1238
1929	9600	2820	6780
1930	31677	13268	18409
1931	37706	14695	23011
1932	55192	15521	39671
1933	24696	9674	15022
1934	9605	5584	4021
1935	55168	20379	34789
1936	58067	24212	33855
1937	59820	28100	31720
1938	55070	46268	8802
<b>Барлығы</b>	<b>396601</b>	<b>180521</b>	<b>216080</b>

1929-1938 жылдар аралығында келушілер саны 396601 адам, кеткендер саны 180521 адам, ал механикалық өсу 216080 адамды



көрсетіп, яғни кетушілер санына қарағанда келгендер саны басымырақ болып, механикалық өсу оң сальдоны көрсетеді. Келушілер мен кері қайтушылар саны 1930-1933 жылдары көбейген. Халықтың механикалық өсуі осы жылдары жоғары болғанын көреміз, ал 1934, 1938 жылдары механикалық өсу азайып, 1935 жылдан қайта халық саны көтерілген. Оның себебі елдегі аштық пен эпидемиялық ауруларға байланысты еді.

Енді халықтың 1926-1934 жылдар аралығындағы табиғи өсу процесіне келесі кестеде берілген мәліметтер бойынша көз жүгіртіп көрелік.

**3-кесте. Алматы қаласы халқының табиғи өсу коэффициенті (1000 адамға шаққанда) [27].**

	жылдар							
	1926	1927	1928	1929	1930	1931	1932	1933
туылғандар	35,2	38,1	32,7	31,1	33,6	29,2	26,7	18,4
өлгендер	22,4	20,3	17,3	23,8	23,8	28,1	35,2	45,7
өсім	12,8	17,8	15,4	7,3	9,8	1,1	-8,5	-27,3
100 туылған балаға өлгендердің %	18,3	18,3	15,4	24,0	22,4	22,2	24,18	23,2

1936 жылғы есеп бойынша республикадағы және аймақтағы өлім төмендегідей болған Алматы облысында өлгендер саны – 10651 адам, 1937 жылы - 9828, Алматы қаласында – 4816, 1937 жылы – 4827. Барлық өлгендер саны 1936 жылы – 95748, оның ішінде 1 жасқа дейінгі балалар 29794 (31,1); 1937 жылы барлық өлгендер – 94098, 1 жасқа дейінгі балалар – 33586 (35,7) болды. Жалпы туылған балалардың пайызынан, өлгендер пайызының жыл сайын өсіп отырғанын көре аламыз [27, 45-п.].

Қаланың әлеуметтік-демографиялық ахуалын анықтау бойынша ХХ ғасырдың 1920-30-шы жылдарындағы жүргізілген санақтарда қала халқының әлеуметтік құрамымен қатар сауаттылық деңгейі де есепке алынды. Осы санақтар негізінде 1926-1939 жылдар аралығындағы Алматы қаласы бойынша халықтардың сауаттылық көрсеткішін алсақ, жергілікті тұрғындардың басым бөлігінің

сауатсыз екендігіне көз жеткіземіз. Мысалы, 1926 жылғы санақ бойынша Алматы қаласында 45385 адамның 19227-сі, яғни 42,4 пайызы ғана сауатты болған. Оны жыныстық көрсеткішке шағып алар болсақ, ерлер - 58,7 пайыз, ал әйелдер - 41,3 пайызға ие. Осы аралықта Алматы қаласының ұлттық құрамының 67,7 пайызын орыстар, олардан кейін украиндықтар - 11,6 пайыз, байырғы тұрғын қазақтар - 5,6 пайыз ғана, тараншылар - 2,7 пайыз және аз пайызда басқада ұлт өкілдері бар [28].

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, халықтың және қала халқының әлеуметтік дамуына ықпал ететін басты себеп – білім беру саласындағы өзгерістер болып табылады. Алматы қаласы халқының ұлттық құрамының өзгеруіне байланысты білім беру саласында да нақты өзгерістер жүрді. Қалаған сырттан қоныстана бастаған басқа ұлт өкілдерінің балаларын оқыту үшін 1927/1928 аз ұлт өкілдеріне арналған бір сатылы мектептер ғана ашылып қойған жоқ, бұрыннан жұмыс істеп келген мектептерді кеңейту, мектеп жасындағы балаларды мектепке тарту жұмыстарын жүргізу жөнінде арнайы шешім қабылданды. Нәтижесінде жергілікті халық қазақтардың балаларына ғана арнап мектеп ашылмай, көші-қон поцесінде келген басқа ұлт балаларына өз ана тілдерінде оқытатын мектептер тез әрі кеңінен ашылды. Бірте бірте бұл мектептерге қаладағы қазақ балалары да тартылып, ана тілінде сабақ беретін мектептер саны жоқтың қасы болды. Білім беру саласындағы осындай келеңсіз жағдайлар Алматы қаласының ғана емес аймақтың жалпы әлеуметтік дамуына ықпал етті.

Сонымен ХХ ғасырдың 1920-30-шы жылдары арасында жүргізілген санақтар бойынша Алматы қаласының халқы санының өсу қарқыны, мың адам есебімен алғанда мынандай болды.

Санақ қорытындысы бойынша	Халық саны
1897 жыл 9 ақпан	22, 7
1920 жыл 8 тамыз	43, 3
1926 жыл 17 желтоқсан	45, 3
1939 жыл 17 қаңтар	230, 0

Бұл жерде 1937 жылғы «Қуғынға ұшыраған санақ» деп аталып кеткен санақтың көрсеткіші берілмей отыр, өйткені, ол санақ қорытындысы туралы әлі де нақты мәліметтер жоқтың қасы.

Біздің жұмысымыздың басты мақсаты Алматы қаласының

күнделікті тарихына Орталық Мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалар мұрағатындағы деректер бойынша сипаттама беру болғандықтан тек соларды сөйлетуді ұйғардық.

Ойымызды ғасырдың ғұламасына айналған жазушы Шыңғыс Айтматовтың сөзімен қорытындыласақ: «Бәрінен қиыны қандай да бір қала, тіпті өзіңнің туған қалаң туралы әңгімелеу. Әрқашан айтқың келгеніңнің жүзден бірін де айта алмайтыныңды сезінесің. Қалалар – бұл біздің планетамыздың әлемі, қалалар – бұл бұрынғы өткеніміз және бүгінгі күн, және біздің болашағымыз» [29].

Қарастырылып отырған XX ғасырдың 1920-30-шы жылдары аралығындағы кеңестік дәуірдің қоғамдық өмірдің барлық саласында жүргізілген авторитарлық-идеологиялық саясатының түпкі мақсаты - Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі өмір салты мен мәдениетін түбірімен өзгертіп, жаңа қоғам – кеңестік социализмді орнату еді. Осы мақсатқа жету барысында елді де, қазақ зиялыларын да баррикаданың екі жағалауына лақтырған азаматтық қарсыластық жылдары өтті, ғұмыр бойы көшпелі және жартылай отырықшылықпен айналысып келген халықты отырықшылыққа көшірді, орта бай-кулактарды тәркілеу, күштеп ұжымдастыру науқаны жүргізілді. Жер-жерлерде жаңа билікке қарсы көтерілген халықты аяусыз жаншып, ел-жұртын тастап көшуге итермеледі. Міне, осы айтылғандармен қатар астананы көшіру жылдарында республикада да, ел орталығына айналған Алматыда да жергілікті қазақ халқының үлес салмағы жыл сайын азая берді де, өзге ұлттар мен ұлыстардың саны көбейді. Сөйтіп өз мекеніндегі халық азшылыққа айналды, барлық өмір сүру құқықтарынан айырылды, тілі мен дінінен айыра отырып орыстандыру саясаты ашық жүргізілді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Словарь русского языка. В 4-х томах. - М., 1983. - Т. 3. - С. 162. Бойм. История повседневности как научное направление. 2002. – С.15.
2. Магидов В.М. Зримая память истории. - М., 1984. – С. 87-97.
3. ҚР Орталық Мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалар мұрағаты (ҚР ОМКФДЖМ)
4. Алматы Административно-территориальное деление 1918-1999 гг. - Алматы. – 2000.
5. ҚР ОМКФДЖМ. № 2-99595. И. Кенарскийдің жеке қорындағы суреттер.

6. АОММ. 350-қ., 1-тізбе, 18-іс, 146-п.
7. Проскурин В.Н. Была станица, стала солица // Очерки истории – Алматы. №1
8. Тулекова М. Жетісу халқы (1897-1999 жылдар). – Алматы, 2002. – 282-б.
9. Алматы тарихы. Екі томдық. – Алматы: «CREDOS», 2009. – 2 -том . – 423 б.
10. ҚР ОМКФДЖМ. № 2-49614 сурет.
11. АОММ. 350-қ., 1-тізбе, 18-іс, 16-п.
12. 1921 жылғы селден кейінгі Нарын көшесі (қазіргі Уалиханов көшесі) (қосымшада берілген сурет)
13. Гуриков Д.Е. Іле Алатауы. – Алматы: Қайнар, 1985. -141-148 -бб.; Стихийное бедствие в Верном // Правда.-1921.-№59.
14. ҚР ОМКФДЖМ.
15. Алматы. Энциклопедиялық анықтама.- Алматы,1983. – 22-б.
16. Всесоюзная перепись населения 1926 г. - Алма-Ата. – 1928. – 164 с.
17. ҚР ОМКФДЖМ. «Союзкиножурнал» № 68. -1929. –І-б. – (дыбыссыз). - Архив. № 1441.
18. Всесоюзная перепись населения 1937 г. Краткие итоги. - М., 1991. - С. 67.
19. ҚР ОМА. Р-267-қор, 1-тізбе, 12-іс,16-п.
20. ҚР ОМКФДЖМ. «Союзкиножурнал» № 24. – 1930. –І-б. – (дыбыссыз). - Архив. № 1449.
21. Алма-Ата – столица Казахской ССР. – Алматы, 1960. -123-б.
22. ҚР ОМА, Р-267-қор, 1-тізбе, 12-іс,14-п.
23. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.). – С.187.
24. ҚР ОМА. 698-қор, 14-тізбе, 204-іс, 2,4-пп.
25. ҚР ОМА. 698-қор, 14-тізбе, 195-іс, 10 п.
26. Алматы энциклопедиясы. – Алматы, 1996. – 7-8-бб.
27. Айтматов Ч. Мой Чудо-город // Огонек, 1966. — № 11.

# Дискурстың институционалды түріндегі гендерлік компетенттілік

**Халида НҰРСЕЙІТОВА,**  
Еуразия ұлттық университетінің доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты

**З**аманауи гендерологияда «гендерлік бейтараптылық» ұғымы гендерлік компетенттілік қалыптастыру нәтижесі ретінде дискурстың әр түрлілігінде белсенді зерттелуде. Алайда «гендерлік компетенттілік» термині бүгінгі күнге дейін талқылау барысында резонанс туғызып келеді және модификацияға шалдығады, И.С. Клецинаның анықтамасына сүйенсек, бұл ұғымды «тұлғаға гендерлік теңсіздік жағдайының субъектісі мен объектісі болмауға мүмкіндік беретін сипаттама» ретінде қарастыруға болады. Басқаша айтқанда, гендерлік компетенттілік – ерлер мен әйелдердің оларды қоршаған өмірде гендерлік теңсіздікті байқау қабілеті; сексистік, дискриминациялық әсер мен ықпалға төтеп беру; өздері үшін гендерлік теңсіздік жағдайын тудырмау» [1, 60]. Бұл ретте тар шеңберде И.А. Загайнов пен Е.В. Кондратенконың пікірінше, педагогтың гендерлік компетенттілік – бұл оның білім беру саласында гендерлік тәсілдің мәні жайлы меңгерген білімі, педагогикалық процесті ұйымдастырудағы гендерлік стратегияны жүзеге асыру қабілеті және білім беру жүйесінің жағдайында гендерлік өзара әрекеттесу негізі ретінде гендерлік білім мен қабілеттерін қолдану тәжірибесінің жиынтығымен ұсынылатын басты компетенттілігі [2].

Берілген екі анықтама бір-біріне қатысы жағынан қызықты, бұл ретте келесі сұрақтар туындайды: «Академияда «гендерлік компетенттілік» объектісі кім: мұғалім немесе студент пе?», «Немесе бұл жерде студенттердің жоғары оқу орындарында гендерлік аспект

ескерілген білімді алулары жайында сөз болды ма?». Педагог пен студенттің гендерлік хабардарлығын салмақты байланыстырса, онда философия, психология, социология, филология және ғылымның өзге де салаларында гендерлік проблематиканы тартумен қатар инновациялық курстарды жасау қажеттілігі сөзсіз туындайды. Осыған орай бұл мақалада келесі сұрақтарға жауап беріледі: «Жоғары білім саласында гендерлік хабардарлықты қалыптастырудың мақсаты қандай?», «Гендерлік теңдікке оқытуда гендерлік дифференциацияны көрсету қажет пе?». Көптеген зерттеушілердің пікірінше, гендерлік проблематика бойынша барлық курстарда барлық ғылыми бағыттарда бірегей пән аралық байқалады, сол себепті гендерлік аспект түрлі ерлер мен әйелдердің презентациясын тартатыны сөзсіз. Сонда студенттер үшін лингвистикалық, психологиялық және әлеуметтік тұрғындан ұқсамауды қабылдау мақсаты қандай болмақ? Заманауи ғылымда «дискурсивті» бағыт басымдылықта болғандықтан, бұл мақалада біз негізінен дәл осы ракурста «гендерлік хабардарлықты» жақтайтын боламыз. И.С. Клещина ыландық сұрақтар қояды: «Тұлғаның бойында гендерлік хабардарлықтың бар немесе жоқ екендігін қандай тәртіптік белгілер арқылы білуге болады? Бұл феноменді зерттеу барысында қандай эмпирикалық көрсеткіштерді қолдануға болады?». Және келесідей жауап береді: «гендерлік бағыттағы заманауи әдебиеттер анализі негізінде теріс гендерлік ұғым сияқты тұлғаның әлеуметтік-психологиялық сипаттамасы гендерлік хабарсыздықтың айқын көрінісі екенін түсінуге болады» [1, 62]. Бұл ұғымның «гендерлік-бейтараптық тәртіптің» қалыптасуына әсері қандай?

Гендерлік зерттеулердің Мәскеулік орталығының Глоссарийі бойынша, «гендерлік бейтараптылық» термині алғашқыда заңнамада, нормативтік актілерде, саяси бағдарламаларда, ғылыми жобаларда, ақпараттық және оқу материалдарында дискриминациялық қағидалар мен нұсқаулардың жоқтығын білдірді. Бұл ретте шындығында «гендерлік бейтараптылық» жыныстық белгілері бойынша дискриминацияның жоқтығын білдірген. Нәтижесінде феминистер абстарктілі немесе жалпы ұғымдар мен категорияларды қолдану әрдайым формальды гендерлік теңдікті білдіре бермейтінін көрсетті, себебі абстарктілі және әмбебап аталатын ұғымдар (рух, білім, адам және тағы басқалары) андроцентизмділігімен ерекшеленеді. Бұл екінші мағынада гендерлік бейтараптылық гендерлік бейсезімталдыққа барабар келеді [3].

Дискурс шеңберінде бұл феноменді қарастыра отырып, «дискурс» ұғымын айқындап кету керек, кең мағынада «дискурс» деп жазбаша және ауызша мәтіндерде айқындалатын вербалды және вербалды емес құрамдарының болуы шартында белгілі бір уақыт пен кеңістік контекстіндегі коммуникативті ұғымды айтады [4]. Дискурсивті анализге нақты дискурсты қарастыру тән, нақты дикурс деп белгілі уақыт аралығында жалпы берілген тақырыпта айтылатын нәрселерді түсінеміз. Нақты дискурс (саяси, әкімшілік, соттық, әскери, педагогикалық, діни, медициналық, іскери, жарнамалық, ғылыми, гендерлік және т.б. дискурс түрлері) жалпы дискурстың бірлігі болып табылатын бір тақырып-ситуацияда құралатын жеке дискурсқа енеді [5]. Құрылған «жалпы дискурс – жеке дискурс – нақты дискурс» иерархиясында жалпы дискурс деп гендерлік дискурс жеке әрі нақты болатын кең мәдени-тарихи процесс болып табылатын ұлттық дискурсты түсінеміз. Белгілі бір лингвомәдени кеңістік пен бұл мәтіндерді түсінуге қажетті экстралингвистикалық факторлар жиынтығы ретінде дискурсты ұлттық дискурсты құраушы ретінде санаған жөн, себебі гендер тұрғысынан қарағанда ұлттық дикурс белгілі бір лингвомәдени кеңістік өкілдері ерлер мен әйелдер әлемінің тілдік картинасы ерекшелігінің бейнесі. «Дискурстар анализі оларды маскулинділік дискурсы ретінде анықтауға мүмкіндік береді, себебі қоғамның кез келген проблемасы патриархалды көзқарасы, ерлердің басым түсу тұрғысынан түсіндіріледі». Бұл жаһанды маскулинділік дискурс кез келген тақырып бойынша аудиторияның фактурасы мен ұғымын қалыптастыруға қойылатын ережелер мен шектеулерді орнатады. Н. Кулинканың қорытындысы бойынша, қоғамның барлық проблемаларына деген әйелдер мен ерлердің өмірлік тәжірибелері, көзқарастары, пікірлерін дискурсқа енгізу туралы сөз болып отыр. Сондықтан гендер мәдени өнім ретінде халықтың фольклордағы, ертегілердегі, салт-дәстүрлердегі, тілдегі «әйелдік нәзік жандылық» пен «ерлік» жайындағы ұғымын қайта қарастырады, бұл негізде әрбір мәдениет гендерлік дискурстың түрлілігімен ерекшеленеді. Екі жынысты да зерттейтін, нақтырақ айтсақ жыныстар арасындағы айырмашылықтардың әлеуметтік құрастырушылық процесін зерттейтін гендерлік зерттеулердің бар екендігі жайлы айтсақ, гендер индивид сәйкестігінің әлеуметтік параметрлерінің бірі - институционализацияланған және ритуализацияланған социомәдени конструкт болып есептеледі

[6]. Қоғамдық институттар (әскер, мектеп, шіркеу және т.б.) ерекшеліктерді сақтайды, оларға норма статусын беріп, оларды табиғи деп түсіндіреді. Қоғамдық салттар да жыныстың қасиеттері мен қабілетері жайындағы қарапайым әрі күшейтілген ұғымдарды ұжымдық ұғымдағы гендерлік стереотиптердің күшіне орай гендерлік ассиметрияны тудырады – киім киюде, күнделікті дағдыда және символикада. Социализация процесіне, біріншіден, ерлер мен әйелдер тәртібі, қарым-қатынасы, нормалары, құндылықтары мен гендерлік стереотиптерінің қабылданған модельдерін меңгеру кіреді, екіншіден, бақылау мен индивид қатынасында санкциясы енетін нормаларды меңгеру процесіне қоғамның өзі мен әлеуметтік ортаның әсері енеді. Ең алдымен, тұлға сана-сезімнің бөлігі болып қалыптасатын жалпыға маңызды, ұжымдық нормалар мен ережелер меңгеріледі. Социализация процесінде нормаларды меңгеру екі бағыт бойынша жүреді – бейімделу және еліктеу (сыртқы бейімделу) және интериоризация (нормаларды ішкі терең түсінігі) [3]. Социализацияның негізгі агенттері отбасы, бала тәрбиелеу және білім беру мекемелері (бала-бақша, мектеп, жоғары оқу орындары), бұқаралық ақпарат құралдары, діни мекемелер. Бұл процесте әдебиет, құрбылар, әріптестер тобы және тағы тағысы өзіндік роль атқарады. Алайда патриархат қоғамындағы гендерлік социализацияның мәні ерлер мен әйелдердің бинарлы оппозициясына негізделген нәзік жандылық пен ерлікті қалыптастыруда жатыр. Сондықтан гендердің әлеуметтік өндірісін зерттеу барысында әдетте социализация, еңбекті бөлу, отбасы, масс-медиа институттары арқылы гендердің қалай құралатыны қарастырылады, бұл институттарда гендердің әлеуметтік құрастырылу теориясына сәйкес белсенді қолданылатын гендерлік рольдер мен стереотиптер, гендерлік сәйкестілік, гендерлік дифференциация мен стратификация, гендерлік идеология мен теңсіздік проблемалары негізгі тақырып болып табылады. Мәлімденген проблематикаға бойынша постструктурализм мен постмодернизм [7] идеясына сүйеніп, біз «дискурс» ұғымын қазіргі гендерлік теория тұрғысынан қарастырамыз. Біз «гендерлік дискурса» жыныс пен сәйкес тәртіп нұсқаларына байланысты әлеуметтік статус пен азаматтық құқықтар арақатынасында форма мен білімді беретін дискурстар түрлерінің манифестацияларында белгіленетін бейнелер мен тәжірибелер идеяларының жиынтық деген анықтама береміз.

В.И. Карасиктің ізімен біз институционалды дискурсты «бір-



бірін білуі шарт емес, алайда социум нормаларына сәйкес бір-бірімен қарым-қатынас орнатуы тиіс адамдар арасындағы қарым-қатынастың арнайы клиширленген түрі» деп білеміз [8]. Сондықтан институционалды қарым-қатынас деп әлеуметтік топтар немесе институттар өкілдерінің бір-бірімен, қалыптасқан қоғамдық институттар шеңберінде өздерінің статустық-рольдік мүмкіндіктерін жүзеге асыратын адамдармен тілдік қарым-қатынасты түсінеміз. Адамдар статусы қоғам дамуының нақты кезеңіндегі қоғам мен мәдениет қажеттіліктерімен анықталады.

И.С. Клещинаның еңбектеріне сүйенсек, тұлғаның гендерлік хабардарлығының қалыптасуы және даму процесінде әрекеттің негізгі үш кезеңін бөліп қарастыруға болады:

I. Гендерлік білімнің қалыптасу кезеңі.

II. Гендерлік теңсіздіктің құбылыстары мен ситуациялары анализін меңгеру қалыптастыру кезеңі.

III. Гендерлік хабардарлық тәртіп дағдыларын дамыту кезеңі [1, 64].

Сөйтіп, «Гендерлік лингвистикалық» курсын оқытудың тәжірибесіне нақтырақ тоқталсақ, курстың мақсаты гендерлік-әдептілік тәртібін қалыптастыру болып табылады. Бастапқы кезеңде студенттер барлық тілдік деңгейде және дикурстың институционалды және институционалды емес түрлеріндегі коммуникативті материалда гендерлік дифференциация бойынша мақала материалдарында гендерлік маркерлер синтезін жасайды. Нәтижесінде ерлер мен әйелдердің ауызша және жазбаша тілінде гендерлік дифференциацияның суреті болып табылатын кесте құрылады. Бұл материалды синтездей отырып, ең алдымен, негізгі назар студенттердің гендерлік зерттеулерде қолданылатын әдістер арқылы жеке зерттеулерін өткізе алуларына аударылады. Бұл курсты өткізудің нәтижесінде студенттер мәдениаралық тұрғыда да социумаралық қарым-қатынас оптимизациясына талпынулары қажет, өйткені бұдан кейін анализі параллелі түрлі жүйелік тілдер (орыс, ағылшын және қазақ) материалдарында жүргізілетін болады. Жоғарыда аталған курстың екінші кезеңінде студенттер берілген гендерлік дифференциациясының корреляциясы мен дискурс типін көрсету мақсатында дискурстың институционалды және институционалды емес түрлерін сараптайды. Алайда бұл гипотеза өзінің дәлелін дискурстың барлық түрлерін зерттеу барысында табады және оған студенттер тарапынан анықтама беріледі. Гендерлік маркирленділік көркемдік және тұрмыстық дискурста

айқындалатыны анық. Үшінші кезеңде гендерлік әдептілік тәртіп дағдыларын үйрену жүзеге асады. Бұл кезеңнің негізгі мақсаты – гендерлік теріс ұғымдарды тек тәртіпте (тұлғааралық байланыстар саласында және кәсіби әрекет барысында) ғана емес, сондай-ақ шешім қабылдау деңгейінде де қолданбау. Студенттер өздерінің жеке зерттеулерін жүргізеді және мақала жазу арқылы ғылыми дискурс шеңберінде гендерлік бейтараптылықтарын көрсетеді. Бұл курстың барлық фокусы студенттердің болашақ маман ретінде институционалдық дискурсқа жататын кәсіби дискурсте қажетті коммуникативті тәртіптің гендерлік бейтараптылықты қалыптастыруға бағытталған. Бұл ретте И.С. Клещинамен анықтама берілген «гендерлік теріс ұғымды көрсетпеді үйрену» анықтамасы «толеранттылық» сияқты ұғымға сай келетінін ерекше атап кеткенді жөн көреміз және біздің контексте бұл ұғым гендерлік ерекшеліктер ескерілген коммуникация мәселелерін ғана емес, сондай-ақ оны жеке кәсіби топтар мен субмәдениеттердегі спецификаның пайда болуымен толықтырады. Осыған орай В.М. Золотухиннің келесі анықтамасына жүгінеміз: «толерантты қарым-қатынас ретінде әлеуметтік технологиялар статусы бар бір-бір салмақтандыратын субъектімен ұйымдастырылған социомәдени процестерді анықтаймыз. Демократиялық тұлға «қалыпты» социализация процесінде қалыптасады және теріс этникалық пікірдің болмауымен, кең дүниетанымдылығымен, толеранттылығымен, адамдар теңдігін мойындауымен, ашықтылығымен, мазасыздықтың төмен деңгейлілігімен, рационалды бастаманың басымдылығымен, белсенді өмірлік ұстанымымен және өзгелер үшін жауапкершілігімен сипатталады» [9]. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, теріс этникалық пікірдің болмауына теріс гендерлік пікірдің болмауын қосу қажет. Сондықтан гендерлік хабардарлықты қалыптастырғанда гендерлік-әдептілік коммуникацияның қалыптасуы жайында айтқан жөн. Н. Кулинканың пікіріне сүйенсек, бұл терминді қоғамда басымдыққа ие маскулинділік дискурстарды бұзу әдістері мен тәсілдері және оларды өзге сападағы дискурстармен ауыстыру деп түсінгеніміз жөн. Бұл дискурстар біріншіден, белгілі бір проблема анықтайтын фактураға қолданылатын тәсілді қажет етеді. Екіншіден, олар тілді тек гендерлік бейтарап емес конструкт және әлеуметтік билік ретінде теориялық ұғынуды жорамалдамайды, сонымен қатар гендерлік-әдептілік дағдыларды дамыту және қолдану біздің тарапымыздан коммуникативті тәртіп болып толықтырылады, мұның

бәрі гендерлік-бейтараптылық әдіс негізінде жасалады. «Гендерлік-бейтараптылық тілді қолдану анық коммуникацияның кедергілерін жоюға және жәрдемдесуге бағытталған», - деп жазады Дж. Вебер. – Гендерлік-бейтараптылық тіл – бұл сексизм жайында ғана емес, бұл автордық кәдімгі міндеттері жайлы: анық, нақты және екіұшты пікірге топталу» [10]. Бұл жағдайда біз Н. Кулинкамен келісеміз: гендерлік-бейтарап тілі – бұл автордың өз пікірі баяндау үшін қолданатын гендерлік маркирлендірлік тәсілдері жайлы мұқият ойлауы. Әрине, орыс тілінде бұл проблема ағылшын тілімен салыстырғанда күрделі, алайда тек социумаралық емес, сонымен қатар демократиялық процестер мен барлық лингвомәдениеттерге жаһанданудың әсер ету кезеңінде мәдениаралық коммуникацияларды оптимизациялау мақсатында инстиционалды дискурста «гендерлік бейтараптылық» пен «гендерлік хабардарлықтың» бұл байланысын талқылау өзекті болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Клёцина И.С.. Развитие гендерной компетентности государственных и муниципальных служащих в процессе гендерного образования // «Женщина в российском обществе». Российский научный журнал. № 3 (44) - 2007. – С. 60
2. Загайнов И.А., Е.В. Кондратенко. Формирование гендерной компетентности педагога в процессе профессиональной подготовки». Йошкар-Ола, МОСИ, 2007.– 340с.
3. Глоссарий Московского центра Гендерных Исследований (МЦГИ) // [http://www.gender.ru/russian\\_glossary/gender.html](http://www.gender.ru/russian_glossary/gender.html).
4. Van Dijk T.A. What is political discourse analysis? // Political linguistics / Ed. Jan Blommaert, Chris Bulcaen. - Amsterdam, 1998. – P. 43-52.
5. Е.В. Ерофеева А.Н. Кудлаева. К вопросу о соотношении понятий текст и дискурс // Проблемы социо и психолингвистики . Сб. ст. / Отв. Ред. Т.И. Ерофеева; Перм. Университет. – Пермь, 2003. - Вып.3. – С.28-36
6. Горошко Е., Кириллина А.В., Томская М. В. Лингвистические гендерные исследования сегодня // Отечественные записки, 2005. - № 2. – С.78-94.
7. Рыгина Л. С. Производство гендерного дискурса в поле региональной журналистики. Автореф. дисс. канд. соц. наук. – Саратов, 2006. – С.21
8. Карасик В.И. Этнокультурные типы институционального дискурса. // Языковая личность: культурные концепты. Волгоград, Архангельск. 1996.
9. Золотухин В.М. Толерантность как принцип поведения. // Рукописный журнал Общества ревнителей русской философии. София: 2002. Выпуск 5. – С. 71-84.
10. Першай А. Сексизм в языке // Пол/гендер. Справочное пособие для журналистов. Под ред. И. Дунаевой, С. Наумовой, Н. Кулинка. Пособие подготовлено в рамках программы ПРООН в Беларуси «Содействие расширению общественного влияния женщин в Республике Беларусь». [www.gender.by](http://www.gender.by)

# Қазақстандағы этнотілдік үрдестердің тарихи зерттелуі

**Мұғазима ДОСЫМОВА,**  
Қазақ мемлекеттік қыздар  
педогогикалық университетінің  
оқытушысы

**А**на тілі – жалпы адамдық құндылық, әрі ол ұлттық өмірдің күллі саласын тегіс қамтиды. Сондықтан да оның бір тілінің, не бір ғана этнолингвистика ғылымының шеңберінде дүниежүзлік этнолингвистикалық процесспен тұтастықта қарап отырып қоғаммен тығыз байланыста, демек қоғамдық ғылымдардың ортақ өрісінен өрбіте отырып қарастырған абзал. Адам күллі тіршіліктің иесінен тек тіл арқылы ғана дараланады, яғни адамның адамдық қасиеті тілінде. Басқаша айтқанда адам тілменен адам. Тіл – адамдар арасындағы аса маңызды қарым-қатынас құралы. Сондықтан да тіл қоғамдық қызыметімен тіл.

Кеңес өкіметі тұсында қазақ халқы ешбір ұлт басынан кешпеген жағдайға душар болды. Қазақтардың ана тілі, ұлттың мәдениеті, салт-дәстүрі мен әдет ғұрпы, психологиялық ерекшелігі құрып кетудің аз ақ алдында тұрды. Отарлықтың отарлау саясатының нәтижесінде қазақ халқы алдымен ана тілінен айрылды. Тілінен, діннен айыру мақсатында республикамызда қазақ тіліндегі мектептер мен балабақшаларды жаба бастады. Мысалы, 1939 жылы республикамызда 4419 қазақ мектебі болса, 1985 жылы қазақтардың саны көбейгеніне қарамастан мектеп саны 2490-ға дейін қысқарды [1, 180 б.]

Сол кезеңдегі қазақ тілінің жағдайын біз М.М. Копыленко, С.Т. Сайнаның «Функционирование русского языка в различных слоях казахского населения» атты еңбегін талдау барысында көре аламыз. Сонымен қатар, қазақ тілінің қазіргі жағдайын Н.Ж. Шаймерденова, Р.А. Авакованың «Язык и этнос» атты еңбегін зерттеу барысында

аңғаруға болады.

М.М. Копыленко, С.Т. Сайна «Функционирование русского языка в различных слоях казахского населения» атты еңбегінде Қазақстандағы түрлі халықтар өміріндегі орыс тілінің қызметі жайлында баяндайды. Бұл еңбекте қаралған негізгі мәселелер: сауалнама жүргізу барысында нақты әлеуметтік – этнолингвистикалық зерттеулердің әдіс-тәсілдері; Сауалнаманы негіздеу сараптамасын сұрыптауы, таратуы жүргізілген сауалнамалық материалдар сараптамасы бойынша қаладағы қазақтардың аумақтық тұрағына, жасына, жынысына байланысты орыс тілін пайдалануы; жүргізілген анкеталық материалдар сараптамасы бойынша ауылдағы қазақтардың аумақтық тұрағына, жасына, біліміне, жынысына байланысты орыс тілін қолдануы; қала және ауыл тұрғындарының қоғамда орыс тілін пайдалануы; қазақ көркем әдебиетіне орыс сөзінің кіруі.

Ең бірінші алға тартылған мәселе, сауалнама жүргізудің нақты әлеуметтік – этнолингвистикалық зерттеу әдістері. Сауалнамаларды негіздеу сараптамасы сұрыптауы, таратуы қарастырылған. Автордың еңбегіндегі екінші мәселе қала және ауыл тұрғындарының орыс тілінде сөйлеуі ақпаратты сауалнама арқылы анықталған. Қазіргі таңда да тілдік құрылымның қызметі зерттеуі сауалнама, тест, сұрақ-жауап арқылы жүрізіледі. Осы жайлы автор өз еңбегінде былай деп атап айтқан: «Поскольку целью нашей работы является выявление роли и места русского языка в различных социальных слоях и социально - речевых ситуациях, возникла задача сбора обширного и надежного материала как в городе, так и сельской местности. Столь трудоемкую задачу оказалось возможным выполнить путем использования рационального метода – анкетирования.

Этот метод конкретно-социологического исследования отличается по сравнению с другими рядом преимуществ: широким охватом информантов, минимальной затратой времени на получение ответов, анонимным их характером и достоверностью получаемых данных» [2, 17 б.].

Жүргізілген сауалнама қала қазақтарына және ауыл қазақтарына арналған. Қала қазақтарына жүргізілген сауалнама он үш сұрақты ал, ауыл қазақтарына он екі сұрақты қамтиды. Сұрақтар әлеуметтік - демографиялық және тілдік болып екі категорияға бөлінген.

Бірінші категория бойынша – ақпаратшыны әлеуметтік, білімділік, жасы, туған жері және ұзақ уақыт тұратын тұрағына байланысты саралап жіктеу басшылыққа алынса, екіншіден – демографиялық

санақ факторы, тұрғылықты қала және ауыл қазақтарының қазақ тіліне нақты дәлел бола алатыны жайында анықтаған.

Сауалнама жүргізу барысында ақпарат берушілердің тұратын аумағында қанша жасынан және сол аумақта орыс тілінің қалай әсер етуі анықталады. Бұл еңбекте тілге байланысты сұрақтар үш түрде қаралады: қостілділік (қазақ-орыс), қазақ тілі, орыс тілі.

Еңбекте зерттеу барысындағы анықтамалар бойынша қостілділіктің тұрған ортасына байланысты қалыптасатындығы айқындалған. Мәселен, орыс-қазақ тілін білу әлеуметтік топтар арасында салыстырмалы түрде анықталған. Мәселен, тұрғылықты қала тұрғыны қазақ мектебін бітірсе де орыс тілін жақсы біліп шығады. Тіпті қалада бес жыл тұрып орыс тілін жақсы меңгереді десе де болады. Оның себебі бәрімізге де айқын. Атап айтар болсақ КСРО кезеңінде орыс тілін білмеген қазақты адам санатына қосудан қалдырды деп айтсақ артық кетпеген болар едік. Барлық іс қағаздары, жұмыс орны, мектеп, бала-бақша орыс тілінде болды. Сондықтан да, орыс тілін білмеген қазақ орыс тілін үйренуге мәжбүр болды. Ғалымдар еңбектерінен сауалнаманың төрт облыста жүргізгенін байқаймыз Оларға Алматы, Қызылорда, Көкшетау, Семей облыстары жатады. Осы облыстарда қостілділік және орыс тілі деңгейі жөнінде былай делінген:

«Алматы – столица республики, административный, научный и культурный центр, город с развитой промышленностью. Количество казахско-русских билингов – наибольшее по республике, что послужило критерием для измерения роли и места русского языка и жизни казахов.

Кокчетав представляет пеструю картину совместного проживания на одной территории казахов, русских, украинцев, немцев и др. Русский язык выполняет функцию языка межнационального общения. Диапазон его использования широк, охватывает сферы не только общественной, но и семейной жизни.

Семипалатинск – центр культуры и просвещения, где русский язык всегда занимал особое положение. Здесь казахи живут в длительном и тесном контакте с русскими. Наблюдения показали, что все возрастные слои казахского населения владеют русским языком в одинаковой мере хорошо.

Кызыл-Орда – бывшая столица республики, где особо развиты и сохранены народные традиции и национальное творчество. Основное население составляют казахи и представители других тюркских национальностей – узбеки, татары которые общаются между собой на любом из тюркских языков» [2, с. 25-26].

Сауалнама 16 жастан бастап ересек адамдар арасында жүргізілді. Себебі, 16 жастан бастап жастар әлеуметтік қоғамға кіргізіледі, орташа білімі бар, өз бетінше қызығушылықтары мен қоғамда бір-бірімен қарым-қатынаста болады.

Міне, автордың орыс тілін меңгеру немесе қос тілді меңгеруге қазақ жастарының талпынысы сауалнама арқылы анықталғанын осы еңбектен көре аламыз. Сонымен қатар, еңбекте жүргізілген сауалнама материалдары бойынша қаладағы қазақтардың аумақтық тұрағына, жасына, жынысына байланысты да орыс тілін пайдалануы жайлы зерттелген. Мәселен, жас аралығына қарай орыс тілін меңгерудің әр түрлілігі байқалады делінген. Егде жастағы адамдар орыс тілін жалқы қолданса, ал жастар арасында орыс тілін кең ауқымда қолданады. Себебі, орыс тілін үйренген, жақсы меңгерген қазақ жастарының мәдениеті, сана-сезімі, болашағы зор деп түсіндірілген. Міне, сондықтан да қазақ жастары өз ана тіліне менсінбеушілікпен қарап оны екінші орынға қояды. Бұл жөнінде біз, М.М. Копыленко, С.Т. Сайна еңбектерінде мына сөздерінен аңғара аламыз «Культурный и образовательный уровень казахов с каждым годом повышается, степень взаимодействия их с русским во всех сферах общественной жизни увеличивается» [2, с. 31]. Яғни, орыс тілін білу жастар арасында бірте-бірте көбеюде екенін көрсетеді. Сауалнама жүргізілген төрт облысты алып қарайтын болсақ: Қызылорда облысында орыс тілін 2,3%, қостілді 13,6%, Алматы облысында орыс тілін 7,4%, қостілді 48,6%, Көкшетау облысында орыс тілін 8,7%, қостілді 37,9 %, Семей облысында орыс тілі 10,0%, қостілді 43,0% меңгергендерін көре аламыз [2, 38 б].

Сондай-ақ, еңбектерді саралай келе, орыс тілінің жанұя арасында, достар арасында, күйеу мен әйел, ағасы мен інісі (туысқандар) арасында, бір-бірімен қос тілде (орыс-қазақ) сөйлеуін немесе достар арасындағы қарым-қатынас орыс тілінде жүргізілетінін көре аламыз. Орыс тілінің кең таралуы – әсіресе жоғарғы дәрежелі білімді жастар арасында көптеп байқалады. Мысалы, дәрігерлер, биологтар, геологтар мамандығындағы жастар арасында орыс тілін -38,8% меңгерсе, инженерлер, құрылысшылар арасында орыс тілін -37,7% меңгерген, ал мұғалімдер, ғалымдар, жазушылар арасында орыс тілін - 20,2 % қолданған [2, 43 б.].

Сонымен қатар, ауылдан қалаға келген жастар орыс тілін үйренудің бірден-бір көзі, орысша басылымдағы көркем әдебиеттер мен газеттер оқу деп санайды. Осы жайлы М.М. Копыленко С.Т. Сайна еңбектерінде төрт облысты қарастыру барысында

анықтап көрсеткен. Мәселен, Қызылорда көркем әдебиетті қазақ тілінде оқу 97,0%, орыс тілінде 0,0%, қос тілде 3,0%. Алматы көркем әдебиетті қазақ тілінде 75,3%, орыс тілінде 1,2%, қос тілде оқу 17,2%. Көкшетау көркем әдебиетті қазақ тілінде оқу 84,4%, орыс тілінде 0,0%, қос тілде 15,6% құрайды. Семей көркем әдебиетті қазақ тілінде оқу 62,7%, орыс тілінде 1,5%, қос тілде оқу 35,8%-ды құраса, орташа есеппен барлығы көркем әдебиетті қазақ тілінде оқу 79,8%, орыс тілінде оқу 0,6%, қос тілде оқу 17,9% құрайды. Ал, газет оқу қазақ тілінде 83,1%, орыс тілінде оқу 0,0%, қос тілде 16,0% болған. Алматыда газет оқу қазақ тілінде 48,2%, орыс тілінде оқу 18,5%, қос тілде оқу 33,3%. Көкшетауда қазақ тілінде 79,3%, орыс тілінде оқу 0,0%, қос тілде оқу 20,7%, Семейде газет оқу қазақ тілінде 38,9%, орыс тілінде оқу 14,9%, қос тілде оқу 46,2%. Орташа есеппен барлығы газет оқу қазақ тілінде 62,3%, орыс тілінде оқу 8,3%, қос тілде оқу 29,2% құрайды.

Жүргізілген сауалнамалық материалдар сараптамалары бойынша ауылдағы қазақтардың тұрған жеріне, жасына, біліміне, жынысына байланысты орыс тілін қолданады. Яғни, үшінші мәселеде ауыл қазақтарының орыс тілін меңгеруге деген құлшынысы артуда. Мәселен ауыл қазақтарының ішіндегі мектепке дейінгі балалар орыс тілін жақсы меңгерген. Орыс тілін меңгеру, жоғарыда айтып өткеніміздей, жас ерекшелігіне де байланысты болады. Жасы ұлғайған кісілер орыс тілін меңгеруді қажет етпеді, ал жастар керісінше орыс тілін меңгеруге ынтасы арта түсуде екені сараптама нәтижелерінен көре аламыз. Нәтижесінде орыс тілін білу деңгейі «жақсы», «орташа», меңгерілгені айқындалды. Мәселен, сауалнама барысында «высшее естественнонаучное 23,60%, высшее техническое 21,80%, высшее гуманитарное 14,20%, незаконченное высшее 9,65%, среднее специальное образования 7,27%, среднее образование 4,90%, незаконченное среднее образование 1,77%» делінетін сандық мәлімет келтіреді [2, 69 б.]. Көріп отырғанымыздай білім дәрежесіне қарай орыс тілінде сөйлеу, жазу, оқу еркін меңгерілген. Ауылда 5 жыл тұратын тұрғын қос тілді қолданса, ал 10-20 жыл тұратын тұрғын қазақ тілінде сөйлейді. М.М. Копыленконың зерттеу барысында қазақтардың ауылдағы жиналысы, жазуы, газет, көркем әдебиет, саясатқа араласу барысы былай көрсетілген: Орыс тілінде еркін хат жазу орташа есеппен - 6,92%, орташа - 54,12% ал, мүлдем жаза алмайтындар 38,62% құрайды. Жиналыс өткізу – орташа есеппен қазақ тілінде 54,1%, орыс тілінде 12,8%, қос тілде 31,9% құрайды. Көркем әдебиет оқу – орташа есеппен қазақ тілінде



94,40%, орыс тілінде 0,07%, қос тілде 4,80% құрайды. Газет оқу – орташа есеппен қазақ тілінде 77,2%, орыс тілінде 0,8%, қос тілде 20,7% құрайды [2, 78-79 бб.].

Міне, осылайша орыс тілі біртіндеп қазақ көркем әдебиетіне, қазақ көркем өнеріне, қазақ тіліне кіре бастады. Ғалымдар Ә. Таразидің «Бұлтқа салған ұясы» атты көркем әдебиетінен көптеген мысалдар келтірген. Мәселен;

«– Ну даешь, пап! – деп Раушан да, Талғат та қырсығып қалады» [2, 96 б.]. Сол сияқты орыс тілін егде жастағы кісілер арасында да пайдалану жиі көрініс алды. Мысалы, орыс қыз немесе орыс жігіт орысша «Здравствуйте!»-деп амандасса ұлты қазақ егде кісілер тілі келмесе де «Здрасти, Здрасти»,- деп жауап берудің өзі орыс тілін бірінші орынға қойғандығы болып саналады. Демек автор қазақ ұлттарының арасында орыс тілінің кең етек алуы жайлы осылайша нақты айғақтар келтірген.

Сондай-ақ қазақ ұлтының тілін, дінін, мәдениетін, дәстүрін терең зерттеген Н.Ж. Шаймерденова, Р.А. Авакованың «Язык и этнос» атты кітабы 2004 жылы жарық көрді. Бұл еңбекте: Этнолингвистикалық терминдер және категория; Қазақстандағы этнотілдік ландшафт; қазақ халқының тарихы; қазақ халқының материалдық мәдениеті және оның тілге әсер етуі; қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-дәстүрінің лингвомәдениеттік очеркісі; қазақ халқының рухани мәдениеті және оның тілге әсер етуі; қазақ ұлтының діни ұлттық мейрамдары; қазақ халқының әртүрлі шығармашылығы, ғалымдардың тіл және этносқа байланысты ғылыми еңбектері; Этнолингвистикаға қатысты ғалымдардың еңбектері және т.б. мәселелер қарастырылды.

Атап айтар болсақ, этнолингвистикалық терминдер және категория бөлімінде, негізінен этнографияға байланысты көптеген түсініктер берілген. Мәселен, этнография грек тілінен аударғанда *ethnos*-халық, *grapho*-жазамын – деген сөзден шыққан; этнолингвистика грек тілінен аударғанда *ethnos*-халық, *lingua*-тіл – деген сөзден шыққан; этнопсихология грек тілінен аударғанда *ethnos*-халық, *psyche*-жан, *logos*-ілім – деген сөзден шыққан. Этнопсихология грек тілінен аударғанда *ethnos*-халық, *psyche*-жан, *lingua*-тіл – деген сөзден шыққан; этнодемография грек тілінен аударғанда *ethnos*-халық, *demos*-халық, *grapho*-жазамын – деген сөзден шыққан; этнокультурология грек тілінен аударғанда *ethnos*-халық, *cultura*-мәдениет деген сөзден шыққан; этноэкология грек тілінен аударғанда *ethnos*-халық, *oikos*-үй шаруашылығы, *logos*-ілім – деген сөзден шыққан.

Қазақстандағы этнотілдік ландшафт бөлімінде автор негізінен қазақ атауының шығуына тоқталған және де Қазақстан жерінде қазақтардан басқа да өзге ұлттар да тұратыны жайлы атап көрсетілген. Мәселен, Қазақстанда 130 ұлт тұрады. 1999 жылғы санақ бойынша тұрып жатқан адам саны 14 млн. 820,9 мың адам. Олардың ішінде 2002 жылдың 1 қаңтарындағы санақ бойынша: қазақтар – 55,8%, орыстар – 28,3%, украиндар – 3,3%, немістер – 1,8%, татарлар – 1,6%, ұйғырлар – 1,4%, белорустар – 0,7%, корейлер – 0,7%, азербайжандар – 0,6%, түріктер – 0,6% және де басқа да халықтар – 2,6% құрайды. Сонымен қатар, Қазақстанда тұратын халықтардың тілдік қатынасын, қазақ тілінің шығуына және т.б. мәселелерге көптеп тоқталған.

Қазақ халқының тарихы бөлімінде яғни, қазақтың арғы атасы түркі халқының және түркі тілінің пайда болуы, түркі мәдениетінің, түркі әдебиетінің шығуынан бастап қазақ халқының, қазақ атауына дейінгі кезеңді зерттеген.

Қазақ халқының материалдық мәдениеті және оның тілге әсер етуі бөлімінде – XV ғасырдан бастап XXI ғасыр аралығындағы қазақтардың күнделікті қоланыста қоланып жүрген заттай мәдениетіне жеке-жеке тоқталған. Мәселен, Киіз үйдің құрылысына, онда төселетін төсеніш, жабдықтарға, қол өнер бұйымдарына, ұлттық киімдерге.

Қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-дәстүрінің лингвомәдениеттік очеркісі. Бұл бөлімде ғалым қазақ халқының діни әдет-ғұрыптарына (ырымдар мен нанымдар, діни рәсімдер мен мейрамдар), отбасылық той томалақтары мен жиындарына (үйлену той, бала тәрбиелеу, жерлеу салты), маусымдық халықтық мерекелеріне (жалпы халықтық тойлар, кәсіптік мейрамдар), және ұлттық тағамдарына (сүт, ет, сорпа, ұн, дән т.б.) тоқталған.

Қазақ халқының рухани мәдениеті және оның тілге әсер етуі бөлімінде – түркі тектес халықтың сонау заманнан келе жатқан өлең-жырлары, тақпақтары, ата-бабаларымыздың өсиет етіп қалдырып кеткен мақал-мәтелдері, нақыл сөздерінің осы кезеңге жетуі жайында баяндалған.

Қазақстан Республикасындағы әр-түрлі діни тармақтар және ұлттық діни мейрамдары бөлімінде – Қазақстан Республикасында жыл сайын діни секталар көбеюде екеніне толықтай мәліметтер келтірген. Автор осы діни секталардың барлығына түсініктер берген. Мәселен, егемендік алғаннан кейінгі жылдарды қарастырсақ, 1993 ж. барлығы – 977, 1995ж. барлығы – 1180, 1996ж. барлығы – 1503,

1997 ж. барлығы – 1642, 1998 ж. барлығы – 2100 әр-түрлі діни секталарды құрайды деген [3, 82 б.]. Сонымен қазақтардың діни мейрамдары яғни, Қадір түні (20 қазан), Мираджд (27 раджаба), Рамадан (6 қараша), Ораза мейрамы (5 желтоқсан), Арафа күні (21 ақпан), Мұхаммед пайғамбардың туылған күні (24 мамыр) т.б. (өзгеріп отыратындары бар).

Қазақ халқының әр-түрлі шығармашылығы, ғалымдардың тіл және этносқа байланысты ғылыми еңбектері бөлімі, қазіргі кездегі мұсылман халқының күнтізбесінің пайда болуына, ақын, сері, жыраулардың қазақ халқында алатын орнын және қазақ халқының ұлттық мейрамдары, ұлттық ойын-сауықтарын көсеткен. Қазақ халқы той жасаса немесе ұлттық мейрамдарында міндетті түрде ойын ойналатын болған. Атап айтар болсақ; аламан бәйге, сайыс, аударыспақ, көкпар тарту, жамбы ату (алтын қабақ), күміс алу, қыз қуу, ақ сүйек т.б.

Этнолингвистикаға қатысты көптеген ғалымдардың еңбектері бөлімінде қарастырған, Махмұд Қашғари, А.А. Потебня, В. Гумбольдт, Л.Н. Гумилев, Э. Сепир, М.М. Копыленко сынды ғалым-дардың еңбектеріне жеке-жеке тоқталған [3, 85 б.].

Біз жоғарыда атап өткеніміздей авторлардың еңбектері қазіргі таңдағы қазақ тілінің этностар арасында қолданылуы жайлы баяндалған. Қазақ тілінің Кеңес өкіметі кезеңіндегі жағдайын біз М.М. Копыленко, С.Т. Сайнаның еңбектерінен көре аламыз.

Осы еңбекте авторлар орыс тілінің қазақ халқы арасындағы таралуына оның қызметіне тоқталған. Алайда бұл кітап тоқырау жылдырында жазылғандықтан тілдік ахуалға бір жақты баға беріп, орыс тіліне әліде болса артықшылықтар берілуін қолдайды.

Ал, Н.Ж. Шаймерденова, Р.А. Авакованың еңбектеріне қазіргі таңдағы қазақ ұлтының әдет-ғұрыптарына, салт-дәстүрлеріне, қазақ тілінің жағдайына статистикалық мәліметтер келтіре отырып, артықшылықтыр мен кемшіліктері көрсетілген.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Хасанов Б.Х. Ана тілі - ата мұра. - Алматы: Жазушы, 1992. – 272 б.
2. Копыленко М.М., Сайна С.Т. Функционирование русского языка в различных слоях казахского населения. Алма-Ата: Наука, 1982 - 112 с.
3. Шаймерденова Н.Ж., Авакова Р.А. Язык и этнос. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 248 с.

# Түйіндеме

## Казахстан XXI века

*Алмас Арзикулов – заведующий отделом КИСИ при Президенте РК*

Статья посвящена одной из основных идей, озвученных в Послании Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 17 января 2014 года. Президент поручил разработать и принять патриотический акт «Мәңгілік Ел», в котором были поставлены великие цели во благо народа, и призвал все политические партии, общественные объединения, всех казахстанцев активно участвовать в работе по достижению главной цели Стратегии-2050.

## **Kazakhstan of the XXI century**

*Almas Arzikulov – Head of Information and Publishing Department, KazISS under the President of RK*

The article is dedicated to one of the main ideas expressed in the Address of the President of the Republic of Kazakhstan N.A.Nazarbayev to the people of Kazakhstan on January 17, 2014. The President has entrusted to develop and adopt a patriotic act «Mangilik El» with the great objectives for the welfare of the people, and called on all political parties, public associations, all Kazakhstan people to actively participate in efforts to achieve the main goal of the Strategy-2050.

## **Казахстанско-британское партнерство**

*Лазат Нурсултанова – Профессор кафедры регионоведения ЕНУ им. Л. Гумилева, доктор исторических наук*

В статье рассматривается становление и развитие двусторонних отношений в политико-дипломатической, торгово-экономической и гуманитарной сферах. Огромное значение для наших отношений имеют визиты Главы государства в Великобританию, в ходе которых были подписаны стратегические документы. Англия является одним из ведущих инвесторов в отечественной экономике, английский капитал присутствует в энергетическом секторе. Между Казахстаном и Великобританией построены многосторонние отношения по многим ключевым аспектам сотрудничества, что служит интересам обеих стран.

## **Kazakhstan – British Partnership**

*Lazat Nursultanova – Professor of the Department of Regional Studies at L.N.Gumilyov Eurasian National University, Doctor of Science (History)*

The article considers the establishment and development of the bilateral relations in political and diplomatic, trade and economic, as well as humanitarian, spheres. Official visits of the Head of State to the Great Britain are of a great importance for our relationship. Documents of strategic nature were signed during these visits. The UK is one of the largest investors in the domestic economy of Kazakhstan having its share primarily in the energy sector. There are a number of projects to boost cultural relations as well.

## **Общественно-политическая роль СМИ**

*Асел Толамисова – магистрант ЖГУ имени И. Жансугурова*

В статье рассматривается общественно-политическая роль СМИ в формировании общественного мнения по тому или иному событию, происходящему в обществе. В современном мире, где методы и виды передачи информации во многом зависят от уровня развития коммуникационных технологий, СМИ являются одними из распространенных форм политического участия в решении проблем общества.

## **Public and Political Role of Mass Media**

*Assel Tolamisova – Master's Degree Student, Zhetysu State University after I.Zhansugurov*

The article considers public and political role of the media in shaping public opinion on a particular event occurring in society. In today's world, where the methods and types of information transfer are largely dependent on the level of development of communication technology, mass media is one of the most common forms of political participation in solving the problems of society.

## **Блоггинг как форма политического участия**

*Мухтарбек Шайкемелев – заведующий отделом политологии Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор философских наук*

*Ермек Токтаров – научный сотрудник отдела политологии Института философии, политологии и религиоведения МОН РК*

В настоящей статье поднимаются вопросы, связанные с влиянием интернет-технологий на современную политическую деятельность. С их помощью государственные деятели, политики и обычные граждане на разном уровне проявляют политическую активность. Наиболее распространенной формой политического участия в сети Интернет становится ведение блога. Блоги нередко используются для распространения материалов экстремистского содержания, мобилизации масс на нелегальные формы выражения политического протеста.

## **Blogging as a Form of Political Activism**

*Muhtarbek Shaykemelev - Head of Political Science Department, Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies, Ministry of Science and Education of Kazakhstan, Doctor of Sciences (Philosophy)*

*Ermeke Toktarov - Research Fellow, Department of Political Science, Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies, Ministry of Science and Education of Kazakhstan*

The article raises the issues of the Internet's effect on contemporary political activity. Blogging is regarded as the most common form of political participation in the Internet. The authors, however, urge that blogs are often used for distribution of extremist materials, mobilization of masses to illegal forms of political protest.

**Маркетинг и агропроизводственный комплекс***Мадина Махмутова* – докторант КазЭУ имени Т. Рыскулова

Статья посвящена проблемам маркетинга и вопросам эффективности использования маркетинга в сельском хозяйстве. Автор обосновывает принципы инвестиционной государственной аграрной политики, направленной на финансовую поддержку сельского товаропроизводителя, рассматривает факторы, влияющие на маркетинговую деятельность АПК, мероприятия регионального уровня и модели организации маркетинговой деятельности.

**Marketing and Agricultural and Industrial Complex***Madina Makhmutova* – PhD Student, KazEU after T.Ryskulov

The article is devoted to the problems of marketing and the effective use of marketing in agriculture. The author justifies the principles of the investment state agrarian policy aimed at financial support of agricultural producers, examines the factors affecting the marketing activities of agricultural and industrial complex, regional-level activities and models of marketing activities organization.

**Развитие транспортно-транзитного потенциала Казахстана как фактор обеспечения экономической безопасности***Евгений Хон* – старший научный сотрудник отдела экономических исследований КИСИ при Президенте РК

В статье рассматриваются перспективы развития транспортно-транзитного потенциала Казахстана, в частности железнодорожных и автомобильных путей, имеющих наибольший удельный вес по количеству перевозимых грузов, и влияние данного потенциала на обеспечение экономической безопасности и устойчивости развития Республики Казахстан.

**Development of Transport and Transit Potential of Kazakhstan as a Factor of Economic Security***Yevgeniy Khon* –Senior Research Fellow, Economic Studies Department, KazISS under the President of RK

The article touches upon the prospects of development of transport and transit potential in Kazakhstan, namely the railways and motor roads, as they are the principle means for transportation of goods in Kazakhstan. Therefore, the proper maintenance and development of the transport infrastructure has crucial importance for economic security and sustainable development of Kazakhstan.

**Общественная деятельность С. Садвакасова***Толкын Ауелгазина* – заведующая кафедрой «Воспитание и социализация личности» Института повышения квалификации педагогических работников по Алматинской области, филиала АО НЦПК «ӨРЛЕУ»

Статья посвящена периодам общественной деятельности видного казахского ученого начала XX века Смагула Садвакасова. По мнению автора, жизнь и деятельность С. Садвакасова является отличным примером для молодежи в служении во благо своего народа и любви к своей нации.

**S.Sadvakassov's Public Activity**

*Tolkyn Auyelgazina – Head of Education and Socialization of Personality Department, Institute of Teacher Training in Almaty Region, Branch of JSC NCPC ORLEU*

The article is devoted to the periods of social activity of Smagul Sadvakassov - a prominent Kazakh scientist of the early twentieth century. According to the author, the life and work of S. Sadvakassov is a great example for young people in service for welfare of the people and love for the nation.

**Жизнь в селе в годы Великой Отечественной войны  
(на основе материалов экспедиции)**

*Куралай Кожыханова – научный сотрудник Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова КН МОН РК*

В данной статье рассматриваются трагические страницы истории аула Казахстана: голод, коллективизация, тяжелые годы Второй мировой войны и послевоенных лет. Статья написана на основе экспедиционных материалов.

**Life in the Village during the Great Patriotic War  
(on the basis of expedition materials)**

*Kuralai Kozhakhanova – Researcher, institute of History and Ethnology after CH.Valikhanov, SC MES RK*

This article discusses the tragic pages of the history of the village in Kazakhstan: famine, collectivization, the difficult years of World War II and post-war years. The article is written on the basis of expedition materials.

**Население города Алматы: социально-демографическая структура 20–30 годов XX века**

*Дария Асымова – докторант КазНПУ имени Абая*

Развитие рыночных отношений во всех странах СНГ сопровождается изменениями социально-демографической структуры населения, что предполагает необходимость исследования этих изменений, для выявления уровня качества жизни, и оценки влияния факторов и их последствий. При определении пути демографического развития в настоящем и будущем возрастает значение учета особенностей социально-демографической структуры населения в прошлом. Город Алматы является и являлся самым крупным городом страны, поэтому познать социально-демографическую структуру населения города Алматы 20–30-х годов XX столетия было актуально как сейчас, так и в рассматриваемый период.

**Population of Almaty: Social and Demographic Structure in 1920-1930 of the XX Century**

*Dariya Assymova – PhD Student, KazNPU after Abai*

Development of the market relations in the CIS countries is accompanied by the changes in socio-demographic structure of population, which suggests the necessity to study these changes and their consequences for the level and quality of life, to identify and assess the impact of the factors that determine them. Analysis of the socio-

demographic structure of population is an important condition for the development of fundamental trends of social-economic and demographic policies.

While determining the way of demographic development in the present and future, the importance of the records for socio-demographic structure of population in the past increases. Almaty was and is the largest city in the country. Therefore it is important to know the socio-demographic structure of population in Almaty in 1920–30-ies of XX century today, as well as in the considered period.

### **Институциональные виды дискурса в аспекте гендерной нейтральности**

*Халида Нурсеитова* - кандидат филологических наук, доцент языкознания, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, профессор РАЕ

В данной статье демонстрируются методы формирования гендерной компетентности посредством преподавания гендерно-чувствительных курсов в высших учебных заведениях.

### **Gender Neutrality in Institutional Types of Discourse**

*Khalida Nurseitova* - Docent, Associate Professor in Linguistics Professor of Russian Academy of Natural Sciences L.N. Gumilyov Eurasian national University

This article is about gender neutrality in institutional types of discourse. Gender Competence is developed by means of teaching Gender-sensitive Courses and in this work the approach is shown how the students are taught using innovative methods of learning.

### **Изучение этноязыковых процессов в Казахстане**

*Мугазима Досымова* – преподаватель Казахского государственного женского педагогического университета

В статье рассматриваются труды как отечественных этнолингвистов советского периода М.М. Копыленко, С.Т. Саиной, так и независимого Казахстана, представленные работами Н.Ж. Шаймерденовой и Р.А. Аваковой. При этом особое внимание уделено анализу различных аспектов этноязыковых процессов в трудах перечисленных ученых.

### **The Study of Ethno-Linguistic Processes in Kazakhstan**

*Mugazima Dossymova* – Lecturer, Kazakh State Women’s Pedagogical University

The article considers the works of domestic ethno-linguists of the soviet period, as well as of independent Kazakhstan, M.M. Kopylenko, S.T. Saina, which are presented by the works of N.Zh. Shaimerdenova and R.A. Avakova. A special attention is paid to the analysis of different aspects of ethno-linguistic processes in the works of above-mentioned scientists.